

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**АХАТ Н.А., СЕРКЕШБАЕВА Г.Н.,
БЕЙСЕМБИНА А.Е., КАЗБЕКОВА Н.С.**

МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

*0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне
арналған өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары
бойынша оқу құралы ретінде әзірленді*

Астана, 2018 ж.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.2
М 36

Мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту: Оқу құралы / Н.А. Ахат, Г.Н. Серкешбаева, А.Е. Бейсембина, Н.С. Казбекова. – Астана: «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018.

ISBN 978-601-333-499-8

Оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарының «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 КМ сәйкес әзірленді. Оқу құралын әзірлеу барысында 05 КМ құрастыратын бағдарламалары зерттеліп, талдау жасалды.

Оқу құралында мәнерлеп оқудың теориясы мен техникасын меңгерте отырып, әртүрлі жанрдағы әдеби шығармаларды нақышына келтіріп оқуды жаттықтыруға арналған теориялық білімнің толық ақпараты қамтылған.

Еңбекке мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыратын шығармашылық тапсырмалар мен жаңартылған білім мазмұнына негізделген «Әдебиеттік оқу кітабы» бойынша түрлі жанрдағы шығармалар арқылы мәнерлеп оқу қабілетін дамытуға арналған практикалық жұмыстар енгізілген. Бұл оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.2

Рецензенттер:

Жәмбек С. Н. – Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің филология кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты;

Халхабай Т. – Көкшетау қаласы, С. Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің бастауыш сыныптарының жоғары санатты мұғалімі;

Ілияс Д. Н. – Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі.

«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданды, 26.09.2018 ж. №2 хаттама

©«Холдинг «Кәсіпқор» КЕАҚ, 2018 ж.

Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
I. БӨЛІМ. ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗ	
1-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ	
1.1. Мәнерлеп оқудағы тіл заңдылықтары.....	8
1.2. Мәнерлеп оқуда қолданылатын шартты белгілер.....	9
1.3. Мәнерлеп сөйлеудің тәсілдері және оның ерекшеліктері.....	9
1.4. Дауыс ырғағы.....	16
1.5. Сөйлеу қалпының әуені.....	19
1.6. Мәнерлеп оқуға, әңгімелеуге әзірлік	20
1-модуль бойынша глоссарий.....	31
2-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП СӨЙЛЕУ ТЕХНИКАСЫ	
2.1. Сөйлеу техникасы.....	33
2.2. Сөйлеу техникасын меңгерудің тиімді жолдары.....	34
2.3. Сөйлеу техникасын шыңдауға драматургиялық туындылардың әсері.....	35
2-модуль бойынша глоссарий.....	39
3-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУДАҒЫ ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ	
3.1. Тыныс алу мүшесінің құрылысы.....	40
3.2. Тыныс алу жүйесінің жұмысы.....	41
3.3. Дем алудың үлгілері.....	43
3.4. Дем мен дауыстың өзара байланыстары.....	43
3-модуль бойынша глоссарий.....	45
4-МОДУЛЬ. ДИКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ	
4.1. Дикция – дұрыс сөйлеудің басты кілті.....	46
4.2. Дикциямен іс жүзінде жұмыс істеу.....	46
4.3. Дикцияның ашықтығы мен тазалығы.....	47
4.4. Оқудағы дауыстың маңызы.....	48
4-модуль бойынша глоссарий.....	50
5-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУДАҒЫ ТІЛДІК АППАРАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
5.1. Дұрыс әдеби тіл.....	51
5.2. Дауысты дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппараттың жағдайы.....	54
5.3. Дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппараттың жағдайы.....	56
5-модуль бойынша глоссарий.....	59
II БӨЛІМ. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР	
1-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР	
1.1. Кешенді жаттығулар.....	60
1.2. Тілдік жаттығулар.....	68
1.3. Еріндік жаттығулар.....	68

1.4. Қыз балаларға арналған жаттығулар.....	69
1.5. Ер балаларға арналған жаттығулар.....	70
1.6. Сөйлеу қарқынын дамытуға арналған жаттығулар.....	72
1.7. Дауыс күшіне арналған жаттығулар.....	74
1.8. Дауыс биіктігіне арналған жаттығулар.....	78
1.9. Ерікті дем алуға арналған жаттығулар.....	79
1.10. Сөйлеу техникасын дамытуға арналған жаттығулар.....	80
1.11. Дем мен дауысқа арналған жаттығулар.....	82
1.12. Дикциясын жетілдіруге арналған жаттығулар.....	82
2-МОДУЛЬ. ТІЛДІ ЖАТТЫҚТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢЫЛТПАШТАР	
2.1. Тілдегі дыбыстарды анық айтуға арналған жаңылтпаштар.....	83
2.2. Буындарды айқын айтуға арналған жаңылтпаштар.....	85
2.3. Ұқсас сөздердің орнын алмастырмауға арналған жаңылтпаштар.....	88
2.4. Сөздердің мағынасын ажыратуға арналған жаңылтпаштар.....	92
2.5. Ағылшын тіліне жаттығуға арналған жаңылтпаштар.....	96
3-МОДУЛЬ. ӘРТҮРЛІ ЖАНРДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ	
3.1. Өлең сөзбен жазылған шығармаларды талдау жолдары.....	101
3.2. Мысал арқылы мәнерлеп оқу дағдысын дамыту жолдары.....	105
3.3. Ертегі арқылы мәнерлеп оқу қабілетін арттыру.....	107
3.4. Әңгімені талдау арқылы мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.....	110
ІІІ БӨЛІМ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР	
1-МОДУЛЬ. ЕРТЕГІНІ ТЕАТР ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗУ ТӘСІЛДЕРІ	
1.1. Саусақ театры.....	112
1.2. Қуыршақ театры.....	116
1.3. Сахналық қойылым.....	123
2-МОДУЛЬ. МУЛЬТИМЕДИА АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР	
2.1. Ертегі мен аңыз-әңгімелер.....	133
2.2. Шағын әңгімелер.....	134
2.3. Сюжетін ойдан құрастырып жазылған ертегілер мен мультхикаялар.....	137
2.4. Сюжетті суретпен жұмыс.....	143
Қорытынды.....	147
Пайдаланылған әдебиеттер.....	149

АЛҒЫ СӨЗ

«Мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту» атты оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген білім беру бағдарламасының 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігіне сәйкес модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыруды жүзеге асыру» кәсіптік құзыреттілігінің «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» кәсіптік модуліне негізделі отырып әзірленді. Бұл оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне арналған.

Оқу құралында мәнерлеп оқу теориясына арналған отандық және ресейлік ғалымдардың ой-пікірлері сараланып, жеке тұжырымдар келтірілген. Бұл студенттер үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдарының толық ақпараттық мәліметін құрайды. Оқу құралы мазмұндық құрылымына қарай негізгі мынадай үш бөлімнен тұрады:

1-бөлімде мәнерлеп оқудың теориялық негіздері толық қамтылған. Бұл бөлім мазмұндық құрылымына орай 5 модульге құрылған.

2-бөлімде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес негізделген «Әдебиеттік оқу» кітабы бойынша түрлі жанрдағы көркем шығармалар арқылы мәнерлеп оқу қабілетін дамытуға арналған әртүрлі практикалық жұмыстар енгізілген. Бұл бөлім 3 модульге құрылған.

3-бөлім мазмұнына сай 2 модульге негізделген және мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыратын шығармашылық тапсырмалар жиынтығы қарастырылған.

Оқу құралының мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, жеке тұлға қалыптастыру.

Оқу құралының міндеттері:

- бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша көркем шығармаларды мәнерлеп оқу арқылы сөйлеу техникасын меңгерту;
- жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу материалдарын таңдай және сұрыптай отырып, дикциямен жұмыс түрлерінің қыр-сырын ұғындыру;
- түрлі жанрдағы шығармалар арқылы дем алу үлгілерін қолдана отырып, тыныс алу жүйесінің жұмысын қалыптастыру;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша сахналық қойылым ұйымдастыра отырып, образ сомдау шеберлігін арттыру;
- шағын әдеби мәтіндер арқылы мәнерлеп оқу тәсілдерін қолдана отырып, көркем шығармаларды нақышына келтіріп оқуға үйрету;
- оқу материалына сәйкес шығарма авторының шығармашылық ғұмырнамасын, шығарма мазмұнын, тақырыбын, идеясын, көркемдік ерекшеліктерін аша отырып, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру арқылы шығармашылық қабілетін дамыту.

Әрбір ұстаз өз сабағында теориялық біліммен қатар практикалық және шығармашылық жұмыстардың түрлерін жүйелі түрде жүргізіп отырса, кез

келген баланың бойына мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастырып, шығармашылық қабілетін де дамыта алады. Осыған орай, оқу құралында мәнерлеп оқудың теориясымен қатар поэзия, проза, драма, ертегі, мысал жанрындағы көркем шығармаларды нақышына келтіріп оқуға машықтануға арналған практикалық және шығармашылық тапсырмалар жиынтығы берілген.

Сөз өнерінің биік шыңы – поэзия. Поэзия – еркін сөйлейтін жай сөз тіркестері ғана емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынатын нақтылы сөздердің тізбегі. Өлеңдердегі әрбір сөз адамның жан дүниесінен, көңіл-күйінен, сезім толқындарынан туады. Өлеңдегі әрбір тыныс, үн, үзіліс адам жанына әсер етеді. Өлеңнің әрбір ырғағы мен бунағында терең сыр ұялап, сезім шалқып жатады. Буырқанған нәзік сезім мен саналы ақыл үндестігін бір арнаға тоғыстыру және негізгі идеясын өз ой елегінен өткізе отырып жеткізу шығармашылық шабыттан туындайды. Сондықтан, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру үшін алдымен поэзия жанрынан бастаған жөн. Осыған орай, оқу құралында бірнеше ақынның өлеңдері арқылы мәнерлеп оқуға машықтанудың түрлі жолдары берілген.

Ертегі – фольклордың негізгі түрлерінің бірі. Ертегінің барлығына тән ерекшелік: бұлар бұрынғы өткенді қиялмен ұштастыра болжайды, сюжеті көркем әңгіме түрінде болып келеді. Ертегінің айрықша мәні, құндылығы оның халық тұрмысымен байланысты болуынан, ойлау, сөйлеу, баяндау өзгешелігінен, халық арманы мен мүддесін көрсетуінен айқын танылады. Ертегінің бүгінгі күнге дейін халықпен бірге жасасып келе жатқан өміршеңдігінің құпиясы да осында жатыр.

Осыған орай, ертегілер арқылы мәнерлеп оқуға жаттықтыру үшін саусақ театры, көлеңке театры, қуыршақ театры арқылы жүйелі жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Сондай-ақ, ертегілерді бейнематериалдар арқылы көрсете отырып, оқиға желісін түбегейлі өзгертіп, қайтадан өздеріне құрастыртып, нормалы дауыс ырғағына сай мәнерлеп оқытудың тиімді жолдары осы оқу құралында қарастырылған.

Проза – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Мұнда сөз ырғағы еркін, байыпты, әдебиеттегі тілдік нормаға сай сөз саптау қалпына сәйкес келеді. Прозалық шығармаларды оқығанда сөздің ішіндегі, не болмаса, сөздің аралығындағы дыбыстар бір-біріне әсер етіп отырады. Яғни, бір-бірінің ыңғайына көніп, өзгеріп айтылуы да мүмкін. Сондықтан да, дыбыс үндестігін сақтап сөйлеп тұрған адамның құлағына жағымды естіліп, сөзіне әуенді үн береді. Бағдарламадағы прозалық шығармаларды мәнерлеп оқуға жаттыққаннан соң, түрлі шығармашылық тапсырмалар беруге болады.

Мысал – әдебиеттің басқа да жанрлары секілді, адамзаттың рухани әлемінде үлкен рөл атқарады. Қоғамдағы жағымсыз болмыс, адам бойындағы ұнамсыз мінез-құлық, әділетсіздік пен тәртіпсіздікті сынап, келемеж етіп, одан бойын аулақ салуды насихаттайды. Мысалды да мәнерлеп оқуға мультимедиалық қондырғылар арқылы әзірлеп, дауыс ырғағына сай оқытуға

болады. Мұндай жұмыстың түрі баланың қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылық қабілетін дамытары сөзсіз.

Сюжетті суреттермен жұмыс жасау сөйлеу техникасын қалыптастырып, рухани құндылықты арттыра түседі. Сюжетті суреттерге жан бітіру арқылы жүргізілетін практикалық жұмыс түрлерінің маңыздылығы зор. Сюжетті суреттің көлемі теледидар көлеміндей болуы шарт және мәнерлеп сөйлеу тәсілдерін толық сақтауы қажет. Сол суретке ойдан әңгіме құрастыру керек. Бұл шығармашылық жұмыстың басты талабы – сюжетті сурет арқылы көрерменіне теледидар көріп отырғандай күй кештіру. Осы арқылы сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы, логикасы да жақсы дамиды.

Түрлі тақырыптарға негізделген мультимедиалық жұмыстар – нормалы дауыс ырғағын сақтайтын, образға шынайы ене алатын, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыратын басты құрал. Мұндай жұмыстар жеке тұлғаның ішкі сырына, көңіл-күйіне, психологиясына терең үңілтіп, жан сарайына енуіне жол ашады. Сонымен қатар, рухтандырады, шабыт сезіміне бөлейді, студенттің индивидтен тұлғалық деңгейге өсу, жетілу, қалыптасу кезеңіне зор көмекші болады.

Оқу құралы 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген білім беру бағдарламасының 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 кәсіптік модулінің «13) Балалар әдебиетін меңгеру, бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем шығармаларды мәнерлеп оқу тәсілдерін қолдану» оқыту нәтижесіне бағытталған.

I БӨЛІМ. ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗ

1-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1.МӘНЕРЛЕП ОҚУДАҒЫ ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Қазақ тілі – шұрайлы, көркем әрі бай тіл. Басты мәселе – оқушының соны дұрыс пайдалана білуінде. Ана тілінің тіл сұлулығын сезбеген адам өзге тілдің де сұлулығын сезінуі мүмкін емес. Қазақ тілінің де басқа ұлттардың тілдері сияқты жалпыға ортақ түрлі заңдылықтары мен ерекшеліктері бар. Ол заңдылықтардың бір бөлігі сөздерді дұрыс таңдай біліп, оны орнымен жұмсауға қатысты.

Біріншіден, лексикалық заңдылық. Мұны грамматикалық заңдылық деп те атайды. Яғни, сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлемдерді дұрыс құрастыра білуге негізделген.

Екіншіден, орфоэпиялық заңдылық. Бұл – дұрыс айту. Заңдылықтардың бәрінің де тіл үшін бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Тілдің орфоэпиялық қағидалар функциясының кеңеюі сөздерді дұрыс айту ғана емес, оған қосылатын қосымшаларды да, жалпы сөйлемдегі сөздерді дұрыс құрау, тиісті дауыс екпінін өз орнында қолдана білу сияқты түрлі мәселелерді де қамтиды.

Қазақша тілдің айтылу орфоэпиясын, яғни, ғасырлар бойы қалыптасқан тәртібін сақтап үйренсек қана әдеби тілдің таза үлгісін тыңдарманға дауысты мәнерлі жеткізіп, анық, таза тілде сөйлеп, ана тіліміздің байлығын арттыра түсер едік.

Дикция, тыныс, орфоэпия – ауызекі сөздің интонациялық заңдылықтары, міне, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды қырлары. Сөздің ашық, анық, таза айтылуы, сөз сөйлегенде отыз екі тістің арасынан анық әрі таза шығуы ауыз аппараттарының үлкен дайындығын қажет етеді.

Ауыз аппараттарына ерін, тіл, тілшік, тіс, таңдай, жұтқыншақ шымылдықтары, желбезек, өңеш, мұрын қуыстары және өкпе қабыршағы жатады. Әр тілдің өзіне тән дыбысталу заңдылықтары – сол тілді дербес етіп тұратын тілдің ерекшеліктері. Ол ерекшеліктер дұрыс сақталмаса, сол тілдің табиғатына нұқсан келеді. Мысалы, алдыңғы сөз а, е, ы, і сияқты дауысты дыбыстарға аяқталып тұрса, ритмика жағынан сол сөзбен тұтасып айтылатын келесі сөздің қ, к дыбыстары ұяндап, ғ, г дыбыстарына айналады. Мысалы, бағзы күннен – [бағзыгүңнөн], Астана қаласы – [Астанағаласы], Бәйтерегі күшті – [Бәйтерегігүштү]. Сол сияқты орфоэпиялық сөздер екінші сөздің басында келген дауысты дыбыстарда өзінің алдындағы қ, к, п дыбыстарын жұмсартады, яғни, ұяндатып жібереді. Еңбекақы – [еңбегақы], көк ала – [көгала] болып айтылады.

1.2. МӘНЕРЛЕП ОҚУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- Логикалық екпін / _ ' /
- Қысқа кідіріс – бір таяқша / I /
- Орташа кідіріс – екі таяқша / II /
- Ұзақ кідіріс – үш таяқша / III /
- Тез оқу – ирек сызық / ~~~~ /
- Баяу, созыңқы оқу – үзік сызық / - - - /
- Дауысты қаттырақ шығару / ———> /
- Дауысты бәсеңдету / <———— /
- Көтеріңкі дауыс /↑/
- Төменгі дауыс /↓/
- Бірсарынды оқу (монотонды) /- - ->/
- Сөзді қосып оқу / ^ ^ /

1.3. МӘНЕРЛЕП СӨЙЛЕУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1-сызба. Мәнерлеп сөйлеу тәсілдері



Сөз сазы (интонация)

Сөз сазы – сөйлеудің мәндік, эмоциялық нақыш бояуы. Ол көркемсөз орындаушыларының ішкі сезімін, ойын білдіретін көркем образдарды бейнелеуге көмектесетін алуан түрлі дауыс реңі.

Сөз сазы тыңдаушыларға көркем шығарманың мәнін ашып беруге көмектеседі. Сөз сазы адамның эмоционалдық көңіл-күй реңіне байланысты түрленіп шығатындықтан, оның естілу сазы да құбылып шығады.

Сөз сазы – күрделі құбылыс. Оның компоненттеріне сөздің естілу әуені (дауыстың көтерілуі, бәсеңдеуі), сөйлеу қарқыны, логикалық екпін жатады.

Шығарма неғұрлым сезімге құрылған образды болып келсе, соғұрлым оқылу интонациясы да алуан түрлі болады. Оқыған, әңгімелеген әдеби шығармаларын тартымды жеткізу үшін, оны мән-мәнеріне, нақышына келтіріп айтып беруі керек. Егер әңгіме сылбыр, бірсарынды, жалған интонациямен айтылса не оқылса, балалар оны көңіл қойып тыңдамайды. Сондықтан, мұғалім алдына қойған мақсатына жете алмайды.

Күнделікті сөйлеу барысында адамдар арасында, үлкен мен кішілердің, бала мен баланың арасындағы қарым-қатынас дауыс ырғағы арқылы сан алуан түрленіп, ойын дәл, әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді. Дауыс сазын сөйлеуші өз мақсат-мүддесіне бағындыра сөйлейді. Үлкен жиындарда, дәрісханаларда сөйлеген үгітшілер мен ұстаздардың басты мақсаты – тыңдарман жүрегіне жол табу, тыңдаушысын ұйыта тыңдату. Соның бәрі сөз, сөйлем мағынасын, айтпақ ойын сөз сазы арқылы жеткізеді.

Ой екпіні (логикалық екпін)

Сөйлемдегі айтылатын ойдың мәніне қарай бір сөзді айырықша даралап айтамыз. Ол ой екпініне ие болады да, ерекше әуенмен естіледі. Мұндай екпінді **логикалық екпін** дейді.

Логикалық екпін мәтінді мәнерлеп, эмоциялық нақышпен оқуға үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, логикалық екпінді қою үшін мәтінді жіті қарап, талдап, мазмұнын жақсы білу қажет.

Екпін түскен сөз дауыстың көтеріңкі шығып не бәсеңдеуі, қарқынның баяулауы, кідірістер жасалуы арқылы дараланады. Кідіріс екпін түскен сөздің алдынан, соңынан, болмаса алды-артынан бірдей қойылуы мүмкін. Бұл тәсілдер бөліп-жармай бір-бірімен ұштасып келеді. Айталық, екпін түскен сөз дауыстың көтеріңкі айтылып барып, баяулап шығуымен немесе екпінді сөз алдынан дауысты бәсеңдете шығарып, кідіріс жасау жолымен де даралауға болады. Осындай тәсілдердің көмегімен екпін түскен сөз сөйлемдегі басқа сөздерге қарағанда әлдеқайда мәнді болып ерекшеленеді.

Шығарма мәтіндегі әрбір сөйлем белгілі бір ойды хабарлап, сұрау мағынасында немесе сан алуан көңіл-күй құбылысын білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн-мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни, логикалық екпін түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшелеу оқылып, тыңдаушы назарын сол сөздегі дауыс сазы арқылы аңғартады. Логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаны мәтіндегі сөз ыңғайына қарай анықталады. Жалпы сөйлем ішіндегі негізгі ойды білдіретін сөз не сөз тіркесі логикалық екпінге ие болады.

Сөздің логикалық мәнерлілігі ойдың тыңдаушыға бұрмалаусыз, айқын, толық жеткізілуіне негізделеді. Логикалық мәнерліліктің негізгі құралдары: логикалық кідіріс, логикалық екпін және логикалық әуез.

Логикалық екпіннің орнын анықтау үшін мәтіндегі сөздер арасындағы мазмұндық байланысты ажырату қажет.

Төменде келтірілген мысалдардан логикалық екпінді анықтаңыз:

1. Оқушылар жалынды әндер айтты.
2. Назым өзінің оқыған қызықты кітабымен бөлісті.
3. Көктемде бәйшешектер гүлдейді.

Кідіріс, оның түрлері

Сөйленген сөз ешбір толассыз шұбыртылып айтылса, онда сөйлемнің еш мағынасы болмайды. Сондықтан, сөз тізбегінің арасында белгілі бір үзіліс болады. Оны **кідіріс** деп атаймыз.


Кез келген әдеби шығармалардағы, газет-журналдардағы белгілі мәтінді баяндау тиісті жазылу техникасы жағынан да, сауатты оқылу жағынан да белгілі бірізділікпен қалыптасқан. Әрбір сөйлемдегі сөз мағынасын, сөйлемнің мағынасын сол арқылы тұтас мәтін мағынасын түсінуді, оқуды жеңілдету бір жүйеге келтірілген. Бұл жүйе осы кідіріс арқылы жүзеге асады.

2-сызба. Кідірістің құрамына қарай түрлері



Қысқа кідіріс сөз арасында қойылады, яғни, сөз арасында қысқа ғана үзіліс болады. Шартты белгісі – бір таяқша (I). Орташа кідіріс сөз тіркестерінен кейін немесе бірнеше сөздерден кейін қойылады. Сөз тіркестері мен бірнеше сөздерден кейін орташа ғана үзіліс жасап, қосымша ауа жұтады. Шартты белгісі – екі таяқша (II). Ұзақ кідіріс сөйлем соңында қойылады. Сөйлем аяқталғаннан кейін ұзақ үзіліс жасап, терең дем алады. Шартты белгісі – үш таяқша (III).

3-сызба. Кідірістің мағынасына қарай түрлері



Логикалық кідіріс. Ол сөйлемнің аяқталғанын білдіреді. Бір ойды аяқтап екінші ойға көшу немесе бүтін мәтіннің бір бөлімінен келесі бөліміне көшу жайлы емеурін білдіреді. Әрбір сөйлемде айтылатын ойға қазық болып, қалған сөздер соған байланысты болып тұратын жеке сөздер, сөз тіркестері бар. Ол сөздер басқа сөздерден сәл көтеріңкілеу оқылып, тыңдаушы назарын өзіне аударады. Сөйлемдегі негізгі мағына қай сөзге, қай сөз тіркесіне түсіп тұрғанын дауыс кідірісі арқылы жеткізуге болады. Ал, сөйлеу кезінде қай сөзге мағыналық кідіріс жасалатын болса, сол сөз көтеріңкілеу айтылады.

Психологиялық кідіріс. Психологиялық кідіріс адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән береді және өмірдегі құбылыстарды қолмен ұстағандай суреттеп, адамның жан дүниесіндегі ой мен сезім қайшылықтарына терең бойлауына септігін тигізеді.

Психологиялық кідіріс тыңдаушылардың көңіл-күйіне әсер ету үшін пайдаланылады. Психологиялық кідіріс әрбір сөйлеушінің толғаныс-тебіреністеріне байланысты болып келеді. Бұл көркемсөз орындаушының хабарлап тұрған жайтқа деген өз көзқарасын, айтылмақ сөз тәркініне, сөз астарына және мазмұн-мағынасына, ондағы қатысатын кейіпкердің іс-әрекетіне, оның көңіл-күйінің құбылуына байланысты оқылады. Мәтінге дұрыс психологиялық кідіріс жасалып оқылғанда, тыңдаушы ерекше назар аударып, одан әрі не болатынын тағатсыз күтеді. Кейде шығарма кейіпкерімен қосыла қуанып, қосыла ренжиді. Психологиялық кідіріс мәтін мазмұнына лайықты жасалған жағдайда тыңдаушының алған әсері ұзаққа созылады.

Грамматикалық кідіріс. Мәнерлеп оқуда көп қолданылатын әрі жиі кездесетін кідірістер – **грамматикалық кідіріс** деп аталады. Қазақ тілінде онға тарта тыныс белгілері бар. Тіліміздегі сөйлемдерді сауатты жазу осы

тыныс белгілерін дұрыс қоюға тікелей байланысты. Ал, оқу кезінде де осы тыныс белгілерінің жеке-жеке мағыналарын түсініп, дұрыс оқу қажет. Оқу барысында сөйлемдегі сөздер арасына ешқандай тыныс белгілері қойылмаса да, сөз бен сөздің, сөз тіркестерінің арасына кідіріс жасала береді.

Нүкте – сөйлем аяғында қойылатын, яғни, хабарлы сөйлемді аяқтап тұратын грамматикалық белгі. Сөйлем оқылып келе жатып аяқталуға жақындағанда немесе нүктеге жақындағанда кідіру кілт тоқталмай, сөйлем соңындағы сөз немесе сөз тіркесі баяу созылыңқырап оқылады. Сонда ғана дұрыс, тереңірек тыныстап алуға, екінші сөйлемді толассыз жалғастырып кетуге мүмкіндік жасалады. Егер де нүктеге жасалатын кідіріс кілт, кенеттен, тез жасалынса, сөйлем мен сөйлемнің ара-жігі ажыратылмай, жаңа сөйлем алдыңғы сөйлемге қосақталып, сөйлем мағынасының дербестігі сақталмай қалады.

Леп белгісі – бәрімізге белгілі көңіл-күйдің құбылысын білдіретін, сөйлем аяғына қойылатын белгі. Лепті сөйлемдердің мағынасы баяндауыш формаларына да байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сонымен бірге, сөйлем ішінде адамның ішкі сезімдерін білдіретін одағай, қаратпа, қыстырма сөздердің келуі арқылы да сөйлем мағынасы өзгеріп отырады. Ол өзгеріс дауыс құбылысы арқылы оқу, сөйлеу кезінде айқындала түседі. Оқу кезінде сөйлем аяғындағы тыныс белгісінің осы түрі қалай оқылуға тиіс, дауысты қалай қойып, сөйлемді қалай аяқтау керек дегенге назар аудару қажет.

Көп нүкте де – сөйлем аяғында қойылатын белгі. Ол сөйлемдегі ой белгілі бір себептермен аяқталмай қалғанда және кенет үзіліп қалғанда қойылады. Ал, оқу, сөйлеу кезінде көп нүкте қойылған сөйлемге кенет тоқталып үзіліс жасалады. Сол кезде тыңдаушы ой аяқталмағанын, оқушы немесе сөйлеуші, белгілі себеппен әрі қарай жалғастырмағанын түсінеді де, жалғасын өз ойымен топшылайды.

Көп нүкте – мағынаға байланысты қойылатын белгі. Ол, негізінен мынадай жағдайларға байланысты қойылады:

❖ Өлең немесе прозалық мәтіннен кейбір сөз немесе кейбір тармақ түсіп қалса;

❖ Алынған нақыл сөзден сөз немесе сөйлем түсіп қалған жағдайда;

❖ Айтылмақшы ой желісі әртүрлі себептермен аяқталмағанда;

❖ Бір сөз бірнеше рет қайталанған жағдайда болмаса сөйлеуші сөйлеп келе жатып, сөзінің арасында айтарлықтай кідіріс жасаса;

❖ Көп нүкте қойылатын сөйлем сұраулы не лепті болып келсе, әуелі сұрау не леп белгісі, одан соң қатарынан екі нүкте қойылады;

❖ Кісі сөйлеп келе жатып айтайын деген сөзі есіне түспей ұмытып қалса, соны кенеттен еске түсіргенде;

❖ Санамалап айтылып жататын кейбір пікірлердің барлығын айта бермей, олардың кейбіреуін айтып жатудың артық екендігін білдіру үшін.

Үтір – сөйлем ішіндегі сөз арасында көп қолданылатын, атқаратын қызметі мол белгі.

1. Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді ажыратып тұрады;

2. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасын ажыратады;

3. Оңашаланған айқындауыш мүшелерді ажыратуға қойылады;

4. Одағай, қаратпа, қыстырма сөздерді ажыратады т.б.

Ритмикалық кідіріс. Поэзия жанрына байланысты қойылатын кідіріс те бар. Ол ырғақты кідіріс, яғни, **ритмикалық кідіріс** деп аталады.

Қазақ өлеңінің дауыстап оқылуында өзіне тән кідірістер болады. Ол – бунақ, тармақ, шумақ кідірістері. Бунақ – әрбір өлең жолындағы сөз немесе сөз тіркестерінен кейін қойылатын белгілі бір үзіліс. Тармақ – әрбір өлең жолынан кейін тоқталатын үзіліс. Шумақ – бір ойдың аяқталғанын білдіретін үзіліс.

Сөйлеу қарқыны


Жолынан кейін тоқталатын үзіліс. Шумақ – бір ойдың аяқталғанын білдіретін үзіліс. Сөйлеу қарқыны мәнерлеп оқудың бір элементі, көркем шығарманың бояуын, реңін білдіреді. Шығарманың мазмұнына орай баяу да, жедел де бола береді.

Дауыс қарқынын дұрыс пайдалана білгенде оқылатын немесе сөйленетін сөзге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге ойнақылық, шат көңілділік, солғындық пен баяулық сияқты сан түрлі сипатта құбылтуға мүмкіндік береді. Басқа да мәнерлегіш тәсілдермен тығыз байланысты орындалып, бірін-бірі толықтырып шығарма мазмұнын сөйлеушінің тыңдаушыға әсерлі жеткізуіне мүмкіншілік жасайды. Сондықтан, сөйлеу қарқыны орындаушының айтпақ ойымен тікелей байланысты.

Мысалы, кез келген ертегілерді оқи бастағанда баяу созыңқырап, асықпай, бірқалыпты дауыс қарқынымен оқылады. Сол арқылы әңгімелегелі отырған оқиғаның өте ертеде өтіп кеткені сезіліп тұрады да, бала таныс емес бір ғажайып сезімнің құшағына еніп бара жатқанын сезбей қалады. Сонымен, дауыс қарқынын кез келген шығарма кейіпкерлерінің сөзін оқып талдау арқылы түсінуге болады.

Дауыс күші

4-сызба. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері



Хабарлы сөйлем, оның интонациялық ерекшелігі

Хабарлы сөйлемнің мазмұны әртүрлі болады. Олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, мүшелердің, әсіресе, баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты. Баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты оқылу (айтылу) сазы да ылғи бір сарынды бола бермейді. Ол саз сөйлемнің айтылу мақсатына байланысты шықпақ.

Бір сөйлем мен екінші сөйлемнің межелі жігі кідіріс арқылы айырылып тұрады. Балаларға арналған көлемі шағын әңгіме, ертегі тек хабарлы сөйлемнен ғана баяндалуы ықтимал. Хабарлы сөйлем көтеріңкі дауыспен басталып, баяу дауыспен созылықырап аяқталады.

Сұраулы сөйлемнің оқылу ерекшелігі

Сұраулы сөйлем біреуден жауап алу мақсатымен айтылады да, дауыс сөйлемнің аяғына қарай біртіндеп күшейе түсіп тынады. Сұраулы сөйлемдерде күшті дауыс ырғағы сұрау есімдіктеріне немесе сұраулы шылауларға түседі.

- Сен бүгін театрға **бардың ба?**
- Айша мектептен **қашан** келді?
- Үйге келген ақсақал **кім?**

Сұраулы сөйлем интонациясы екі түрге бөлінеді.

1. Лексика-грамматикалық тәсілдермен жасалған сұраулы сөйлем.

Мысалы: – Ертең кел.

– Ертең?

2. Интонация арқылы жасалған сұраулы сөйлем.

– Көкшеге Президент келді.

– Президент?

Лепті сөйлемнің оқылу ерекшелігі

Айтушының түрлі көңіл-күйін білдіру мақсатымен айтылған сөйлемді лепті сөйлем дейміз. Мұның мағыналары: қуану, ренжу, аяу, өкіну, шаттану, жабырқау, мадақтау тағы басқа мәнде беріледі де, айтылу әуені өте асқақ, көтеріңкі болады, ерекше эмоциялық сезіммен жеткізіледі.

Лепті сөйлемнің жасалуына ерекше интонациямен бірге түрлі одағай сөздер, демеуліктер қатысады. Мысалы: пай-пай, ей, бәрекелді, уа, алақай, -ақ, -да, -де, -та, -те. Лепті сөйлемді мәнерлеп оқуда, айтуда ескеретін бір жайт, дауыс ырғағының жоғарлауы, сөйлемдегі одағай сөздердің орналасу тәртібіне де байланысты болмақ.

Бұйрықты сөйлемнің айтылу ерекшелігі

Біреуге бұйыру не бір нәрсені талап ету мақсатымен айтылатын сөйлемді бұйрықты сөйлем дейміз. Бұйрықты сөйлем үндеу, шақыру, іске қосу, өтіну, кеңес беру, тілек ету мағыналарында айтылып, сөйлем соңында нүкте қойылады. Тілек не талап еткен сөз көтеріңкі дауыспен оқылып, сөйлемнің соңы бәсең дауыспен аяқталады. Ал, бұйыру мақсатында айтылса, сөйлемнің соңы көтеріңкі дауыспен аяқталады.

Дауыс биіктігі

Дауыс биіктігін өзгерту қалыпты мазмұндауды (өте төмен дауыстарда) қобалжулы сөйлеуден, салтанатты пафостан (нақты белгілі бір мәнерлеп оқушыға арналған мүмкіндігінше жоғары дауыста) ажыратуға мүмкіндік береді.

Дауыс биіктігінің өзгеруін дауыс реңін құруға қатысатын резонаторлардың (кеуде қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы) ауысуы арқылы сезуге болады.

Резонаторлардың жұмысын төмендегі сипаттамалардан аңғаруға болады: ауаны шағарғанда МММИ-МММЕ-МММА-МММО-МММУ деп бір нотада айтыңыз. Егер сіз төменгі нотаны алсаңыз, төменгі резонаторда (көмейде) дыбыс дірілін байқайсыз, егер жоғарғы нота алынса, дауыс мұрын қуысында өте қатты сезіледі. Тонның биіктігінің өзгеруін төмендегі жаттығулар арқылы орындауға болады.

1.4. ДАУЫС ЫРҒАҒЫ

Дауыс ырғағы – сөйлеудің сахналық бояуы. Толығырақ айтсақ, көркемсөз оқушы кейіпкердің көңіл-күйі мен ішкі сезімін, жан дүниесін тыңдаушыға сан алуан дауыс реңі арқылы жеткізуі.

Көркемсөз оқушы дауыс ырғағын құрайтын негізгі элементтерді жете меңгеру қажет. Олардың ең негізгілері: сөйлеу буыны, екпін қоя білу, тіркес

екпіні, сөйлеу қалпының әуені, оқудың әсерлі болуы (тембрі), нормалы дауыс ырғағы. Мұның бәрін тыңдарманына өзінің даусы арқылы жеткізеді.

Резонатор – артикуляциялық қызметті жақсарту үшін жаттығулар кешенін жасау барысында мынадай талдау жасап, бұлшық ет сезінуін есте тұтқан жөн:

1. Буын жүйелерін айтуға дағдыланған кезде, яғни, басты қимылдату кезінде мойын еттерді, желкені, алқымды бос ұстау керек;

2. Дыбысты қалыптастыруға машықтану кезінде мұрын төңірегінде, маңдай сүйекте және кеуденің жоғарғы бөлігіндегі тербелісті дер кезінде сезіп-байқау.

Күнделікті сөйлеу мен көркем шығарманы, кез келген мәтінді оқуда, сөйлеп айтуда сөздердің дұрыс айтылып оқылуы мен естілуі екпін қоя білуге де байланысты. Өйткені, сөйлеу барысында сөздерді айтудағы бөлшектеніп шығатын ауа толқыны бірқалыпты айтылмай, сөз ішіндегі бір буын өзгелерге қарағанда күштірек немесе көтеріңкі айтылады. Осы көтеріңкі айтылатын буынды **екпін түскен буын** немесе **екпін** деп атайды. Барлық тілдегі сөздерге екпін түседі. Түркі тілдеріндегі екпін дауыс құйылысының қарқынымен айтылуына байланысты дем екпіні болып бөлінеді. Қазақ тілінің екпіні де осыған жатады. Дем екпіні тұрақты, тұрақсыз болып екіге бөлінеді. Тұрақты екпін қазақ тілі мен басқа тілдерде кездеседі. Екпіннің тұрақты болуы сөз мағынасын өзгертпейді, бірақ сөздердің құбылып айтылуына, сөз ішіндегі дыбыстардың сапасына әсер етеді.

Алайда, қазақ тіліндегі барлық қосымшалар екпінді бірдей қабылдай бермейді. Екпін қабылдамайтын қосымшалар да бар. Оны айту мен оқу кезінде дұрыс ажырата білген жөн.

Мысалы:

✚ Екпін қабылдамайтын қосымшаларға жіктік жалғауы жатады:

-мын, -мін, -сың, -сің...

✚ Етістіктің болымсыздық мағына тудыратын жұрнақтары:

-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе

✚ Есім сөздеріне жалғанып теңеулік ұғым тудыратын:

-дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары


✚ Етістіктің түбіріне жалғанып өтініш, тілек мағынасын білдіретін:

-шы, -ші жұрнағы

Тіркес екпіні (фразалық екпін)


Қазақ тіліндегі сөздерге қойылатын сөз екпіні әр сөздегі буын санына байланысты болса, тіркес екпіні немесе фразалық екпіндер – сөйлем ішіндегі сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне байланысты қойылатын синтаксистің объектісі. Сөйлемдегі сөздер жеке-жеке ұғымдарды білдірсе, сөз тіркесі олардың бір-бірімен грамматикалық қарым-қатынасқа түсетінін білдіреді.

5-сызба. Сөз тіркестері



Еркін сөз тіркесін қарапайым түрде айтар болсақ, тіркеске енген сөздер тобы бағыныңқы, басыңқы болып сабақтаса байланысады. Тіркестегі сөз тізбегінің орнын ауыстырып, құбылтып айтуға бола береді. Сөз тіркесі мен күрделі сөздер бар. Сөз тіркестеріне кіретін сөздер жеке тұрғанда толық мағыналы, жеке сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады. Күрделі сөз тіркесіне бір-бірімен ажыратуға келмейтін, сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын тіркестер жатады. Алайда, сөйлеу барысында сөз тіркестерінің барлығы да тұтас, бір екпінмен, бір дауыс құйылысымен оқылады.

Олар:



1.5. СӨЙЛЕУ ҚАЛПЫНЫҢ ӘУЕНІ

Дауыс ырғағының бір бөлігі ретінде сөйлеу қалпының әуені де мәнерлеп оқу кезінде оқуға қойылатын талаптардың бірі ретінде қарастырылады. Сөйлеу қалпының әуені деп мәтінді оқу кезінде дауыс ырғағының бірде төмендеп, бірде көтеріліп мәтіннің мағынасына қарай құбылып отыруын айтамыз.

Әрбір тілдің өз табиғатына байланысты сөйлеу әуені, сөйлеу әуенін түзейтін дыбыс заңдылығы бар. Қазақ тілінде сөз бен сөзді айырудың басты өлшемі – дыбыс, дыбыс сөз мағынасын өзгертеді. Дауыс ырғағының жоғары-төмен болуына, дыбыстардың бір-біріне әсер етуіне жағдай жасайды.

Сонымен бірге, сөйлеу қалпының әуенін тиісті тыныс белгілерінің мағынасына лайық оқуды **нормативтік дауыс ырғағы** деп те атап жүр. Әдеби тіліміз грамматикалық ережелер мен нормалардың негізінде қалыптасады. Күні бүгінге дейін белгілі нормадан ауытқушылық та кездесіп отырады. Көркем шығарма кейіпкерлерінің сөйлеу мен іс-әрекетіне сай, дәуіріне сай грамматикалық тұлғалардың ауытқуы мүмкін. Ал, көркем мәтіндерді оқуда оның мағынасын түсініп, тиісті жерінде кідіріс жасау, дауыс ырғағын дұрыс қою тыныс белгілеріне де тікелей байланысты.

Нормалы дауыс ырғағы тиісті тыныс белгісінің мағынасын ескеріп, құбылтып, түрлендіріп оқуға себеп болады. Сөйлеу қалпының әуені мәтіннің, сөйлемдердің мазмұн-мағынасына қарай бірде жоғарылап, бірде төмендеп, бірде орташа қалыпқа түсіп отырады. Бірыңғай төмен әуенмен, керісінше үнемі тек жоғары әуенмен, болмаса ылғи орташа әуенмен оқылатын сөйлемдер болуы мүмкін емес.

Дауыс ырғағын түзейтін бөліктердің әсерлі бөлшегінің бірі – дауыстың әсерлі де нақышты болуы. Сөйлегенде немесе дауыстап оқығанда үннің эмоциялық бояуын түрлендіріп, тыңдаушының делебесін қоздыратындай дауыс нақышын түзеу оқылатын шығарма мазмұнына тікелей байланысты. Сондықтан, әрбір оқушы немесе тыңдаушы оқылатын шығарманы мазмұн-мағынасы, стилі мен тәрбиелік маңызы жағынан талдап, жан-жақты дайындықтан өткізіп барып оқығанда ғана әсерлі оқылады. Шығарма мазмұнын терең түсініп, көз алдына елестетіп тұрып, шығармашылық шабытпен оқылатын көркем шығарма кім-кімді де бей-жай қалдырмайды.

Мәтіндерді оқуда, әңгімелеуде сөздердің буындарының атқаратын рөлі де ерекше. Кез келген мәтінді оқуда немесе әңгімелеу үстінде балаларға анық та ашық дауыспен жеткізу үшін сөз буындары сәл созылыңқы оқылуы тиіс.


Сөйлеу буынын екпінмен шатастыруға болмайды. Екпін сөздің бір буынына ғана түседі. Ал, сөзде бірнеше буын болады. Сол буын құрайтын әрбір дауысты дыбысты аз да болса созыңқырап айтса, дауыс сазы да әсерлі, әуезді шығады.

1.6. МӘНЕРЛЕП ОҚУҒА, ӘНГІМЕЛЕУГЕ ӘЗІРЛІК

Кез келген көркем шығарманы мәнеріне келтіріп оқу немесе әңгімелеп беру оңай емес. Оған уақыт та керек, төзімділік те керек, жалықпау да керек. Бұл мәнерлеп оқудың негізгі алғышарттары болып табылады. Осыған орай, мәнерлеп оқу мен әңгімелеуге арналған әзірлік кезеңдеріне тоқталып өтейік.

1-сурет. Мәнерлеп оқу кезеңдері

Шығарманы мәнерлеп оқу негізгі мынадай төрт кезеңге бөлінеді:



Шығарманы талдау

Шығарманы талдай білу – мәнерлеп оқу үшін аса бір қажет жайт. Шығарманы талдай отырып автордың айтайын деген ойын, кейіпкерлерге, іс-оқиғаға көзқарасын байқауға болады. Сөйтіп, мәнерлеп оқу, әңгімелеп беру мақсатын шеше алады.

Көркемсөз оқушы ол үшін, алдымен, жазушының өмірбаянын, дүниетанымын, оның өмір сүрген кезеңінен және оқылатын шығарманы жазған дәуірінен хабардар болуға тиіс. Содан кейін барып шығарманың сюжетін, құрылысын құрастыру және кейіпкерлерге мінездеме беру керек.

Көркем шығарманың тақырыбы – шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жай-жағдайлардың бағыт-бағдары. Ал, идеясы – шығармадағы берілетін негізгі ой түйіні. Яғни, әдеби шығармада өмірдегі түрлі жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы да аңғарылады. Шығарманың идеясын түсінбей тұрып, оны әңгімелеу, мәнерлеп оқу мүмкін емес.

Көркем шығармалар әрқашан сюжетті болып келеді. Сюжет – көркем шығарма мазмұнын құраушы оқиғаның белгілі бір жүйесі. Шығарманың сюжетін білу мәнерлеп оқуға даярлық жүргізу үшін қажет. Шығарманың мазмұнын жете түсінбей, оларға көз жібермей, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, қарым-қатынасын, жай-жапсарын айқын біліп алмай, мәнерлеп оқушы, әңгімелеуші тыңдаушыға оның сюжетін жеткізе алмақ емес.

Кез келген шығарманың белгілі композициясы болады. Туындының композициясын талдай білуі шарт. Сонда ғана көркемсөз оқушы шығарманың маңызды, қажетті жеріне тыңдаушылардың құлағын түре алады, ол арқылы шығарма мазмұны ашылады да, идеясы мен сюжетін жақсы түсінуге көмегін тигізеді.

Шығарма оқиғасы түсінікті, айқын болу мақсатын көздеп, автор оқырманды кейіпкерлермен, олардың арасындағы қарым-қатынастарын оқиға желісі басталмас бұрын таныстырып алады.

ШЫҒАРМАНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

6-сызба. Композициялық құрылым



Кейіпкерлерді, олардың арасындағы қарым-қатынасты іс-әрекет басталмас бұрын алдын ала сипаттау **экспозиция** деп аталады.

Экспозиция – көркем шығармада оқиға дамып өрбитін орынды, ортаны, ол оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді сипаттап, алғаш оқушыға таныстыру. Экспозиция негізгі оқиға желісінің шиеленісіне тікелей

байланысты болмай, соған кіріспе эпизод ретінде өз алдына оқшалау тұрады. Себебі, ол оқиғаның, тартыстың басталуы емес.

Экспозиция қоңырқай үнмен, хабарлау сазымен, байсалды дауыспен оқылып, тыңдаушылардың назарын өзіне аударып алуы керек. Кез келген шығарманың бәрінде бірдей экспозиция бола бермейді. Олардың көбі бірден оқиға байланысынан да басталуы мүмкін. Яғни, жазушының өз стиліне, шеберлігіне байланысты.

1-кесте. Көркем шығарманың композициялық құрылымына талдау

Оқиға байланысы	Көркем шығармадағы негізгі оқиғаның іс-әрекетпен басталуы.
Оқиға дамуы	Әдеби шығармадағы оқиғалардың астасып, жалғасуы, яғни, әрі қарай жүзеге асуы, өрбуі.
Оқиғаның шиеленісуі	Сюжеттегі тұтасып, дамып келе жатқан оқиғаның шым-шытырық кедергілермен шиеленісіп қалуы, кейіпкерлердің әртүрлі қиындықтарға тап болуы.
Оқиғаның шарықтау шегі	Көркем шығармадағы негізгі ойдың ең биік шыңына жеткен жері. Оқырман немесе тыңдаушы енді не болады деген түрлі психологиялық күй кешеді.
Оқиғаның шешімі	Әдеби шығармадағы әртүрлі кедергілерге тап болып, шиеленісіп қалған оқиғалардың шешімін табуы.
Оқиғаның аяқталуы	Көркем шығармадағы оқиғаның аяқталуы, яғни, шығарманың соңы.

Сондықтан, шығарманың аяқталуын оқығанда дауыс баяулап барып, ұзақ кідіріс жасау қажет. Мұндағы мақсат – орындаушылар естігенін ой елегінен өткізіп, алған әсерлерін қорытындылау үшін жағдай туғызу. Кейде оқиға шешімінен соң эпилог беріледі. Эпилогта негізгі сюжет аяқталғаннан кейінгі болған оқиғаны сипаттайды.

Егер шығарма бірнеше эпизодтардан құралған болса, оны мәнерлеп оқу алдында бөліктерге бөлу қажет. Шығарманың әрбір бөлігі аяқталған бір эпизодты білдіруі тиіс және келесі эпизодты жалғастыруда ұзақ кідіріс жасау керек. Мұндай кідіріс – алдыңғы оқиғаны ойда қорытып алып, келесі эпизод оқиғасын тыңдатуға даярлау деген сөз.

Шығарманың әр бөлігін талдай отырып, оның негізгі ойын таба білу, кейіпкердің әрекетін, мінез-құлқын дұрыс бағалауға көмегін тигізеді. Әр бөліміне тақырып берген пайдалы.

Мәнерлеп оқуға дайындалғанда шығарманың жанрлық ерекшелігін есте сақтаған дұрыс. Өйткені, қара сөзбен жазылған шығарма мен өлеңмен жазылған шығарманың оқылу ерекшелігі бар. Өлең оқу ырғақпен

байланысты. Сондықтан, ол мақаммен оқылады. Ал, қара сөзбен жазылған шығарма сөйлеу сазымен оқылады.

Мәнерлеп оқуға дайындық кезінде шығарманың тіл ерекшелігіне көңіл бөлу қажет. Өте көркем, бейнелі, ұйқасты тіркестерге, өткір сөзге назар аударып оқу керек. Түсініксіз сөздерді де балаға ұғындырып беру қажет. Түсіндірудің түрлі жолы бар. Кейде оқып келе жатқанда, түсініксіз сөздің синонимін қатар айту арқылы (сәйгүлік, жүйрік) не тексеріп оқып болған соң, түсіндіруге де болады. Шығарманың тілін талдау арқылы көркемсөз оқушы өзінің сөйлеу тілінің мәдениетін арттырады, жақсы әңгімелеуші болып шығады.

1-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Мәнерлеп сөйлеу тәсілдерінің саны

- A. Алты
- B. Төрт
- C. Бес
- D. Үш
- E. Жеті

2. Сөйлем ішінде бір сөздің ерекше дараланып айтылуы

- A. Логикалық екпін
- B. Қарқын
- C. Сөз сазы
- D. Кідіріс
- E. Дауыс биіктігі

3. Кідірістің мағынасына қарай түрлері нешеге бөлінеді?

- A. Төрт
- B. Үш
- C. Екі
- D. Бес
- E. Жеті

4. Кідірістің құрамына қарай түрлері нешеге бөлінеді?

- A. Үш
- B. Төрт
- C. Бес
- D. Алты
- E. Жеті

5. Мәнерлеп оқуға, әңгімелеуге әзірлік кезеңдері нешеге бөлінеді?

- A. Төрт
- B. Бес
- C. Алты
- D. Жеті
- E. Сегіз

6. Логикалық екпіннің шартты белгісі

- A. '
- B. //
- C. ///
- D. /
- E. ~~~~

7. Орташа кідірістің шартты белгісі

A. //

B. -----

C. /

D. ///

E. ~~~~

8. Қысқа кідірістің шартты белгісі

A. /

B. ///

C. //

D. ~

E. -----

9. Сөзді қосып оқудың шартты белгісі

A. ~

B. -----

C. ///

D. ~~~~

E. /

10. Тез оқудың шартты белгісі

A. ~~~~

B. -----

C. ///

D. //

E. /

11. Ұзақ кідірістің шартты белгісі

A. ///

B. --- >

C. /

D. ~~~~

E. //

12. Төменгі дауыстың шартты белгісі

A. ↓

B. /

C. ///

D. --- >

E. -----

13. Баяу оқудың шартты белгісі

A. ---

B. /

- С. ---->
- Д. //
- Е. ///

14. Дауысты қаттырақ шығарудың шартты белгісі

- А. —→
- В. ///
- С. ---
- Д. ---->
- Е. //

15. Дауысты бәсеңдетудің шартты белгісі

- А. ←
- В. ///
- С. /
- Д. ↓
- Е. //

16. Бірсарынды оқудың шартты белгісі

- А. ---->
- В. /
- С. ///
- Д. ↑
- Е. //

17. Көтеріңкі дауыстың шартты белгісі

- А. ↑
- В. ↓
- С. —→
- Д. //
- Е. /

18. Шығарманың ең шыңына жеткен жері.

- А. Шарықтау шегі
- В. Шиеленісуі
- С. Шешімі
- Д. Дамуы
- Е. Өрбуі

19. Шығармадағы шым-шытырық оқиғалар

- А. Шиеленісуі
- В. Дамуы
- С. Өрбуі
- Д. Шарықтау шегі
- Е. Шешімі

20. Шығармадағы іс-әрекеттің әрі қарай жүзеге асуы.

- А. Дамуы
- В. Өрбуі
- С. Шиеленісуі
- Д. Басталуы
- Е. Шарықтау шегі

21. Толғаныс-тебіреністерді білдіретін кідірістің түрі

- А. Психологиялық
- В. Логикалық
- С. Ырғақты
- Д. Грамматикалық
- Е. Ұзақ

22. Сөйлеудің мәндік, эмоциялық нақыш бояуы.

- А. Сөз сазы
- В. Логикалық екпін
- С. Дауыс күші
- Д. Кідіріс
- Е. Қарқын

23. Образ тегі мен түріне қарай нешеге бөлінеді?

- А. Үш
- В. Төрт
- С. Бес
- Д. Алты
- Е. Жеті

24. Образ әдіс-тәсілдеріне қарай нешеге бөлінеді?

- А. Екі
- В. Үш
- С. Төрт
- Д. Бес
- Е. Жеті

25. Адамның кескін-келбетін, сыртқы пішінін суреттеу

- А. Портрет
- В. Образ
- С. Кейіптеу
- Д. Сюжет
- Е. Композиция

26. Көтеріңкі дауыспен басталып, бәсең дауыспен аяқталатын сөйлемнің түрі

- А. Хабарлы
- В. Сұраулы
- С. Лепті
- Д. Бұйрықты
- Е. Жай

27. Шығарманың мазмұнына орай баяу да, жедел де бола береді

- А. Қарқын
- В. Дауыс биіктігі
- С. Дауыс күші
- Д. Кідіріс
- Е. Ой екпіні

28. Сөйлем ішіндегі белгілі бір үзіліс.

- А. Кідіріс
- В. Логикалық екпін
- С. Қарқын
- Д. Интонация
- Е. Идея

29. Үндестік заңы нешеге бөлінеді?

- А. Үш
- В. Алты
- С. Төрт
- Д. Бес
- Е. Жеті

30. Тыныс белгіге байланысты кідірістің түрі

- А. Грамматикалық
- В. Логикалық
- С. Психологиялық
- Д. Бірғақты
- Е. Ритмикалық

31. Дыбыс үндестігі нешеге бөлінеді?

- А. Үш
- В. Төрт
- С. Бес
- Д. Алты
- Е. Жеті

32. Сөйлем ішінде бір сөздің көтеріңкі айтылуы

- А. Ой екпіні
- В. Дауыс күші
- С. Дауыс биіктігі

- Д. Қарқын
- Е. Дауыс ырғағы

33. Кідірістің мағынасына қарай бөлінуі

- А. Логикалық кідіріс
- В. Қысқа кідіріс
- С. Орташа кідіріс
- Д. Ұзақ кідіріс
- Е. Кідіріс

34. Кідірістің құрамына қарай бөлінуі

- А. Орташа кідіріс
- В. Психологиялық кідіріс
- С. Ой кідірісі
- Д. Грамматикалық кідіріс
- Е. Ырғақты кідіріс

35. Мәнерлеп оқуға, әңгімелеуге әзірлік кезеңдерінің саны

- А. Төрт
- В. Алты
- С. Жеті
- Д. Сегіз
- Е. Тоғыз

36. Мәнерлеп оқудың бірінші кезеңі

- А. Автордың айтайын деген ойын түсіну
- В. Әрбір сөзге мән беру
- С. Шартты белгісін қою
- Д. Диктофонға жазып алып тыңдау
- Е. Жіберген қателікті түзеу

37. Мәнерлеп оқудың екінші кезеңі

- А. Әрбір сөзге мән беру
- В. Автордың айтайын деген ойын түсіну
- С. Шартты белгісін қою
- Д. Диктофонға жазып алып тыңдау
- Е. Жіберген қателікті түзеу

38. Мәнерлеп оқудың үшінші кезеңі

- А. Шартты белгісін қою
- В. Әрбір сөзге мән беру
- С. Автордың айтайын деген ойын түсіну
- Д. Диктофонға жазып алып тыңдау
- Е. Жіберген қателікті түзеу

39. Мәнерлеп оқудың төртінші кезеңі

А. Жіберген қателікті түзеу

В. Әрбір сөзге мән беру

С. Шартты белгісін қою

Д. Кейіпкерлердің мінез-құлқын бағалау

Е. Автордың айтайын деген ойын түсіну

40. Шығармадағы шым-шытырық оқиғалар

А. Шиеленісуі

В. Дамуы

С. Өрбуі

Д. Шарықтау шегі

Е. Шешімі

1-МОДУЛЬ БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

2-кесте. Глоссарий

№		
1	Мәнерлеп оқудағы тіл заңдылықтары	The laws of language in expressive reading
2	Мәнерлеп оқуда қолданылатын шартты белгілер	Symbols used in expressive reading
3	Логикалық екпін _'	Logical emphasis
4	Қысқа кідіріс I	Short pause
5	Орташа кідіріс II	Medium pause
6	Ұзақ кідіріс III	Long pause
7	Тез оқу ~~~~	Fast reading
8	Баяу, созыңқы оқу - - -	Slow reading
9	Дауысты қаттырақ шығару →	Making the voice louder
10	Дауысты бәсеңдету ←	Making the voice quieter
11	Көтеріңкі дауыс ↑	High-pitched voice
12	Төменгі дауыс ↓	Slow voice
13	Бірсарынды оқу (монотонды) - - - →	Monotonously reading
14	Сөзді қосып оқу / ~	Read the words combining them
15	Мәнерлеп сөйлеудің тәсілдері	Ways of expressive reading
16	Сөз сазы (интонация)	Intonation
17	Ой екпіні (логикалық екпін)	Logical emphasis
18	Кідіріс (пауза)	Pause
19	Қарқын (темп)	Pace
20	Дауыс күші	Power of voice

21	Дауыс биіктігі мен ырғағы	Voice height and rhythm
22	Хабарлы сөйлем, оның интонациялық ерекшелігі	Message sentence, its intonational feature
23	Сұраулы сөйлемнің оқылу ерекшелігі	Features of the reading the interrogative sentence
24	Лепті сөйлемнің оқылу ерекшелігі	Features of the reading the exclamation sentence
25	Бұйрықты сөйлемнің айтылу ерекшелігі	Specifics of the command sentence
26	Логикалық кідіріс	Logical pause
27	Психологиялық кідіріс	Psychological pause
28	Грамматикалық кідіріс	Grammatical pause
29	Ритмикалық кідіріс	Rhythmical pause
30	Екпін қоя білу	The ability to put correct emphasis
31	Тіркес екпіні (фразалық екпін)	Phrase emphasis
32	Сөйлеу қалпының әуені және оқудың әсерлі болуы	Emotional reading
33	Мәнерлеп оқуға, әңгімелеуге әзірлік	Training for the expressive reading and exposition
34	Экспозиция	Exposition
35	Оқиға байланысы	Event connection
36	Оқиға дамуы	Development of the event
37	Оқиғаның шиеленісуі	Aggravation of the event
38	Оқиғаның шарықтау шегі	Culmination of the event
39	Оқиғаның шешімі	Decision of the Event
40	Оқиғаның аяқталуы	End of the event

яғни, диафрагма қозғалысқа түседі. Сонда еркін, терең тыныс алады. Қайтқан ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Мұның гигиеналық пайдасы зор.

2.2. СӨЙЛЕУ ТЕХНИКАСЫН МЕҢГЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Сөйлеу мәдениетімен қатар, сөйлеу техникасының да маңызы зор. Сөйлеу техникасы дегеніміз – әдемі үн, шыныққан дем, анық сөз. Сонымен қатар, мән-мағынамен байытылған сөйлеу техникасының өзі де – үлкен өнер.

Сөйлеу техникасы адамның ішкі жан дүниесін сөз құдіреті арқылы ашып, тек қана жаттап алу емес, терең оймен, үлкен сезіммен сезіну болып табылады.

Студенттерге жеңіл жаттап алатын әрі тез ұғынатын баяндау тәсілімен жазылған, диалогы аз, ойы тұжырымдалған түрлі жанрдағы шығармалардан беріледі. Көркем шығарманың құдірет күші оқырманының ішкі жан дүниесін оятады. Студентке пайдасы – оның ішкі есту қабілетін арттыруға және эмоциясын қалыптастыруға ықпал ететіндігінде.

Өлең – еркін сөйлейтін жай сөздер тіркесі ғана емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынатын нақтылы сөздердің тізбегі. Яғни, Абай айтқандай, «сөздің патшасы, сөз сарасы». Өлеңдегі әр сөз адамның жан дүниесімен, көңіл-күйімен, сезім толқындарымен тармақ пен бунақ та, шумақ пен ұйқас та – бәрі де осында туған. Өлеңдегі әрбір тыныс, үн, үзіліс адам жанына әсер етеді. Өлеңнің әр ырғағы мен бунағында көл-көсір сыр ұялап, сезім шалқып жатады. Өйткені, өлеңдегі әрбір дыбыстың мәні сөз мәнін әрі толықтырады, әрі ауыстырады.

Мәнерлеп оқуға ең қажеттісі дауыс техникасымен дұрыс жаттығу керек. Ол төмендегідей шығармашылыққа шындайды.

- ❖ Шығармашылық диапазонын кеңейтеді;
- ❖ Әрбір рөлді шебер етеді;
- ❖ Іштей белсенділікке және жігерлілікке үйретеді;
- ❖ Тіл мәдениетін толық меңгеруге мүмкіндік береді.

Мәнерлеп сөйлеу үлкен өнер болып табылады. Кейіпкердің ойын, жүрек сезімін, толғанысын өз сөзіндей етіп жеткізу, сөйлеу ережелеріне нұсқан келтірмей, драматургтың ой-тебіренісін айна-қатесіз көрермен құлағының құрышын қандырардай етіп жеткізу – ең қиын нәрсе.

Білімді әрі мәдениетті адамдар үшін бабына келтіріп дұрыс сөйлеу, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс әрі нақышына келтіріп айту мәнерлеп оқу үшін де сондай маңызды.

Ал, өз дауысын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мөлшерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, паузаға, дикцияға байланысты. Сөйлеу техникасын жете меңгерген адам драматург туындысының қасиетін, оның асыл құнарын тап басып жеткізуді қамтамасыз ете алады.

Дикция – тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары. Міне, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары.

Сөйлеген кезде сөздің ішіндегі, сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-біріне әсер етіп отырады. Яғни, бір-бірінің ыңғайына көніп, өзгеріп айтылуы да мүмкін. Сондықтан да, дыбыстар үндестігін сақтау сөйлеп тұрған адамның құлағына жұмсақ тиіп, сөзіне әуенді үн береді.

Проза – қазақ әдебиетінде кейінірек туған, бірақ, орасан зор шапшандықпен дамыған сала.

Көркем әдебиет тілі екі түрлі екендігі белгілі:

- Еркін құбылыстағы тіл, яғни, проза – тікелей, тура айтылған сөз;
- Белгілі бір тәртіпке бағынған, тізбекке түскен тіл.

Орындаушы мен кейіпкердің арасындағы алшақтық жойылып, қимылдары, күлгені және жылауы секілді көңіл-күйді білдіретін сәттері шынайы шығуы тиіс. Көркем шығарма болсын, өлең шумақтары болсын, олардың мәтіндерімен нақты және толық жұмыс істеу қажет. Өйткені, сөздерді айтқанда әртүрлі себептерден болып жататын қателіктер, сондай-ақ жайсыздықтардың бірі – қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтары тәртібінің бұзылуы болып табылады.

Ең қажеттісі – сөз техникасын меңгеру. Яғни, сөзбен жұмыс істеу. Дауысты және дауыссыз дыбыстармен жаттығулар жасау өте пайдалы. Мысалы, алдыңғы сөз дауысты дыбыспен аяқталатын болса, келесі сөздің басындағы дауыссыз дыбыстар ұяң дауыссыз дыбыстарға айналады.

Мысалы: Ай қабақ – Айғабағ,

Алматы қаласы – Алматығаласы.

Сөз басында келген дауысты дыбыстар алдындағы қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыз дыбыстарға жұмсартады. Сөйтіп, қатаң дауыссыздар ұяң дауыссыз дыбыстар болып естіледі.

Мысалы: Қожақұл – Қожағұл, Сексеуіл – Сегсеуіл.

Қазақ тіліндегі ұ, ү, о, ө еріндік дауысты дыбыстары сөз басында да, бірінші буында да, кейінгі буындарда да кездеседі. Олар ы, і, е езулік дауысты дыбыстары, ұ, ү, ө еріндік дауысты дыбыстарына жуықталып айтылады. Мысал келтіретін болсақ, өнер – өнөр, күшік – күшүг.

Екі сөзде немесе сөз тіркесінде дауысты дыбыстар қатар келсе, онда соңғы дауысты дыбыс алдыңғы дауысты дыбысты жұтып қояды.

Мысалы: Келе алмады – Келалмады,

Көре алмады – Көралмады.

2.3. СӨЙЛЕУ ТЕХНИКАСЫН ШЫҢДАУҒА ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті және халықтың көркем тарихы. Әдебиет пен өнер – өмірдің мектебі, шындықтың шежіресі және сәулетті болашақтың болжаушысы. Әдебиет пен өнер әрқашан қиян-кескі идеялық күреспен дамып, өрлеп келеді.

Сөз – сөз ішіндегі немесе сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі өздерінің ыңғайына көндіріп, сөйлеу мүшелерінің жұмысын жеңілдетеді, әртүрлі кедергілерді азайтуға септігін тигізеді.

Сахнада сөз сөйлеудің өзі – үлкен өнер. Біреудің ойын, жан сезімі мен толғанысын өз сөзіндей етіп, сөйлеу техникасын бұзбай, драматург ой тебіренесін айна қатесіз көрерменіне құлағының құрышын қандырардай етіп жеткізу қиынның қиыны екенін тыңдаушы кей-кейде елестете алмайды. Мәнерлеп оқудың ең басты құралы – сөз. Тебіренген ішкі толғанысыңды, асқақ сезімді көрермен қауымға жеткізер негізгі қару – бұл күдіретті сөз.

Драма – шындықты ерекше тәсілдермен қалпына келтіретін тартыстарды жинақтайтын, сол оқиғаларға қатысқан кейіпкерлердің сөздері мен іс-қимылын көрермендер алдына жайып салатын күрделі әрі қиын жанр. Драма грек тілінен аударғанда қимыл, іс-әрекет деген мағынаны білдіреді. Драмадағы ең шешуші кезең – талас-тартыс. Драмада оқиға желісі қиындықтарға толы болып, соңында оң шешімін табады.

7-сызба. Драма кезеңдері



Трагедия – өр тұлғалардың жаратылыстағы, жалпы өмір тіршілігіндегі адам жеңіп болмас үлкен кедергілер мен оның жан дүниесіндегі терең тебіреністерге құрылған сахналық шығарма. Трагедия грек тілінен аударғанда **күдіретті күш иесі** деген ұғымды білдіреді. Трагедиядағы оқиға қатерлі, қайғылы халден туындап тұтасады да, бас қаһарманның қазасымен, мұң-зарымен аяқталады.

Комедия – өмір құбылыстарының, мінез-құлықтың, іс-әрекеттің күлкілі жақтарын көрсету мақсатымен сахнаға лайықталып жазылған драмалық шығарма. Грек тілінен аударғанда сауық-сайран, күлкі деген ұғымды білдіреді.

Адам жаратылғаннан бері күлкі бар халықпен бірге жасап келеді. Тек әр заманның кескін-келбетіне қарай, халықтың әл-ауқаты, саяси жағдайына орай идеялық-көркемдік мазмұны да өзгеріп, түрленіп отырады. Қоғамның даму жолына орай сан алуан комедия жанрлары қалыптасты. Олар –

сатиралық, мінез-құлық комедиясы, тұрмыстық комедия, интригалық комедия, тәлім-тәрбие комедиясы, феериялық комедия.

Комедия – өмірдегі келеңсіз, керексіз құбылыстарды, адам бойындағы қасиетсіздікті, оспадарлықты, мінездегі мінді сықақпен сынап, келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса. Комедия қарапайым күнделікті өмірдің ұсақ-түйегін, кездейсоқ жайттарын суреттейді. Комедия бастан-аяқ түрлі күлкіге негізделген.

Сөз... «Таяқ еттен өтсе, сөз сүйектен өтеді» дейді халық. Бұдан өткір не бар! Бұдан мықты не бар! Енді құдіретті сөздің немен байланысты екендігіне толық тоқталып кетейік.

1. Сөздің тілмен байланыстылығы

Сөз тіл бірліктерін таңдайды, өзгертеді, қиылыстырады. Өйткені, тіл жүйесінің қысымы аса маңызды, оның мүмкіндіктері шектеусіз. Айтушы және жазушы сөздерді құрастыру барысында тіл жүйесінің қатынас жолдарын, мүмкіндіктерін, сондай-ақ, өз міндеттерін жүзеге асыра алады.

2. Сөздің оймен байланысы

Сөзде ой айқындалады. Ой дәлме-дәлдікті, ойға қонымдылықты және сөйлеу сапасын ұғынуға мүмкіндік береді. Сөз бен ойлау әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан, сөз айтылатын ұғымның мазмұнына және көлеміне байланысты болып келеді.

3. Сөз бен түсініктің байланысы

Түсінік – ойлауға қарағанда тереңірек, көлемі жағынан кең. Ойлау нәтижесінде пікірдің және ой-тұжырымның шындығын елестетсек, онда түсінікпен сезінуді, көруді, әсерленуді және эстетикалық жігерлілікті елестету арқылы шындыққа көз жеткізуге болады.

4. Сөз бен әрекеттіліктің байланысы

Сөз қоршаған ортамен байланысты. Яғни, қоршаған ортадағы заттармен, түрлі құбылыстармен, болып жатқан оқиғалармен, ұғым мен заттың дәлме-дәлділігін, ойға қонымдылығын ажырата білу, сөзбен әрекеттілік байланысы сапаларының ерекшеліктерінен де байқауға болады.

5. Сөз және оны қабылдаушы аралығындағы байланыс

Сахнада қойылып жатқан қойылымның авторы болады. Өйткені, ол өзі үшін жазбайды, басқалар үшін жұмыс істейді. Автордың сөзін тыңдаушыға жеткізу нақты шеберлікті қажет етеді. Ал, оны қабылдап алатын көрермені болады. Демек, сөздің сапасы қабылдаушыға қолайлы болуы шарт.

6. Сөз бен қарым-қатынас байланысы

Бұл – қатынас процесінің міндеттері, жанры, уақыты және орны. Яғни, сөз дұрыс, таза, дәлме-дәл, ойға қонымды, айқын, бейнелі болуы керек. Сөйлеу мәнері біркелкі емес. Ол көтеріңкі, салтанатты үнмен айтылуы да мүмкін. Мысалы, салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, әрбір сөзді нақтылы дыбыстау орын алып жатады. Радио және теледидардан берілетін мемлекеттік, халықаралық маңызы зор ресми хабарлар көбінесе салтанатты әуенмен беріледі.

Қысқасы, әрқайсысы өздері ойнайтын әр пьесаның жанрлық-стильдік сипатын, кейіпкер бейнесін қатты ескерулері қажет. Қай заманды суреттеген



шығарма болмасын, қай тақырыпқа жазылған пьеса болмасын, қай жанрдағы өлең болмасын, барлығы да орындаушыдан көркем сөздің құлаққа жағымды естіліп, табиғи түрде айтылуын талап етеді.

2-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Сөйлеу техникасының түрлері;
2. Дыбыстау мүшелері, олардың қызметі;
3. Драмадағы тартыс кезеңдері;
4. Драма туралы түсінік;
5. Трагедия туралы түсінік;
6. Комедия туралы түсінік.

2-МОДУЛЬ БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

3-кесте. Глоссарий

№		
1	Сөйлеу техникасы	Speech technique
2	Өкпе	Lung
3	Тамақ	Throat
4	Ауыз қуысы	Oral cavity organs
5	Мұрын қуысы	Nasal cavity organs
6	Қабырға мен құрсақ қатарын босаңсыту	Relax the stomach and ribs
7	Қабырға мен қарын қатпарын босаңсыту	Relax the belly and ribs
8	Сөйлеу техникасын меңгерудің жолдары	Ways of mastering speech technique
9	Шығармашылық диапазонын кеңейтеді	Extends the creative range
10	Іштей белсенділікке және жігерлікке үйретеді	Teaches intense activity and enthusiasm
11	Тіл мәдениетін толық меңгеруге мүмкіндік береді	Gives an opportunity to master the language culture fully
12	Сөйлеу техникасын шыңдауға драматургиялық туындылардың әсері	The influence of dramatic works on the development of speech techniques
13	Басталуы мен байланысы	Beginning and connection
14	Шиеленісі мен шешімі	Aggravation and decision
15	Шығармалардың классикалық үлгілері	Classical samples of compositions
16	Композиция	Composition
17	Драма	Drama
18	Трагедия	Tragedy
19	Комедия	Comedy
20	Сөздің тілмен байланыстылығы	The connection between speech and language
21	Сөздің ойлаумен байланысы	Connection of words and thoughts
22	Сөз бен түсініктің байланысы	The relationship between words and concepts
23	Сөз бен әрекеттіліктің байланысы	Relationship between words and actions

24	Сөз және оны қабылдаушы аралығындағы байланыс	The relationship between words and its recipient
25	Сөз бен қарым-қатынас байланысы	The relationship between speech and communication

3-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУДАҒЫ ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ

3.1. ТЫНЫС АЛУ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Тыныс алу аппаратына мұрын қуысы, жұтқыншақ, көмей, кеңірдек және өкпе жатады. Мұрын қуысының негізі сүйек пен шеміршектен түзіліп, терімен жабылып, ішкі беті кілегейлі қабықшамен астарланып жатады. Мұрын қуысының жоғарғы, төменгі және екі бүйір қабырғалары болады. Жоғарғы қабырғасы мұрын сүйектері мен шеміршектерінен түзілген. Екі жақ шеміршектері танау тесігін қалайтын танаудың шеміршектеріне жалғасып жатады. Мұрынның ортаңғы пердесі мұрын қуысын тең екі бөлікке бөледі. Оның өзі артқы бөлігі сүйектен, алдыңғы бөлігі шеміршектен тұрады. Төменгі қабырғасы қатты және жұмсақ таңдайдан түзілген. Мұрын қуысының кілегейлі қабаты қан тамырларына өте бай, оның беті көп қатарлы кірпікшелі эпителиймен жабылған. Сонымен қатар, көптеген бездерден тұрады. Мұрынға енген шаң-тозанды эпителий микроорганизмдерді өлтіріп отырады. Мұрын қуысының бүйір қабырғасында жоғарғы, ортаңғы және төменгі қауашақтарының бар екендігін байқаймыз. Осы қауашақтар және төменгі ауа жолдары жатады. Соның нәтижесінде, алған дем тыныс жолында, мүшелерге тікелей өтпей, осы ауа жолдары арқылы маңдай, жоғарғы жақ, ортаңғы құлақ және сүйектер қуыстарына жатады. Олар өзара өте тығыз байланыста. Мұрын қуысы арқылы ауа мұрынның артқы тесіктерімен әуелі жұтқыншаққа, одан әрі көмекейге өтеді.

Көмекей тыныс жолының ғана емес, сонымен бірге, сөйлеу аппаратының да бөлігі болып табылады. Ол жоғарғы жағынан тіл асты сүйекке, төменгі жағынан кеңірдекке жалғасады.

Көмекей мойынның алдыңғы жағында жатып, алдынан және екі бүйірінен бұлшық еттермен жабылған. Көмекейдің қалқандық қыры тері астында бөлініп жатады. Оның шеміршектері өзара бұлшық еттермен байламдар арқылы қозғалмалы түрде қосылған. Оның жақ шеміршектеріне қалқанша шеміршектер жатады.

Қалқанша шеміршек – көмекей шеміршектерінің ішіндегі ең ірісі. Олардың алдыңғы шығыңқы келген жерін ер кісілерде көмекей қыры деп атайды. Шеміршектің жоғарғы шеті ойыс келеді. Ал, артқы шетінен жоғарғы және төменгі мүйізшелері басталады. Жоғарғы мүйізшелері тіл асты сүйекке сіңір байламдары арқылы бекиді, ал төменгі мүйізшесі оймақ тәрізді шеміршекке бекіп, көлденең білік арқылы айналатын буын түзеді.

Оймақ тәрізді шеміршек сырт пішіні дөңгелек, жүзік тәрізді. Оның

артқа қарай кеңейе келген жеріне екі қалақша шеміршегінің төменгі мүйізшесімен байланысады. Төменгі жиегі сақиналы сіңір байламы арқылы кеңірдекке жалғасады.

Қалақша шеміршек – үш қырлы жұп пирамида тәріздес. Ол оймақ тәрізді шеміршекпен тік бөліктен айналатын буын құрайды. Оның алға қараған дыбыс өсіндісі және артқа қарай бағытталған ет өсіндісі болады. Осы шеміршектің дыбыс өсінділері мен қалақша шеміршектің арасында дыбыс сіңірі тартылған. Ол екеуінің аралығын **дыбыс саңылауы** деп атайды. Дыбыс сіңірлері мен дыбыс саңылауларының жатқан жағдайына қарай дыбыс ырғағы өзгеріп отырады. Дыбыс сіңірі ер адамда жуандау келеді де, дауыс ырғағы төмен болады.

Көмекей қақпақшасы – пішіні жапырақ тәрізді өзінің төменгі жіңішкерген жағымен қалқан шеміршегінің ойысына келіп жалғасады. Оның алдыңғы беті дөңес, артқы беті ойыс болады. Көмекей қақпақшасы тамақты жұтқан кезде тыныс жолын жауып, тағам түйірінің түспеуін қамтамасыз етеді. Тыныс алған кезде ашық тұрып, ауаның жүруіне жағдай жасайды. Көмекей шеміршектерінің қимылға келуі буынды қосылыстармен бірге бұлшық еттерінің жиырылуына байланысты. Бұлшық еттері көлденең салалы ет тінінен тұрады. Олар қызметтеріне қарай екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа тіл асты сүйегінің үстіңгі және астыңғы еттері жатады. Ал, көмекейдің меншікті бұлшық еттеріне, атқаратын қызметтеріне қарай тағамды жұту, тыныс алу, сөйлеу процестерінің жүруіне себепші болатын еттер кіреді.

Көмекей шеміршектері өзара буын арқылы жалғасқан. Осы буын арқылы өтетін қозғалыстар арқасында қимылға келіп, дыбыс сіңірін босатып не тартып, дыбыс ырғағын өзгертеді.

Көмекей қуысының пішіні құм сағатқа ұқсайды. Ол жоғарғы, ортаңғы және төменгі деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Жоғарғы бөлімі көмекейдің кіре беріс тесігінен басталып, дыбыс сіңіріне дейін созылады. Көмекейдің кіре беріс тесігін **көмекейдің ауызы** деп атайды. Ол жұтыну кезінде қақпақшасымен жабылады да, тыныс алған кезде ашық жағдайда болады. Ортаңғы бөлігі тар, онда жалған және шын дыбыс сіңірлері орналасқан. Дыбыс сіңірлері шыққан деммен тербеліп, дыбыс процесінің пайда болуына себеп болады. Осы бөлімнің екі бүйір қабырғасында көмекейдің қалта тәрізді қарыншалары орналасқан. Олар әртүрлі тереңдікте болып, дыбыс жаттықтырушы қызметін атқарады. Осы ерекшеліктерге қарай көмекей көп өзгерістерге ұшырайды.

3.2. ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Тыныс дегеніміз – дыбыстың қуат күші және күретамыры. Көркемсөз шеберінің табиғи дауысының жарқын да жайлы, ашық та анық, сұлу да сүйкімді шығуы, оның қалай тыныстап, қалай дем алуына тәуелді болады. Адам өз демін, әрине, саналы түрде ыңғайына қарай еркімен пайдалана алады. Дұрыс дем алу, адамның дем алу заңдылықтарын сақтай отырып жаттығуына байланысты өз ағзасының өмірлік процестерінің қалыпты

жұмыс істеуіне көмектеседі. Жалпы көңіл-күй жағдайын ғана емес, сонымен бірге, дыбыс шығару жүйелерінің шаршағанын қолмен сылып тастағандай әсер етеді, оның қызметін жақсартады. Тынысты ұтымды пайдаланса ғана даусын байыта түсері сөзсіз. Оның денсаулығына игі әсерін тигізеді. Ал, керісінше, дұрыс пайдаланбаса, сөздің берекесін кетіріп, дауыс жүйесін кеселге ұшыратады.

Тыныстаудың мынадай тәртібін сақтаған жөн: демді ішке тарту мен демді сыртқа шығару. Екі аралығында сөзді сабақтау үшін демді ішке тарту. Тыныс алуды бақылауды тиянақтау үшін алдымен демді ішке тартып, одан кейін дем алу керек. Қалған деммен бір шумақ қысқа өлең жолдарын айтып көріңіз.

Біріншісі, дауыс шыққанға дейін дем сыртқа қандай бұлшық ет есебінен шығады? Екіншісі, өлең жолдарын оқыған кезде тыныс жүйесінде қандай өзгерістер болады?

1. Тыныс алу жүйелерінің жұмысын техникалық жаттығулар жасау арқылы тексеруге болады. Мысалы, доп ойнап жүріп, секіріп жүріп.

2. Осы жаттығулар барысында енгіретін болса, дем алуды сақтамайтындығын байқауға болады.

Студент өзінің дауысын жолға қою барысында өзіндік жеке жаттығулар жасауы керек. Сол кезде мына жайларды есінде сақтағаны жөн. Тыныс жолындағы бұлшық еттер – көмей, жұтқыншақ және ауыз қуысы өзара байланысты болып, нақтырақ айтқанда, өзара тәуелді жағдайда жұмыс істеуі қажет. Бұлардың біреуі назардан тыс қалса, ол бәріне де кері әсерін тигізеді. Мысалы, тыныс алу жолы қызметін ғана алыңыз. Бұл дауыс аппаратының қызметін нашарлатады. Барынша терең дем алу желбезекке артық күш түсіріп, дауыстың өзіне тән ырғақ нақышын бұзады. Бір зіл-батпан басып, жаншып тұрғандай жағымсыз естіледі. Ал, тынысты өз мөлшерінде дұрыс алмау сөздің дұрыс екпінін әлсіретіп жібереді. Оның толқындап шығуына, әуендеп естілуіне зиянын тигізеді. Өкпені артық ауамен керу кеңірдекті ұлғайтып, өкпеде қан айналымын бұзуға апарып соғады. Өкпедегі оттегінің жеткілікті болғанына қарамастан, тынысы тарылып, енгізу басталады.

Сондықтан, дұрыс дем ала білу де, оған жаттығу да – өнер. Жаттығу жұмыстарын тек қозғалмай, орнықты жағдайда ғана жасау керек дейтін сөз дұрыс емес, ол – біржақты пікір. Қажет болса, би билей жүріп те, жүгіріп те дұрыс тыныс алуға үйренген жөн. Сөйлей жүріп дем алу жаттығуын жүргізудің пайдасы зор.

Студенттер дауыстарын жаттықтырып, жолға қою барысында жеке өздері жаттығулар жасауы қажет. Сол жаттығулар барысында мына жағдайларды есте сақтағандары дұрыс. Яғни, тыныс жолдарындағы бұлшық еттердің, көмейдің, жұтқыншақтың, ауыз қуысының өзара байланыс тылығын және нақты әрі анық айтудағы тәуелділік жағдайында жұмыс істеу керек. Бұлардың бәрінің назардан тыс қалуына болмайды. Өйткені, ол кері әсер тигізуі мүмкін. Сондықтан, дем алу жолдары қызметін ғана есепке алу қажет.

Эстетикалық тәрбиенің бір саласы – сөйлей білу. Әрбір сөздің еркін және анық шығуы, тыныстың кем болуы, дауысты қалыптастыру, дауыстың сыңғырлап тұруына тікелей әсер етеді. Сондықтан да, жаттығу барысында тыныс алуға, демге, дикцияға баса назар аудару керек. Яғни, шұбыртпалы сөздермен көп жұмыс істеу өзіндік себебін тигізетіндігі сөзсіз.

3.3. ДЕМ АЛУДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

1. Әңгімелесу барысында көкіректі кере дем ал деп те айтылады. Бұл кеуденің жоғарғы және орта бөлігінде өтеді. Яғни, демді ішке тартқанда адамның иықтары көтеріліп, кеудесі тартылады. Иық пен кеуде бұлшық еттері жиырылады. Кеудемен дем алғанда ауа артық жұтылып, дауыс әлсіреп қалуы мүмкін. Сондықтан да, кеудемен дем алу тиімсіз.

2. Демді ішке тарту бауыр еттің төмен түсуі арқылы жүргізіледі. Мұның бір артықшылығы – демді қажет кезінде жиі әрі жеңіл алуға болатындығында. Ішпен дем алу, тыныс алудың бұл үлгісі кеудеден төменгі тұста өтеді, бұл да тиімсіз.

3. Аралас – диафрагмалық, яғни, толық тыныс алу. Бұл өкпесі сау адамда ғана кездеседі. Барлық тыныс жүйесіндегі бұлшық еттер мінсіз жұмыс істейді. Толық дем алған тұста кеуде көріктей кеңіп, дыбыс жолдары ашылады. Сөйлеу сазын дұрыс жолға қоюдың ең тиімді үлгісі осында. Бұл үшін енді қандай машықтану жұмыстарын жасау керектігіне тоқталайық.

Адамның жүріс-тұрысы, отырысы, денесін ұстауы тыныс (дем) алудың қалыптасқан нормасын жасауға бірден-бір септігін тигізеді. Басын тік, кеудесін көтеріңкі, екі иығын еркін қимылдатарлықтай бос, ішін тартыңқы жағдайда ұстап, өзін-өзі бейімдеп отыруы сергек сезінуге ғана емес, ең бастысы, дем алу процесінің дұрыс жүйеленуіне де пайдалы.

Жауырын, жота, желке, мойын, кеуде, алқым, маңдай, жақ бұлшық еттерін шынықтыру үшін жаттығу жасап отыру керек. Сондай-ақ, көмейді шынықтыру, дыбыс мөлшерінің қызметін қалыптастыруға баса назар аударылады.

Тыныс алуды жаттығу барысында бір орында ғана жасамай, қимылдар және қозғалыстар барысында жасауға болады. Тыныс мүшелері қозғалыс кезінде күрделі жұмыстарды іс жүзінде жүзеге асырады.

3.4. ДЕМ МЕН ДАУЫСТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ

Шындықты ерекше амал-тәсілдермен қалпына келтіретін, шиеленіскен тартыстарда оқиғаға қатысатын кейіпкерлердің сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдына жеткізетін күрделі жанр – драма. Әрбір сөз, әрбір сөйлем нақтылықты, айқындылықты, шындықты ғана емес, кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі сезімін ашып беруге тиіс.

Шығарма автордың айтайын деген ойын, оның идеясын жете түсініп, терең сезінуі керек. Сонда көрермен өзін ұмытып, сахнадағы көз алдында

өтіп жатқан өмірмен бірге тыныстайды, онымен бірге біте қайнасады. Әрбір көрермен сахнадан өзіне нәр, қуат алады.

Мәтінді мәнерлеп оқу үшін қажетті материалдар көркем әдебиет болып саналады. Сондықтан, оқу техникасы грамматикамен, орфоэпиямен, орфографиямен және де стилистикамен ұштасып жатады.

Көркемсөз оқу шеберлігі өзінің ісіне шын берілгендігімен және дауысымен ерекшеленеді. Сондықтан да, ең қажеттісі – сөйлеу техникасын жетік дамыту. Дикциясыз ешбір адам өзінің сөзін тыңдаушысына түсіндіре алмайды. Тыңдаушысының жүрегінен орын алып, оған жүгіну үшін де дикция аса маңызды.

Демсіз мәнерлі дауыстың болуы мүмкін емес. Дикциясыз жақсы дем болмайды. Сондықтан да, осы элементтерді бір-бірінен ажыратып қарау мүмкін емес.

Дауыстың қуатын ретімен пайдалану, сахнадан оқытылатын әңгіменің мақсатына дауыстың лайықтылығын анықтап, орындалуын талап ету қажет. Ол үшін өз дауысының мүмкіндігін танып, қыр-сырын толық меңгергені дұрыс. Дауыстың сапасы мынадай төрт түрлі жағдайға байланысты болып келеді.

- диапазон, яғни, дауыс мөлшеріне;
- дауыстың биіктігіне, желбезектің қалыңдығы немесе ұзындығына орай секундына тербеліс жасайтындығына;
- дауыстың ырғағына қарай, көмейдің көлеміне, бұлшық еттеріне, дауыс желбезегіне;
- дауыстың көлеміне, сөйлеу мүмкіндігіне.

Дыбыс мүшелері екіге бөлінеді. Олар – жұтқыншақ-тілшік, тіл, тіл тамырлары және сыртқы артикуляция, жақ, ерін. Бұл жерде айта кететін жай: ішкі және сыртқы артикуляциялық тынысты байыбына келтіру үшін дем алуды жеңілдету қажет. Демек, бірлестіріп, шынықтырған жөн. Бірқалыпты тыныс алуды үйрену үшін жаттығулар жасағанда, студенттер бұлшық ет сезінуін өзінше талдау жасауы керек және оны ұмытпағандары дұрыс.

3-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР:

1. Көркемсөз оқу шеберінің орындауындағы аудиожазбаларды тыңдау;
2. Балаларға арналған шағын өлеңдерге мәнерлеп оқудың шартты белгісін қою;
3. Дайындаған материалын жатқа мәнерлеп оқу;
4. Жіберген кемшіліктерін түзету үшін тыныс алу жүйесіне сай жұмыс түрлерін жасау.

3-МОДУЛЬ БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

4-кесте. Глоссарий

№		
1	Тыныс алу мүшелерінің құрылысы	Construction of respiratory organs
2	Көмекей	Larynx
3	Көмекей шеміршектері	Cartilage of larynx
4	Көмекей қуысы	Laryngeal cavity
5	Тыныс алу жүйелерінің жұмысы	Respiratory system work
6	Дем алудың үлгілері	Breathing patterns
7	Аралас – диафрагмалық	Mixed diaphragm
8	Бұлшық еттер	Muscles
9	Жауырын бұлшық еттері	Shoulder muscles
10	Желке бұлшық еттері	Nape muscles
11	Мойын бұлшық еттері	Neck muscles
12	Кеуде бұлшық еттері	Chest muscles
13	Алқым бұлшық еттері	Chin muscles
14	Маңдай бұлшық еттері	Forehead muscles
15	Жақ бұлшық еттері	The jaw muscles
16	Дем мен дауыстың өзара байланыстары	Breathing and voice interconnection
17	Диапазоны	Diapason
18	Желбезектің қалыңдығы немесе ұзындығы	Thickness or length of gills
19	Дауыс желбезегі	Voice gills
20	Жұтқыншақ-тілшік	Pharynx
21	Тіл	Tongue
22	Тіл тамырлары және сыртқы артикуляция	Language roots and external articulation
23	Жақ	Jaw
24	Ерін	Lips
25	Ауыз	Mouth
26	Бет	Face
27	Маңдай	Forehead
28	Қабақ	Eyebrows
29	Көз	Eye
30	Самай	Temple

4-МОДУЛЬ. ДИКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

4.1. ДИКЦИЯ – ДҰРЫС СӨЙЛЕУДІҢ БАСТЫ КІЛТІ

Сөзді дұрыс айту, әр дыбыстың анық әрі таза болуы дикцияға байланысты. **Дикция** деген сөз латын тілінен аударғанда «айту», «айтылу» деген мағынаны білдіреді. Сахнада дұрыс сөйлеу – үлкен өнер. Анық түсінікті, ұғымды сөйлеу, тыңдаушыға айтушының сыпайылығын танытады.

Сөздің құрамына кіретін дыбыс сөздің мазмұнын, оның мағынасын, мәнін білдіруге қызмет етеді. Жақсы дикция көп жағдайда дұрыс артикуляцияға байланысты, яғни, дыбысты шығару мүшелерінің (тіл, ерін, жақ сүйектері) қозғалысына байланысты. Бұл мүшелер белсенді артикулятор болып табылады.

Дикция, жоғарыда айтқанымыздай, бұл – дыбыстың анық айтылуы. Егер студенттің сөз сөйлеуінде кемшілік (дыбысты анық айтпау) болса, онда, ең алдымен, әрбір дыбыспен жеке-дара дайындалу қажет. Дыбыстың дұрыс, әрі анық, айтылуына ерекше мән берген жөн. Бұл орайда арнаулы жаттығулар бар. Бұдан соң студент басты назарды анық айтылған дыбыстардан құралған сөздерге емес, оның нақты айқындалған мағынасына аудару керек.

Дикциямен жұмыстың келесі кезеңі – сөйлемдегі сөз. Сөйлеммен жұмыс істеп жатқанда, айтылатын ойдың нақты, анық болуын қадағалау өте орынды. Бұл ретте студенттен орфоэпиялық және логикалық сауаттылық талап етіледі. Сөйлеммен дикциялық жаттығу кезінде бір-бірімен байланысты, қиылысқан сөздердің анық айтылуына ерекше көңіл бөлу керек.

Ал, өлең-жырлармен жаттығу кезінде оның шығармашылық мән-мағынасын түсіну қажет. Жалпы, осы бағыттағы берілген жаттығулармен талмай, қажымай, еш нәрсеге мойымай еңбектенген жанның жақсы нәтиже шығаратыны сөзсіз.

4.2. ДИКЦИЯМЕН ІС ЖҮЗІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

Дыбыстау мүшелеріне: ерін, тіс, иек, тіл, кішкене тіл, көмей жатады. Енді дикцияны тәрбиелеуге арналған бірнеше жаттығуларды назарларыңызға ұсынамыз. Дикциялардағы кемшіліктер сөйлеу аппаратының дыбысты шығару мүшелерінің дұрыс құрылмауынан болады. Оны **органикалық бұзылу** деп атайды. Сөздің анық шығуына тілдің тікелей қатысы бар. Осыған орай, тілдің ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

8-сызба. Тіл ерекшелігі

I. Тілдің жетімсіздігі

II. Тіл мен жақтарды байланыстыратын құрылымның жетімсіздігі

III. Таңдайдың дұрыс орналаспауынан туындаған кемшіліктер

I. Тілдің жетімсіздігі

1. Тілдің үлкен болуы, кішкентай болуы, икемсіздігі, тым қысаң болуы дұрыс артикуляцияны қимылдатады;
2. Тіл асты байланысының қысқа болуы тілді көтеруге, мысалы, ш, ж, д дыбыстарында тілді көтергенде кедергі болады.

II. Тіл мен жақтарды байланыстыратын құрылымның жетімсіздігі

1. Дұрыс тістемеу (жақтарды қабыстырғанда тістердің арасындағы аралық);
2. Тістердің арасындағы үлкен жылғалар.

III. Таңдайдың дұрыс орналаспауынан туындаған кемшіліктер

1. Енді тіл жаттығуларына назар аударайық. Сөздерді айтқан кезде оның ашық шығуы үшін тілдің маңызы өте зор, тікелей қатысы да бар. Тіл кей жағдайда ауыр немесе икемсіз болуы да мүмкін. Ол жаңылтпаштарды, сондай-ақ, қиын сөздерді айтқанда кедергі келтіреді. Әрине, мұндай жағдайда тіл жаттығуларын жасау керек. Сонда кемшіліктерден арылуға болады.

4.3. ДИКЦИЯНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ТАЗАЛЫҒЫ

Тіл дыбыстарының артикуляциясын меңгеруді баланың сөйлеу тілі шыққаннан бастап, ата-анасы, тәрбиешілері үйретеді. Мектеп жасындағы баланың тіліндегі кемшілікпен арнайы маман жұмыс жүргізеді.

Бала тіл дыбыстарын дұрыс меңгеру үшін жас кезінен өлең айтып, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтар шешіп, ертегілер айтып өссе, дыбыстау мүшелері жетіліп, тіл дыбыстарын дұрыс айту дағдысы қалыптасады.

Тіл ғылымының бір тарауы фонетика адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалатын мән-мағынасы бар тіл дыбыстарын тексереді. Дауыс шымылдығының бірде керіліп, бірде-жиырылып тұруынан дыбыстар дауысты, дауыссыз болып жіктеледі. Олар мұрын қуысы мен ауыз қуысына түсіп, тілдің, жақтың, еріннің, тістің, таңдайдың тағы басқа мүшелердің қатысуымен өңделеді, әрленеді, бір-бірінен жасалуы жағынан өзгешеліктерге ұшырайды.

Мысалы, тілдің қызметін алайық. Тіл – ауыз қуысындағы жылжымалы мүше. Тілдің ілгері, күрек тістің түбіне қарай жылжуынан жіңішке дауыстылар [ə, ө, і, ү, е] жасалады. Тілдің артқы, жұмсақ таңдайға қарай жылжуынан – жуан дауыстылар [а, о, ұ, ы] жасалады.

Сондықтан, қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың дыбыстау мүшелерінің қай жерінен жасалып тұрғанын, қалай жасалатынын жетік білмейінше, мәтіндегі сөйлемнің сөздерін анық, ашық дауыспен оқу дәрежесіне көтеріле алмаймыз.

4.4. ОҚУДАҒЫ ДАУЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Дауыс сөйлеуші адамның сөзін, өзіндік үнін, көңіл-күйін тыңдаушыға бағыттап отырады. Адам сөйлеуге ыңғайланғанда тыныс алу мүшесі арқылы ауа жұтады. Осы кезде өкпе кеңейіп, сөйлей бастасымен, өкпедегі ауа сыртқа қарай шығуға бағытталады. Өкпеден қайтқан ауа тамақтағы дауыс шымылдығының аз-кем тосқауылына кездеседі. Себебі, дауыс шымылдығы дегеніміз – тамақтың ішкі жағында кеңірдектің екі жағынан бір-біріне қарсы біткен жиырылмалы ет. Ол бірде керіліп, бірде жымдасып тұрады. Өкпеден ауа қайтқанда, осы дауыс шымылдығы керіліп тұрса, діріл пайда болып үн шығады.

Ал, дауыс шымылдығы жиырылып, тұрса, діріл пайда болмай, үннен гөрі баяу сылдыр пайда болады. Яғни, дауыс шымылдығының керіліп, жиырылуынан шыққан үн таза дауыс деуге болмас еді. Енді ол қуыс мүшелеріне түседі. Онда мұрын қуысы мен ауыз қуысындағы дыбыстау мүшелерінің күшейткіштеріне (резонаторларына) тікелей байланысты болады. Себебі, мұрын қуысындағы кеңсіріктің, ауыз қуысындағы кішкене тілдің, таңдайдың, тістің, жақтың тағы басқалардың дұрыс орналасуы, түзу болуы дауыстың дұрыс шығуына мол әсер етеді.

Дауыс белгілі жаратылыс заңдылығымен бірде төмен, бірде жоғары, бірде орташа қалыпта сан рет алмасып, жылыстап, қайталанып отырып сөйлеу әуенін түзейді.

Дауыстың өзіндік сапалары – дауыстың күші, дауыстың тазалығы, дауыстың беріктігі, дауыстың икемділігі, тұрақтылығы мен шыдамдылығы.

Дауыстың осы сапаларын жетілдіріп, байқап фонетикалық дыбыстық, буындық жаттығулар жасап, сөзге, сөз тіркестеріне қойылатын екпінді ажырата білу міндет.

Дауыстың барлық сипаттамалары (күш, биіктік, ұзақтық) мәнерлеп оқушы меңгеруі тиіс мәнерлеп оқу құралдары болып табылады. Кәсіби сөйлеу дауысы – бұл:

- дыбыс күші, яғни, динамикалық диапазон. Дауыс кез келген аудиторияда және техникалық құралдардың көмегінсіз естілуі тиіс;

- дыбыстың жеткізілуі, яғни, кез келген нүктеге жету қабілеті әрбір тыңдаушыға жетуі тиіс;

- дауыстың қозғалмалылығы, икемділігі, яғни, дыбыстық диапазон. Ол ойды толығымен беруге мүмкіндік туғызады және ауызекі тілдегі үнемі ауысып отыратын интонациялық әуездік суретте түрленуге мүмкіндік береді;

- дауыс тембрі, яғни, оның әсерлілігі;
- дауыстың ерекшелігі, яғни, басқа дауыстар мен шулардың аясында олармен араласпай және олардың ішінде өзін жоғалтпай ерекшелену қабілеті;
- төзімділігі, яғни, аз шаршау, ұзақ қарқынды сөйлеу барысында мәнерлеп оқу барысындағы дыбыстардың негізгі қасиеттерін жоймауға, маңызды дауыс жүктемесін сақтауға мүмкіндік береді.

4-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР:

1. Дикцияны дұрыс қоя отырып, дайындық жұмыстарын жүргізу;
2. Әртүрлі интонациядағы ертегілерді таңдау;
3. Таңдаған ертегінің толық мазмұнын білу;
4. Оқиға желісін нақышына келтіре отырып жеткізу.

4-МОДУЛЬ БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

5-кесте. Глоссарий

№		
1	Дикция	Diction
2	Дикциямен іс жүзінде жұмыс істеу	Practical work with the diction
3	Дұрыс сөйлеу	Correct speaking
4	Таңдайдың дұрыс орналаспауынан туындаған кемшіліктер	Defects caused by the wrong location of the palate
5	Дикцияның ашықтығы мен тазалығы	Openness and purity of the diction
6	Дауыс шымылдығы	Voices of speech
7	Тілдің арты	Back of the tongue
8	Жұмсақ таңдай	Soft palate
9	Тіл – ауыз қуысындағы жылжымалы мүше	Tongue – mobile organ in the oral cavity
10	Күрек тіс	Shovel teeth
11	Оқудағы дауыстың маңызы	The importance of voice in reading
12	Дауыстың күші	Voice power
13	Дауыстың тазалығы	Voice purity
14	Дауыстың беріктігі	Voice durability
15	Дауыстың икемділігі	Voice flexibility
16	Дауыс тұрақтылығы	Voice stability
17	Дауыс шыдамдылығы	Voice endurance
18	Резонатор	Resonator
19	Буындық жаттығулар	Exercises with the syllables
20	Діріл	Vibration
21	Тіл жаттығулары	Language exercises
22	Тіл дыбыстары	Tongue sounds
23	Тақпақ	Rhyme/poem
24	Жаңылтпаш	Tongue Twisters
25	Жұмбақ	Puzzle

5-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУДАҒЫ ТІЛДІК АППАРАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІ


5.1. ДҰРЫС ӘДЕБИ ТІЛ

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Ал, әдеби тіл – белгілі жүйеге түскен жазба тіл. Яғни, белгілі нормаға түсіп қалыптасқан, сан алуан стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі мол тіл.

Сөйлеу тілінде жазба бетіне түспеген, тіпті түспейтін, басқаларға түсініксіз сөздер жиі ұшырай береді. Ана тілінде дұрыс сөйлейтін адам, әсіресе, бала тәрбиесімен айналысатын ұстаздар сөйлеу тілі мен әдеби тілдің ара жігін ажыратып, әдеби тілмен, соның ішінде, әдеби тілінің орфоэпиясымен сөйлеуі керек.

Тілдегі сөздер қалай жазылса, барлығы бірдей солай оқыла бермейді, себебі, орфоэпиялық заңдылыққа бағынады. Сондықтан, әдеби сөйлеудің басты ережелерін міндетті түрде меңгерген дұрыс.

9-сызба. Акустика



Акустика дыбыстағы мынадай белгілерді ажыратады: дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені, дыбыстың созылыңқылығы.

1. Дыбыс ырғағы. Дыбыс ырғағы уақыт мөлшерінің (уақыт мөлшеріне, әдетте, секунд өлшем бірлігі алынады) ішіндегі дірілінің санына байланысты болады. Дірілінің саны неғұрлым көбейе берсе, дыбыстың ырғағы соғұрлым өсіп күшейе түседі, керісінше, дірілінің саны азайған сайын дыбыстың ырғағы солғындап, әлсірей береді. Адамның құлағы бір секунд

ішінде 16-дан 20000-ға дейінгі дірілдің нәтижесінде пайда болған дыбысты қабылдап ести алады. Сөйлеу кезіндегі айтылатын дыбыстардың ырғағы фразалардың түрлеріне және олардың эмоциялық бояуы мен экспрессивті қызметіне қарай өзгеріп отырады.

2. Дыбыс күші. Дыбыс күші дірілінің қарқынына байланысты болады. Егер дірілдің амплитудасы, яғни, қарқыны неғұрлым көбейе түссе, дыбыс күші де соғұрлым ұлғайып, күшейе түседі. Сөйлегенде дыбыс күші екпінмен қарым-қатынасқа түседі. Дыбыс күшінің тілге, тілдің ішінде динамикалық екпініне немесе тілдерге қатысты атқаратын қызметі басым болады.

3. Дыбыстың созылыңқылығы. Дыбыстың созылыңқылығы дірілдің санымен қоса дыбыстың созылу уақытына байланысты.

4. Дыбыс әуені. Дыбыс әуеніндегі мәселе дыбыс дірілінің түрлерімен байланысты. Дыбыс толқынын тудыратын дірілдің қозғалысы күрделі болады. Сөйлеу тілінде дауысты дыбыстар бір-бірінен әуені жағынан ажыратылады.

Дауыстылардың жасалуы үшін резонанс айрықша қызмет етеді. Резонанс жан-жақты тұйықталған, бітелген ауа бар жерде пайда болады. Ауыз қуысында әртүрлі тәсілдер арқылы дауыстылардың әуені жасалады. Жұтқыншақ қуысы да белгілі дәрежеде резонаторлық қызмет атқарады. Ауыз қуысымен бірге дауыстылардың әуенін жасауға қатысады.

Мұрынмен бірге мұрын қуысының да резонаторлық қызметі бар. Сонымен, қорыта келгенде, сөйлеу дыбыстарына қатысты мына жайларды ескеру қажет. Ауыз қуысында әртүрлі тәсілдер арқылы дауыстылардың әуені жасалады. Жұтқыншақ қуысында белгілі дәрежеде резонаторлық қызмет атқарады:

1. Сөйлеу дыбыстарының күші өкпеден шыққан ауа күшінің дауыс шымылдығының ұзындығы және оның қысылу қалпына қарай айқындалады. Өмірде балалар мен әйелдерде дауыс шымылдығы қысқа және оның қысылуы күштірек болады. Осыған сай, дыбыс ырғағы да көбейіп күшейе түседі.

2. Дауысты дыбыстардың созылуы дауыссыздардан басымырақ.

3. Дыбыс әуені сөйлеу кезіндегі ауыз қуысы мен мұрын қуысының көлемі мен қалпына қарай айқындалады.

Дыбыстарды айтуда, әсіресе, дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет атқарады. Ауыз қуысы қабырғалары негізінде сүйек пен еттен тұрады. Ауыз қуысы жоғарғы жақтан таңдаймен, төменгі жағынан тіл асты, жақ асты, жақ асты еттерімен, екі бүйірінен ұрт етімен, алдынан ауызбен, арт жағынан жұтқыншақ қуысымен жалғасып тұратын көмей доғасы, алдында тілдің түбірімен шектеліп тұрады.

Ауыз қуысы ауыздың кіре берісі, ауыздың өз қуысы болып екіге бөлінеді. Ауыздың алдыңғы бөлігінде тіс, қызыл иек пен ерін және ұрт еттері орналасқан. Астыңғы және үстіңгі еріндер қалың еттен түзілген, бұл екі еріннің жалғасқан жерін ауыз дейді. Еріндердің сыртқы беті терімен, ішкі беті кілегейлі қабықшамен астарланған. Еріннің қызғылт болып көрінуі қан тамырларының беткей орналасуымен байланысты. Ұрт сыртынан терімен,

іштегі беті кілегейлі қабатпен қапталған. Осы екеуінің аралығында ұрт еттері орналасқан.

Таңдай негізгі сүйектен, ал арт жағы ет тінінен түзілген. Сол себептен, оны қатты таңдай және жұмсақ таңдай деп екіге бөледі. Қатты таңдай сүйектен тұрады, таңдайдың көлденең қатпарлары болады. Бұл көлденең қатпарлар таңдайдың арт жағындағы жұмсақ таңдайға жалғасады. Жұмсақ таңдай еттен түзілген, кілегей қабатпен астарланған. Оның артқы жақ ортаңғы бөлігінде тілшесі, ал екі жағында таңдай доғалары жатады. Оның біріншісі – тілдің түбінен басталатын тіл доғасы, ал, екіншісі – жұтқыншақ қабырғасынан басталатын жұтқыншақ доғасы. Осы екі доғаның аралығында ойыс болады, ол ойыста лимфатикалық бадамша безі болады. Ауыз түбі тіл асты еттерінің бірігуінен түзілген бұл бұлшық еттер ауыздың диафрагмасы деп аталады.

Тіл – қимылға бейім етті орган. Оның үсті, екі бүйірі және астыңғы жағы кілегейлі қабықшамен жабылған. Жүйке талшықтары мен қан тамырларына өте бай. Тіл шайнау процесімен бірге дәм сезу және сөйлеу қызметіне де қатыса алады.

10-сызба. Тіл бөліктері



Дыбыстарды айтуда дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет атқарады. Дауыс шымылдығы көмейде болады. Дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл пайда болады да, үн шығады. Ал, егер дауыс шымылдығы жиырылып тұрса, онда діріл пайда болмайды. Сондықтан, үн де шықпайды. Дауысты дыбыстар осы аталған дыбыс шымылдығының дірілінен пайда болады. Көмейдің үстіңгі жағында жұтқыншақ қуысы болады. Дыбыстарды айтуда ауыз қуысы мен мұрын қуысы резонаторлық қызмет атқарады. Кейбір үнді дауыссыздар (н, м, ң) мұрын қуысы арқылы жасалады. Дыбыстардың басым көпшілігінің жасалуында, әсіресе, ауыз қуысы ерекше рөл атқарады.

Ауыз қуысының ішінде ең басты қызмет атқаратын мүше – тіл. Тілдің

бірде ілгері, бірде кейін жылжуынан, бірде жоғары көтеріліп, бірде төмен түсуінен, сондай-ақ, оның артқы шені мен орта шенінің немесе ұшының қимылынан әртүрлі дыбыстар жасалады.

Дауыстың, ұзақ жылдар бойы қызмет етуін сақтап қалу үшін тыныс алу мүшелерінің организм тіршілігінде маңызы зор. Олар газ алмасу, дыбыс шығару, сөйлеу қызметтерін атқарады.

5.2. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙТЫЛУЫНДАҒЫ ТІЛДІК АППАРАТТЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Қазақ тілінде жалаң дауысты дыбыстар бар. Олар а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, э және екі дауысты дыбыс и, у.

А дыбысы. Астыңғы жақ сүйек төмен түседі, тістердің ара қашықтығы екі саусаққа тең, тіл тегіс жатады, тілдің ұшы төменгі алдыңғы тіске тиеді. Еріндер сопақша болып бейнеленеді. Таңдай шымылдығы көтеріңкі болып, дауыс желбезегі тербеледі. Кей жағдайда көп буынды сөзде **а** дыбысы біркелкі, кейде екінші буында күңгірт естіледі.

О дыбысы. Жақ сүйектерінің ара қашықтығы аздап қана **а** дыбысына қарағанда төмен түседі. Ерін біршама алға тартылады және дөңгелектенеді. Тілдің ұшы төмен түседі және алдыңғы төменгі тістерге тартылады. Тілдің артқы бөлшегі жұмсақ таңдайға көтеріледі.

У дыбысы. Жақ сүйектерінің ара қашықтықтары шынашақтай ғана болады. Ерін алға қарай созылады, барынша дөңгелектенеді. Тілдің артқы бөлігі төменгі тістерге **о** дыбысына қарағанда үлкен ара қашықтыққа созылады, ал арт жақ бөлігі таңдайға биігірек көтеріледі. Таңдай шымылдығы көтеріңкі, дыбыс желбезегі тербеледі.

Ы дыбысы. Тістердің ара қашықтығы бір-біріне жақынырақ, ерін аздап ашылады. Тілдің ұшы алдыңғы тістерге тиіп тұрады. Ал, алдыңғы бөлігі таңдайға жақынырақ орналасады. Таңдай шымылдығы көтеріңкі болып, дауыс желбезегі тербеледі.

Ү дыбысы. Астыңғы жақ сүйегі бір жарым саусақтай ара қашықтықта төмен түседі. Тістер аздап ашылады. Тіл өзінің ұшымен алдыңғы төменгі тістерге тиеді. Ал, ортаңғы бөлігі таңдайға көтеріледі. Таңдай шымылдығы көтеріліп тұрады, дауыс желбезегі тербеледі.

И дыбысы. Тілдің ұшы төменгі тіске тиеді. Арқалық күшті жиырылады. Қатты таңдайдың алдыңғы бөлігіне көтеріледі. Дауыс желбезегі тербеледі. Ерін жайлап созылады және ашық тістерге қысылады, таңдай шымылдығының керілуі нәтижесінде ауыз қуысынан кедергісіз шығады.

Тіліміздегі дауысты дыбыстар әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Тілдің қатысына қарай жуан және жіңішке дауыстылар болып келеді. Жуан дауыстыларға: а, о, ы, ұ дыбыстары, ал жіңішке дауыстыларға: ә, ө, і, ү, е, э дыбыстары жатады. Қазақ тіліндегі аталған дыбыстардан и, у дыбыстарының өзгешелігі сол – бұл екі дыбыс көрші буындардың жуан немесе жіңішкелігіне байланысты бірде жуан, бірде

жіңішке дауысты болып келеді. Мысалы: тиын дегенде и дыбысы жуан дауысты да, тиін, киін дегенде и дыбысы жіңішке дауысты болып естіледі.

Жақ қатысына қарай дауысты дыбыстар ашық және қысаң дауыстылар болып жіктеледі. Ашық дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, е, э. Қысаң дауыстылар: ы, і, и, (у), ұ, ү.

Еріннің қатысына қарай дыбыстар еріндік және езулік дауысты дыбыстарға бөлінеді. Еріндік дауысты дыбыстар қатарында: о, ө, ү, ұ, у. Езулік: а, ә, и, е, ы, і, э.

Дауысты дыбыстардың айтылуы

Өкпеден қайтқан ауа дауыс шымылдығына соғылғанда, дауыс шымылдығы керіліп тұрады, діріл пайда болып, үн шығады. Ол үн қуыс мүшелерінің кедергілеріне ұшырамай еркін шығады. Кедергісіз шыққандықтан созып айтуға келеді, буын құрайтыны да сондықтан. Мысалы: А-дам-дар, ба-ла-лар.

Қуыс мүшесіндегі тіл, жақ, ерін дауысты дыбыстың еркін шығуына кедергі жасамайды, бірақ өңдеп, түрлендіріп әртүрлі етіп шығарады. Мысалға, жақ төмен түсіп, жоғары көтеріліп қозғалып тұратындықтан, дауысты дыбыс ашық, қысаң болып естіледі.

Еріннің алға қарап сүйірлене созылуынан еріндік дауыстылар жасалса, еріннің езуге қарай жайылуынан езулік дауыстылар жасалады.

Тілдің ілгері, тістің түбіне қарай жылжуынан жіңішке дауыстылар жасалса, тілдің артқа жылжуынан жуан дауыстылар жасалады.

Дауысты дыбыстардың өзіндік бір ерекшелігі жуанды-жіңішкелі болып (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) жұптасып айтылады.

Тіліміздегі сөздердің басым көпшілігі бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке буынды болып айтылады. Сөйлеу барысында сөздер біркелкі айтылып, кедір-бұдырсыз жұмсақ естіледі, әсерлі де әуезді болуының себебі де буын үндестігінің біркелкі болуынан.

Тілдегі еріндік дауысты дыбыстардың да сөйлеу барысында сөзді әрлендіруде қызметі мол.

Айтылуы

Құлүн

Жүрөк

Жазылуы

Құлын

Жүрек

Біріккен сөздердің арасында қатар келген екі дауысты дыбыстың бірі немесе сөз тіркестерінің арасында қатар келген екі дауысты дыбыстың бірі (алдыңғысы) айтуда түсіп қалады. Бұны элизия дейді. Мысалы: Сарыарқа – [Сарарқа], Жаңаөзен – [Жаңөзөн].

Сөз ішінде сусып тұратын қысаң ы, і дауыстылары. Бұл дауыстылар сөзге екпін түсуге байланысты сусып түсіп қалатын да кездері кездеседі. Әсіресе, түбірге ы, і дыбысынан басталатын қосымша қосылған кезде соңғы буындағы қысаң дауысты дыбыс түсіп те қалады. Мысалы: халық – халқы, ауыл – аулы, көрік – көркі тағы басқа. Кейбір сөздердің алдынан дауысты (ы,

i, ү, ұ) дыбыстары қосылып айтылып тұратын кездері болады. Сөз алдына дыбыс қосылып айтуды **протеза** дейді.

Айтылуы	Жазылуы
Іреніш	Реніш
Ұрұқсат	Рұқсат
Ыразы	Разы

Орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілден ауысқан сөздер қатаң -ст, -шк, -сп, -шт дыбыстарының тіркесінен басталса, сөйлеу тілінде бұл дыбыстан басталған сөз алдына дауысты дыбыс қосып айтып жүрміз. Мысалы: станция-ыстанса, шкаф-ышкап, спирт-іспірт тағы басқа.

5.3. ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙТЫЛУЫНДАҒЫ ТІЛДІК АППАРАТТЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар. Олар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ. Дауыссыз дыбыстар айтылу жолдарына қарай, артикуляциялық орнына байланысты үнді, ұяң, қатаң болып үшке бөлінеді. Әрбір қатаң дауыссыз дыбыстардың ұяң сыңарлары болады. Олар: п-б, т-д, с-з, қ-ғ, к-г.

Дауыссыз дыбыстардың айтылуына қарай жіктелуі **6-кесте. Дауысты дыбыстардың жіктелуі**

№	Жіктелуі	Дыбыстар
1.	Ерін формалары	п-б
2.	Тіс пен ерін дыбыстары	ф-в
3.	Тіс дыбыстары	т-с, з-ц
4.	Тіл ұшы дыбыстары	л-н-г
5.	Тіл алды дыбыстары	р-ш-ж
6.	Тіл арты дыбыстары	қ-ғ-ц-х
7.	Көмеймен айтылатын дыбыс	һ

Енді осы дыбыстарға тоқталайық:

1. Б және п дыбыстары. Бұл дыбыстарды айтқан кезде ерін тығыз тұтасады да, ал тіл бос жатады, таңдай шымылдығы көтеріңкі болады. Ауаға асығыс шыққан дем ауызға бағытталады. Сөйтіп, тығыздалған еріндер бір-бірінен ажырайды.

2. В және ф дыбыстары. Бұл дыбыстарды айтқан кезде төменгі ерін аздап жоғары тістерге жанасады. Сол кезде таңдай шымылдығы көтеріледі. Ал, тіл бос жатады. Тілдің ұшы төменгі тістерге жанасады. Тістер мен еріндер арасындағы ауа в және ф дыбыстарын шығарады.

3. Д, т және н дыбыстары. Тіл аздап таңдайға көтеріліп, алдыңғы бөлігімен алдыңғы жоғарғы тіске жанасады. Д және н дыбыстарында дауыс желбезегі тербеліп, н дыбысын айтқанда таңдай шымылдығы төмен түседі. Д және т дыбыстарында таңдай желбезегі көтеріледі.

4. К, г және х дыбыстары. К және г дыбыстарында тіл таңдайға тиіп, таңдай шымылдығы көтеріледі. Ауаға асығыс шыққан дем тіл және таңдай арқалықтары арқылы жиырылып өтеді де, сөйтіп, к және г дыбыстары шығады.

5. Р дыбысы. Бұл дыбыс жұмсақ айтылып ауаға шыққан демнің қозғалысымен тіл ұшында жиі тербеліс пайда болады. Керісінше, дыбыс қатты шықса, онда тербеліс жоғарғы тістің жақ сүйегіне еніп тұратын қуысында болады.

6. М дыбысы. М дыбысын айтқанда ерін аздап тұтасып, жоғары тіске тиеді де, ауаға шығатын мұрын арқылы өтеді.

7. Л дыбысы. Тіл ұшы алдыңғы жоғарғы тіске тиіп, таңдай шымылдығы көтеріледі. Дауыс желбезегі тербеледі.

8. З және с дыбыстары. Бұл дыбыстарды айтқанда тілдің жақ шеттері қысылады. Ауаға шыққан дем тілдің кішкентай науасы мен тіс арасынан өтіп, з және с дыбыстары пайда болады.

9. Ж және ш дыбыстары. Тілдің кең ұшы жоғарғы жақ сүйегіне еніп тұрған тіс қуысына көтеріледі. Бұл кезде тіл мен таңдай аралығында саңылау пайда болады. Тіл арқалығының артқы бөлігі көтеріледі де, тіл шұңқырланады. Ал, ерін аздап алға тартылады.

Егер сөз аяғында б, в, г, д ұяң дауыссыз дыбыстар кездесетін болса, олар п, т, к, ф қатаң дыбыстармен алмасады. Мысалы, Ленинград – Ленинград, Петербург – Петербург, Маратов – Маратоп.

Қазақ орфоэпиясының мәселесі дыбыстардың үндесуіне де байланысты болғандығын ұмытпаған жөн. Мысалы, қ, к қатаң дауыссыз дыбыстар ұяңдап ғ, г дыбыстарына айналады.

Жазылуы
Еркін күш
Жирен көк

Айтылуы
Еркін күш
Жирен гөк

Сөз аралығында н дыбысы мен қ дыбысы, с дыбысы мен ж дыбысы қатарлас келсе, с дыбысы ш дыбысына, ж дыбысы ш дыбысына өзгереді. Ал, н дыбысы ң дыбысына, қ, к дыбыстары ғ, г дыбыстарына өзгереді.

Жазылуы
Сөзсіз
Газ жолы

Айтылуы
Сөссіз
Гажжолы

Құрама дауыссыз дыбыстары: дыбысы т және с дыбыстарынан тұрады (Ц дыбысы ть және съ дыбыстарынан тұрады және елеусіз айтылады). Ш дыбысы – шыш созылған жіңішке дыбыс. Тіл ұшы алдыңғы тіске ш дыбысына қарағанда барынша созылады, екеуі де басқа тілден енген сөздердің құрамында қолданылады.

Дауыссыз дыбыстардың айтылуы

Өкпеден қайтқан ауа дауыс шымылдығына соғылғанда, дауыс шымылдығы жиырылып тұрып, діріл пайда болмай, сылдыр ғана пайда болады. Ол ауыз, мұрын қуысына түскенде, дыбыстау мүшелерінің кедергілеріне ұшырап, соқтығысып шығады. Өз алдына буын құрай алмайды. Ең негізгі дауыстың қатысына қарай үнді, үнсіз болып бөлінеді.



Дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына қарай, жасалу тәсілі мен айтылуына қарай, жасалу орнына қарай жүйеленеді. Дауыссыз дыбысты ажыратқанда үні қалай шығады, айту кезінде қай мүшенің қатысы болады, дыбыстау мүшесінің қатысуы арқылы қалай жасалып тұрғанын әркім өз дыбыстау мүшесі арқылы дұрыс айтып көріп жаттығуы қажет.

5-МОДУЛЬ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР:

1. Дыбыстарды түгел анық айтып, дыбыстау мүшелерінің қызметін бақыла;
2. Өлең жолдары арқылы **р** дыбысының оқылуын тексер;
3. Жаңылтпаштың оқылуына сай жаттығу жұмыстарын жаса. Жаңылтпашты бірінші ақырын, екінші орташа, үшінші тез айтуы шарт. Жаттығу үшін тез айтып үйрену қажет.

5-МОДУЛЬ БОЙЫНША ГЛОССАРИЙ

7-кесте. Глоссарий

№		
1	Мәнерлеп оқудағы тілдік аппараттың қызметі	The function of the language apparatus in expressive reading
2	Дұрыс әдеби тіл (орфоэпия)	Correct literary language(orphoepy)
3	Дауысты дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппараттың жағдайы	State of the language apparatus in the pronunciation of the vowels
4	Астыңғы жақ сүйек	Lower jaw
5	Таңдай шымылдығы	Palatine curtain
6	Жақ сүйектері	Jaw
7	Шынашақтай	Little
8	Дыбыс желбезегі	The sound of the wind
9	Дауысты дыбыстардың айтылуы	Pronunciation of vowel sounds
10	Тіл	Tongue
11	Жақ	Jaw
12	Ерін	Lips
13	Элизия	Elision
14	Дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы тілдік аппараттың жағдайы	State of the language apparatus in the pronunciation of the consonant sounds
15	Ерін формалары	Lip forms
16	Ерін дыбыстары	Lip sounds
17	Тіс дыбыстары	Teeth sounds
18	Тіл ұшы дыбыстары	Tongue tip sounds
19	Тіл алды дыбыстары	Front of the tongue sounds
20	Көмей	Larynx
21	Көмеймен айтылатын дыбыс	Sound that is produced by the larynx
22	Орфоэпия	Orphoepy
23	Дауыссыз дыбыстардың айтылуы	Pronunciation of the consonant sounds
24	Жазылуы	Orthography
25	Айтылуы	Spelling

II БӨЛІМ. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

1-МОДУЛЬ. МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР


1.1. КЕШЕНДІ ЖАТТЫҒУЛАР

Бірінші кешенді жаттығулар

1-жаттығу.

Бір орында тұрып, аяқтардың аралығын иық мөлшерінде ашып, екі бүйірді таяну керек. Жартылай ілгері иіліп, жауырынды еңкейген сәтте арқаны түзу ұстау қажет. Иілгеннен кейін қолды жайып, мұрынмен демді ішке тарту. Қалыпты жайға келгенде демді қайтып шығарып, еріндерді жымқыру арқылы демге зер салу. Басты алдымен оң иыққа, одан кейін сол жаққа шалқайта ұстау.


3-сурет. Жаттығу



2-жаттығу.

Бір орында тұрып, аяқ арасын өз иығыңның мөлшерінде ашып, екі бүйірді таяну. «Бір» деп еңкею, арқаны түзу ұстау. Еңкейісімен қолдарды бастан асыра айқастыра созып, мұрынмен демді ішке тарту. Қалыпты жағдайға көшкен кезде демді ұзаққа соза түсіп, М, Н дыбыстарын алма-кезек қайталап айту керек. М және Н дыбыстарын айта отырып, басты солдан оңға қарай, сосын оңнан солға қарай айналдыру керек. Осылайша жаттығуды 5-6 рет қайталаған дұрыс.


4-сурет. Жаттығу



3-жаттығу.

Бір орында тұрып, аяқ арасын өз иығыңның мөлшерінде ашып, екі бүйірді таяну керек. «Бір» деп жартылай еңкейіп, арқаны, әдеттегідей, түзу ұстайды. Еңкейгенде мұрынмен демді ішке тарту. Ал, екі, үш, төрт деп дауыстап санап, жайлап демді шығармай, қалыпты жағдайға келу керек. Сосын, «бес, алты, жеті» деп дауыстап санап, тағы да еңкейіп, «сегіз, тоғыз, он» дегенде қалыпты жағдайға келу. Жаттығу үш рет қайталанады. Аталған жаттығулар кешені екі ай жалғасады. Таңертең гигиеналық гимнастика жасалу тиіс.

5-сурет. Жаттығу



Екінші кешенді жаттығулар

6-сурет. Жаттығу




1-жаттығу.

Алдымен бетіңізге, маңдайыңызға, қабағыңыздың астына, танауыңыздың түбіне және алқымға гигиеналық массаж жасау керек. Маңдайдан желкеге дейін сылап-сипап жаттығуды жалғастырған дұрыс.

2-жаттығу.

Тік тұрыңыз да, басыңызды жаймен шалқайтыңыз. Сол кезде «ба-бо-бэ» буынын дыбыстап жайлап, сабырмен айтыңыз. Содан кейін басыңызды қайта қалпына келтіріп, кеудеңізге иегіңіз тигенше ақырындап еңкейтеңіз. «Ба-бо-бэ» буынын баяу шығарыңыз. Басыңызды сол жағыңызға бұрып «ма-мэ-мо» буынын, содан кейін басыңызды оң жаққа қисайтып, буынды дауыстап айтыңыз. Жаттығу бес рет қайталануы керек және орындыққа отырып та қайталаған пайдалы.


7-сурет. Жаттығу



3-жаттығу.

Түзу тұрып, басыңызды оң жаққа бұрып, «ба-бо-бэ» буындарын жаймен айтыңыз. Басыңызды шалқайта айналдырып, «да-до-дэ» буындарымен жаттығуды жалғастырыңыз. «Ма-мэ-мо» буындарын айтып, басты төмен салып айналдырыңыз. Жаттығу соңында басты иыққа қарай көтерген кезде «на-нэ-но» буындарын баяу дыбыстаңыз. Жаттығу бес рет қайталануы тиіс.


8-сурет. Жаттығу



4-жаттығу.

Өзіңізді еркін ұстап, тік тұрыңыз. Желке еттері сіресіп тұрмауын бақылап басыңызды шалқайтыңыз. Содан кейін «гма-гмо-гмә-гму-гми» буындарын жайлап айтыңыз. Келесі жағдайда, яғни, басыңызды кеудеге жеткенше иген кезде «гна-гно-гнә-гну-гни» буындарын дыбыстап айту қажет.

9-сурет. Жаттығу




5-жаттығу.

Тігінен түзу тұрып, басыңызды шалқайтып, жоғарғы ерніңізді көтеріңіз де «в» дыбысын айтыңыз. Содан кейін басыңызды төмен иіп, «з» дыбысын бірнеше рет қайталап, дауыстап айту керек. Осы жаттығуды бірнеше рет қайталап, ерін қозғалысына баса назар аударған дұрыс. Енді осы жаттығуға қосымша жаттығуды ұсынамыз. Олар:

а) «В» дыбысын қайталаған кезде қандай да бір әуенді қосып, үстінгі ерінді жоғары қарай көтеріңіз.

ә) «З» дыбысын қайталау кезінде таныс әуенмен астыңғы ерінді қымқыра ұстап, дыбысты сыртқа шығарыңыз.

10-сурет. Жаттығу



6-жаттығу.

Саусағыңызбен танауыңыздың оң жағын жауып, сол жағымен дем алыңыз. Ал, демді сыртқа шығарған кезде, сол жақ мұрын тесігін жауып, оң жағымен лепті шығарыңыз. Сол кезде «и» дыбысын айтуды ұмытпаңыз. Екінші жолы жаттығуды керісінше жасауға тырысыңыз. Бұл кезде «и» дыбысының орнына «м» дыбысын қолданыңыз.

Есте боларлық жағдай, тыныс алу аппаратын дұрыс шынықтыру үшін кешендік жаттығу барысында бір мезгілде үштен артық жаттығу енгізудің қажеті жоқ. Демді бір қалыпты алудың үйренуге арналған жаттығуды бұлшық ет сезінуін өзінше талдау жасап пайымдау керек.

Дем алу жаттығуын орындау барысында демді ішке тартқан сәтте мына жайларды есте сақтау керек:

1. Іш құрылысы бұлшық еттері жиырылады да, ішке қарай қабыса түседі және кеудеге қарай тартылады;

2. Тыныс белдеуін ауа керіп, диафрагма төңірегі, төменгі қабырғалар және қына бел тарыла түседі.


Ал, демді сыртқа шығарған кезде мына жағдайды жадыңызда сақтағаныңыз жөн:

1. Іш құрылысының бұлшық еттері тарапынан аздап қысым жасалады;

2. Тыныс белдеуінің төңірегі демді сыртқа шығару кезінде, яғни, дыбыстауда өзінің демді ішке тарту қалпын сақтайды.

Тыныс аппаратын машықтандыруға байланысты осы арнайы жаттығу гимнастикасынан кейін өзіне өзі массаж жасап, дауыстың еркін күшін өлең немесе көркемсөз оқу арқылы жүзеге асыруға болады.

11-сурет. Жаттығу




Үшінші кешенді жаттығулар

1-жаттығу.

Тік тұрып, басты жайлап шалқайта түсіп «да-до-де» буынын сабырмен, баяу айту. Сосын басты қайта көтеріп, кеудеге иегі тигенше жайлап еңкейту. Осы еңкейту барысында «да-до-де» буынын дауыстап айту.

Басты сол жақ иыққа қарай қисайту кезінде «ма-мә-мо» буынын, ол оң иыққа қарай қисайтқанда «иа-иә-ие» буынын айту керек. Буынның әрқайсысын бес рет қайталау керек. Дәл осы жаттығуды орындыққа отырып тағы қайталау керек.

12-сурет. Жаттығу



2-жаттығу.

Тік тұрып, басты бір жаққа қарай құлақ иыққа жеткенше, қисайта отырып, «да-до-де» буындарын сол ырғақта, сол баяу қалыпта дауыстап айтуды жалғастыру. Ал, «ма-мә-мо» буындарын айту үстінде басты төмен салып айналдыру. Бұдан соң иыққа қарай көтере қозғалтқан тұста «на-но-нә» буындарын дыбыстау. Осы бір-бірімен жалғасатын жаттығуды бес рет қайталап, оны орындықта отырып та жасауға болады.


13-сурет. Жаттығу



3-жаттығу.

Тік тұрып, өзінді еркін ұстап, басты шайқап, желке еттері сіресіп тұрмас үшін жақты бақылап және осы кезде «гра-гру-гри» буындарын жайлап дыбыстау керек. Ал, басты иек кеудеге жеткенше иген кезде «гла-глә-гли» буындарын айту керек. Жаттығу бес рет қайталанады. Бұл жаттығуды орындыққа отырып та жасауға болады.

14-сурет. Жаттығу



4-жаттығу.

Тік тұрып, басты шалқайтып, үстіңгі ерінді жоғары көтеріп, «б» дыбысын, содан кейін, басты төмен еңкейтіп, астыңғы ерінді төмен түсіріп,


«ж» дыбысын әлденеше рет дыбыстап айту керек. Жаттығу бес рет қайталанады. Мұны орындықта отырып та жасауға болады.

Осы арада айта кететін бір жайт, еріндерді түзу ұстап, б, ж дыбыстарын бірнеше рет қайталап айту керек. Бұған қосымша мына жаттығулар ұсынылады.

1. «б» дыбысын қайталау арқылы өзіне таныс әуенді айтып көр. Айту барысында үстіңгі ерінді тәртіп бойынша жоғары ұстау керек.

2. «ж» дыбысын қайталау арқылы өзіне таныс өлең шумақтарын айтып көр. Айту барысында үстіңгі ерінді қызыл иектен төмен ұстау керек.

15-сурет. Жаттығу



5-жаттығу.

Саусақпен оң жақ танауды, ауызды жұмып, қысып, сол жақ танаумен демді ішке тарту. Демді сыртқа шығарарда сол жақ танауды қысып, оң жақ танаумен лепті жіберу. Лепті жіберу барысында «и» дыбысын айту. Екінші жолы сол жақ танауды қысып, оң жақ танаумен демді ішке тарту. Ал, тынысты жіберер кезде оң жақ танауды қысып, сол жақ танаумен «н» дыбысын қоса айтып, демді сыртқа шығару. Бұл жаттығуды осылай алма-кезек бес рет қайталап, тұрып та, отырып та, жатып та, жүріп те жасауға болады.

16-сурет. Жаттығу



1.2. ТІЛДІК ЖАТТЫҒУЛАР

1-жаттығу. Тілдің ұшын ақырындап, жаймен тіске тигізу қажет. Ауызды ашқан кезде көмейдегі кішкентай тілшік көтеріледі. Бұл өз кезінде дауысты дыбыстардың еркін шығуына септігін тигізеді.

2-жаттығу. Тілді жоғары көтеріп, жоғары тіске тигіземіз. Одан кейін қайта орнына келтіреміз.

3-жаттығу. Тілді жоғары көмейге қарай жиырып, тілдің астындағы көк тамырларға күш түсіру керек. Содан кейін Р дауыссыз дыбысын айту керек. Сөйлемдегі бұл дыбыс анық, түсінікті шығатын болады.

4-жаттығу. Тілді жиырып алып, біресе оң ұртқа, біресе сол ұртқа тигізіп, қайта қалпына келтіріңіз.

Жаттығуларды бірнеше рет қайталаған жөн. Бұл тілдік жаттығулардың маңызы өте зор.

1.3. ЕРІНДІК ЖАТТЫҒУЛАР

1-жаттығу. Екі ерінді Ө дыбысын айтқандай алға қарай созасыз, бұл жаттығуды жасағанда тіл және тіс өз қалпында болуы керек.

2-жаттығу. Тісті көрсетпей езу тартыңыз.

3-жаттығу. Алдымен тек жоғарғы тісті көрсетіңіз, төменгі тісті төменгі ерінмен жауып тұрыңыз. Енді осы жаттығуды керісінше жасап көріңіз.

4-жаттығу. Екі еріннің қалыпты жағдайын сақтап тұрыңыз да, сонан соң ерніңізді әуелі жоғары, сосын төмен қозғаңыз.

5-жаттығу. Енді екі ерінді сүйірлеп алып, әуелі оң жаққа, сонан кейін сол жаққа бұрып көріңіз. Иек қозғалмасын. Жаттығуларды бірнеше рет қайталаған жөн. Қысаң дыбыстардың (**ұ, ү, ы, і**) өзгешелеу өзіндік ерекшеліктерін ескеру керек. Атап айтсақ:

1. Кейбір екі буынды сөздердің екінші буынындағы қысаңдар дауыстылардан басталатын қосымша жалғанғанда, онда ол дыбыс айтқанда түсіп қалады. Мысалы: қорық: қорқ – а, қорқ – ақ, қорқ – ыңқыра, қорқ – ыт, қорқ – у; Ал, **ө, е** дауысты дыбыстары екінші буында ешқашанда түспейді.

2. Қысаң дауысты дыбыстар кірме сөздерге жамалып айтылуға бейім. Мысалы, ұ – рұқсат, ү – рүстем, ы – рақмет, і – рәсім, ы – рас.

3. Дауыстыларды жақтың қатысына қарай жіктегенде елеулі белгі ретінде ұйқастың жасалуын ескеру керек. Өлең ұйқастарын жасауда буын құрамындағы дауыстылардың жақ қатысы жағынан деңгейлес болып келуі өте маңызды. Сонда ұйқасатын сөздердің буындары бірыңғай не ашықтан (а, ә), не қысаңнан (ұ, ү, ы, і) тұрады. Ал, е, о, ө дыбыстары әлгілердің ешқайсысымен де ұйқаса алмайды, тек өзімен-өзі қалады.


1.4. ҚЫЗ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

17-сурет. Жаттығу




1. К-г, к-г, к-г дауыссыз дыбыстарын жаймен, сабырмен бірнеше рет қайталау.

18-сурет. Жаттығу



2. Жұтқыншақты кере дем алып а-э-о, а-э-о, а э-о дауысты дыбыстарын іштей қайталап айту.

19-сурет. Жаттығу



3. Алдымен мұрынмен дем алып, демді сыртқа шығар кезде оң аяқты және екі қолды көтеріп, алға қарай созу керек. Дем сыртқа шыққанда дмм-дмм-дмм дауыссыз дыбыстарын естірте айту керек.

20-сурет. Жаттығу




4. Екі қолды жоғары көтеріп, мұрынмен дем алу. Демді сыртқа шығарған кезде алдыға қарай еңкейіп, қолды артқа созу.

21-сурет. Жаттығу



5. Екі бүйірді таянып, мұрынмен дем алу. Оң аяқты бүгіп тұру. Отырған кезде бмм-бмм-бмм дыбыстарын шығару.

22-сурет. Жаттығу



мнн.

6. Екі қолды жоғары көтеріп, айқастырып мұрынмен дем алу. Демді сыртқа шығарған кезде денені бос ұстап қолды төмен түсіру. Осы кезде мнн-мнн-мнн деп дыбыстау.

Ер балалар мен қыз балалардың тыныс мүшелерінің кейбір ерекшеліктеріне байланысты жаттығулар осылай бөлектеніп әрі ерекшеленіп беріледі.

1.5. ЕР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

23-сурет. Жаттығу



рнн...

1. Тынысты ішке тартқанда қолды жоғары көтеріп, оң аяқты артқа созу. Ал кеудені ілгері созып, бас тік болғаны дұрыс. Демді сыртқа шығарған кезде рнн-рнн-рнн дауыссыз дыбыстарын естіріп айту керек.

24-сурет. Жаттығу



1...50

2. Мұрынмен дем алып, демді сыртқа шығарғанда тізені жоғары көтеріп, бір орында тұрып жүгіру. Ойша отызға, қырыққа, елуге дейін санау.

25-сурет. Жаттығу



3. Бір аяқты алға қарай созып, бір аяқпен тұрып мұрынмен дем алу. Демді сыртқа шығарған кезде бір аяқпен орнында тұрып секіру. Ойша жиырма, отызға дейін санау.

1...30


26-сурет. Жаттығу



4. Мұрынмен дем алу. Демді сыртқа шығарған кезде екі қолды жоғары көтеріп, сосын артқа созу. Сол кезде знн-знн-знн дауыссыз дыбыстарын естірте айту.

знн...

27-сурет. Жаттығу



днн...

5. Екі бүйірді таянып, мұрынмен дем алу. Демді сыртқа шығарғанда днн-днн-днн дауыссыз дыбыстарын айтып, сол қолды оң аяқтың ұшына дейін созу.

Жоғарыда аталған жаттығуларды 4-5 рет қайталауы керек. Сондай-ақ, кешенді жаттығуларды жасаудың да пайдасы зор.

1.6. СӨЙЛЕУ ҚАРҚЫНЫН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Сөйлеу қарқыны ырғақ қозғалыстардың, әрекеттер мен процестердің үдеткіші мен баяулауын модельдеуге мүмкіндік беретін маңызды экспрессивті құрал болып табылады. Сөйлеу қарқыны дұрыс пайдаланыла білсе, оқылатын сөз, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге әсерлілік, ойнақылық, бірқалыптылық сияқты сан түрлі сипатта құбылтуға мүмкіндік туғызады. Өзге де мәнерлегіш тәсілдермен өзара байланыста орындалып, бірін-бірі толықтырып, шығарма (өлең, мысал, әңгіме т.б.) мазмұнының тыңдарманға әсерлі жеткізілуіне мүмкіншілік жасайды.

1-жаттығу. Төмендегі мәтінді өте баяу қарқында оқыңыз.

Табиғат **I** – бізді қоршаған орта, **II** адамға **I** табиғатсыз өмір жоқ. **III** Табиғаттың әдемілігі **II** – адам жанының тазалығы. **III** Себебі, **I** жаны таза адам **II** болашағын ойлайды, **II** өз ұрпақтарына **I** осы әдемі табиғатты сақтап, **II** қорғауға тырысады. **III**

(Баяу қарқынды қамтамасыз ету үшін ішіңізден асықпай қысқа кідірісте «бір», орташа кідірісте «бір, екі», үлкен кідірісте «бір, екі, үш» деп санаңыз. Мәтінді үш рет оқи отырып, осы фразаларды есептеусіз, бірақ қарқын мен кідірісті сақтай отырып айтыңыз).

2-жаттығу. Жаңылтпаштарды төмендегі жағдаяттарға сәйкес әртүрлі қарқында оқыңыз:

- а) Сіз жаңа ғана ояндыңыз, бүгін демалыс. Сіз ешқайда асықпайсыз;
- ә) Сабақтың басталуына 10 минут қалды, Сізге сыртқы киіміңізді шешіп, 4-қабатқа көтерілу керек;
- б) Пойыз 2 минуттан кейін жүреді, ал Сіз платформаға жаңа ғана шықтыңыз.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

1. Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.

2. Ұшпа – лақпа
Ұшқалаққа
Жете алар ма
Ұшқан ат та?

3. Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі.

3-жаттығу. Тырнақшаға алынған төл сөзді төмендегі жағдаяттардан шыға отырып, қажетті қарқынмен оқыңыз:

а) Қыздар лагерьде асханада кезекшілік атқаруда. Аспазшы сыртқа шығып кеткен болатын. «Мақпал апай! Тезірек келіңіз! Кеспе тасып, ет күйіп жатыр, біз не істерімізді білмей жатырмыз!»

ә) Бағбан бақта жүйектерді белгілеп жүр. «Соныме-е-е-ен... бүлдірген күнді жақсы көреді, оны алма ағашынан алыс отырғызу керек. Ал, оның орнына не ексем екен? Мүмкін, дәстүргүлді? Олар көлеңкеде жақсы өседі... Жоқ, онда мен ағашты қалай қазамын? Одан да шөп егейін...»

б) Радиокомментатор футбол матчынан репортаж жүргізуде: «Иә-ә, ауа райы матчқа кедергі келтіруде. Үш күн бойы үздіксіз жауған жаңбыр ойын алаңын үлкен жасыл шалшыққа айналдырып жіберді. Қандай өкінішті! Осы матчтан көп нәрсені күткен едік. Құр бүркінділер... Зая кеткен үміттер... Бұл не? Біздің команданы ауыстырып тастағандай. Қандай жылдамдық! Қандай керемет доп тебу! Осыдан айрылма, қарқынды кемітпе! Алға! Соқ! Го-ол! Керемет... Бұл – жеңіс. Жеңіс, қымбатты достар!»

4-жаттығу. Мәнерлеу құралы ретінде сөйлеу қарқынын өзгерте отырып, шығармалардан түрлі үзінділерді оқыңыз.

Жыртық кітап жылады

Әр беті сатпақ-сатпақ,
Сірескен шимай-шатпақ.
Алма-жұлма жыртық кітап
Өзіне қарап, жадап, жұтап,
Ашу қысып, ызаланып,
Иесіне бұрылып, назаланып:
- Ей, оқушы балам! – деді,
Қарашы өзің маған! – деді.
Жап-жаңа сүйкімді кітап едім,
Білім бұлағы – саған, - деді.
Бірінші тоқсанға жетпей,
Азырақ сыйлап, құрмет етпей,
Белшеден кірген батырдың,
Қолға алғысыз болып жатырмын.
Мұқабамды мылжа-мылжа қып жыртың,
Беттеріме білеулей қолыңды сұрттің.
Қаламыңмен тесіп, түртіп,
Шұрқ тесігімді шығардың,
Бұл қорлыққа қалай шыдармын?
Саған қызмет етуден басқа ниетім жоқ.
Бірақ жұртқа қарар бетім жоқ.
Ойланшы өзің, балам!
Не жазығым бар саған? – деп,
Ызалы жыртық кітап жылады.

Ө.Тұрманжанов

5-жаттығу. Бидің ырғағымен негізгі ой логикасын, дауыс құбылмалылығын сақтай отырып, тұтастықта айтыңыз. Бұл жаттығудың мақсаты – физикалық және тілдік тыныс алудың қалыпты жаттықтырылған деңгейіне қол жеткізу.

Вальстің ырғағымен өлеңді оқыңыз

Қазақ деген халықтың баласымын
Баласына беретін бар асылың.
Мінін көрсе, қиналып інісінің,
Тілін алып өсетін ағасының.

Қазақ деген халықтың баласымын
Жағасынан алмайтын данасының.
Айтқанынан шықпайтын әкесінің,
Бір сөзін де жықпайтын анасының.

Қазақ деген халықтың баласымын
Ағы менен көзінің қарасымын.
Халқын мақтан ететін әр жерлерде,
Салтын сақтап жүретін бабасының.

Қазақ деген халықтың баласымын
Алда талай алынар бар асуым.
Арман жолы жүрерім, бақыт жолы,
Мүмкін емес сол жолда адасуым,
Қазақ деген халықтың баласымын!

Т.Молдағалиев

1.7. ДАУЫС КҮШІНЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Дауыс күші табиғаттағы дауыс толқындарына еліктеуге, жүйке қысымының ұлғаюы және төмендеуін, көңіл-күй сезімін және басқа да толқын тәріздес процестерді көрсетуге мүмкіндік береді.

1-жаттығу. А.Тоқмағанбетовтың «Бидай мен қаңбақ» мысалын көрсетілген шартты белгілеріне сәйкес оқыңыз.

Автор:

← ' ←

Өзі **I қаңбақ** болсын, **II**

→ ←

Онда **I** қайдан **I** салмақ болсын, **II**

←

Тұрақтай алмай **II** тегістікке, **I**

←

Тірелді бір күні **II** егістікке. **III**

Бидайға **I** қаңбақ тым қатты, **II**

Дауыспен былай **II** тіл қатты: **II**

(Қаңбақ мақтанишақ үнмен)

Қаңбақ:

—————→

– Сен осы **II** бидаймысың? **II**

(Бидай салмақты үнмен)

Бидай:

←————

– Бидаймын. **II**

Қаңбақ:

—————→

↑

– Ақыл айтсам **II** тыңдаймысың? **II**

Бидай:

←————

– Тыңдаймын. **II**

Қаңбақ:

—————→

– Ашып айтсақ дұрысын, **II**

—————→

– Осы **I** қай тұрысың?! **II**

Жүрмейсің, **I** көрмейсің, **I** кезбейсің, **I**

↑

↑

Не бар, **I** не жоқты да **I** сезбейсің. **III**

—————→

Мен болсам міне, **II**

—————→

Күні мен түні **II**

Ұшарымды **I** жел біліп, **II**

Қонарымды **I** сай біліп, **II**

Сайран салып жүргенім, **II**

Қызық өмір сүргенім... II

(Бидай қатты ашумен)

Бидай:

—> '
– Ей, I қаңбақ! I
—————>
Ашып айтсақ, II дұрысын, I
—————>
Осы I қай жүрісің? II
—> '
Белгілі I тұрағың жоқ, II
—> '
Бас түгіл I құлағың жоқ. II
—> '
«Суф» десе қонасың, II
—> '
«Уф» десе ұшасың, II
' —>
Қаңғырған қаңбақсың, II
—> ' —>
Кімге I тұлға болмақсың?! III

(Бидай сабасына түсіп, ақырын дауыспен салмақты үнмен)

Біз болсақ II міне, I

Күні мен түні II
----- '
Жинағанмыз дән, II


'
Айналамыз толған ән... II

' '
Абырой да, I бақ та, I
' '
Атақ та, I даңқ та I
' '
Ерлік те, I жеңіс те – I

Барлығы осы егісте... III
----->

Бидайдың сөзі **II** осымен бітті, **II**

Қаңбақ жөніне зытты... **II**



Дұрысын айтқан **II** бидай ма, **I** қаңбақ па? **I**

← ←
Оны өздерің **II** салмақта. **III**

2-жаттығу. У дыбысын айта отырып, үш моторлы кемең дауысын келтіріңіз: үлкен, орташа және кіші. Дауыстардың бірізділігі маңызды емес. Сіз өз даусыңыздың үш түрлі биіктігін естуіңіз қажет. Резонаторларды тексеріңіз. У дыбысын айту барысында ерінді кеңірек созыңыз. Үш түрлі естілген және дұрыс биіктіктер сіздің даусыңыздың диапазонын белгілі бір деңгейде анықтайды.

3-жаттығу. Бір қолыңызды кеудеңізге, ал екінші қолыңызды төбеңізге қойыңыз, бір уақытта дыбысталуы қажет екі резонаторды да бірдей бақылаңыз. Дыбысты айту барысында мұрын қуысында тістер мен ерін айналасындақатты діріл сезілуі тиіс.

Мысалы: пам-пара-па-паммм!..

пам-пара-па-паммм!..

пам-пара-па-паммм!..

пам-пара-па-паммм!..

пам!..памм!.. паммм!..



4-жаттығу. Төмендегі жаңылтпашты көрсетілген шарттарға сәйкес дауысты құбылта отырып оқыңыз.

8-кесте. Жаңылтпаштың дауыс ырғағына сай оқылуы

Жаңылтпаш	Оқылуы
Ою ою ойым бар-ды,	орташа
Ойналмастан ойын қалды.	көтеріңкі дауыспен
Орындалмай ойымдағы	орташа
Ойылмады ою-дағы.	көтеріңкі дауыспен
Орашалақ, олақпын ба,	бәсең
Оя алмадым оюларды?	орташа

5-жаттығу. А.Құнанбаевтың «Ғылымға көңіл бөлсеңіз» өлеңінің әрбір тармағын дауысты ноталар бойынша көтере отырып оқыңыз. Оқу барысында дауыс ырғағын ескеру өте маңызды.

9-кесте. Өлеңнің нота әуеніне сай оқылуы

	
До	Болмасаң да, ұқсап бақ,
Ре	Бір ғалымды көрсеңіз.
Ми	Ондай болмақ қайда деп,
Фа	Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Соль	Сізге ғылым кім берер,
Ля	Жанбай жатып сәнсеңіз.
Си	Дүние де өзі, мал да өзі,
До	Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Ре	Өзің үшін үйренсең,
Ми	Жамандықтан жиренсең,
Фа	Ашыларсың жылма-жыл,
Соль	Біреу үшін үйренсең,
Ля	Біреу білмес, сен білсең,
Си	Білгеніңнің бәрі – тұл.
До	Сөзіне қарай кісіні ал,
Ре	Кісіге қарап сөз алма...
Ми	Тез үйреніп, тез жойма,
Фа	Жас уақытта көңіл – гүл.

1.8. ДАУЫС БИІКТІГІНЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1-жаттығу. Дыбыстарды және дыбыс тіркестерін әртүрлі ноталарда төменнен жоғарыға қарай дыбыстаңыз:

ММММ... ОУОУОУОУ... ӨҢӨҢӨҢ... ОИОИОИОИ...
ОАОАОАОА... ЛИМОН-ЛИМОН-ЛИМОН-ЛИМОН...

2-жаттығу. Түрлі буындарды, сөздерді дауыс биіктігін сақтай отырып, жоғарыдан төмен қарай айтып жаттығу.

1.9. ЕРІКТІ ДЕМ АЛУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Еріксіз дем алу көбіне сөйлеу тілінде асығыстықтан, жүгіріп келе жатып сөйлегенде жиі кездеседі. Шығарма оқу барысында өзінің дұрыс дем алуын басқара алмаған мұғалім де, студент те келістіріп мәнерлі оқи алмақ емес. Сондықтан, ерікті дем алуды қалыптастыру үшін үнемі жаттығулар кешенін жасап үйрену қажет.

I. Қабырға мен құрсақ қатарын босаңсыту

1. Өзіңді қыстамай еркінше тік тұру керек. Әсіресе, иық пен мойынның еркін болуын қадағалау қажет, иықты сәл жазыңқы ұстау керек.

2. Диафрагманың қозғалысын бақылау үшін бір қолыңды құрсақ қапталының жоғарғы жағына, қабырғаның қозғалысын бақылау үшін екінші қолыңды бүйірге белден жоғарырақ қою қажет.

3. Азырақ дем шығарып, демді ішке тартуды ептеп соза түсу үшін ауызды жауып, мұрын арқылы елеусіз ғана ауа жұтып, мұрын желбезегін қозғамай жайлап дем шығару керек.(5 секунд).

4. Біртіндеп дем шығаруға даярлану үшін, өкпеде ауаны біраз бөгеу (2-3 секунд) а дыбысын айтқандағыдай ауызды ашып, демді бірден шығармай, біртіндеп, баяу, тек диафрагманың қозғалысымен (4-5 секунд) шығарған дұрыс. Өкпеде ауа қорын жасау үшін, қабырғаның қозғалысын біршама бөгеген жөн.

II. Қабырға мен қарын қатпарын босаңсыту

1. Негізінен бірінші жаттығу кезінде дем шығару мерзімі 1 секундтан 10 секундқа дейін созылады, одан артпауға тиіс.

2. Демді ішке тарту (3 секунд). Бірінші жаттығудағыдай тыныс алуды бекіту. Дем шығарғанда дауыстап, асықпай 1, 2, 3, 4, 5 деп санау керек.

3. Тағы да 1, 2, 3...10-ға дейін дауыстап санау, қабырғаны қозғамау, құрсақ қатпарын босаңсытпау (1-жаттығудағы секілді диафрагмамен қабырғаның қозғалысын бақылау).

4. Қосымша ауа жұту (1секунд). Дауыстап 11, 12, 13, 14, 15 деп асықпай санау.

5. Демді ішке тарту (3 секунд). Дауыстап санау (1, 2, 3, 4, 5, 6).

6. Қосымша ауа жұту (1 секунд). Дауыстап санау (1,2,3,4,5,6,7). Жаттығуларды қайталағанда 15-ке жеткізуге болады.

7. Белгілі бір мәтінді оқып, өз тынысыңды тексер. Оқып болған соң, мәтіннің қай жерлерінде ауаны мол жұттың, қай жерінде аз қосымша ауа жұтқаныңды белгіле.


1.10. СӨЙЛЕУ ТЕХНИКАСЫН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Мәнерлеп оқу сөйлеу техникасын толық меңгермейінше мүмкін емес, ол мынадай үш компонентті қамтиды: 1. Дұрыс тыныс алу. 2. Шебер дауыспен дұрыс сөйлеу. 3. Жақсы дикция.

Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу ауаны үнемді әрі бірқалыпты жұмсауға негізделеді. Тыныс алуды дұрыс бақылау үшін дем жұтуды және оны дұрыс шығаруды талапқа сай үйренуге болады. Тыныс алудың ұзақтығы өлең жолдарын соңына дейін үзіліссіз оқу қажеттігінен туындайды. Тыныс алудың ұзақтығын сақтауға жаттықтыру үшін төмендегі жаттығуларды орындатуға болады.


1-жаттығу. Төмендегі сызба бойынша тыныс алу кендігін жаттықтырыңыз: жоғары көрсеткі – тыныс алу, төмен көрсеткі – демді шығару, көрсеткілер арасындағы қапсырма – демді ұстап тұру, цифрлар – жаттығу элементтерін орындау барысында ойша есептелетін секундтар саны, ауаны *ффф* немесе *шшш* немесе *ххх* деп дыбыстай отырып шығаруы тиіс.

11-сызба. Тыныс алу



2-жаттығу. Төмендегі сызбаға сәйкес жеке тыныс алуды жеке тыныс шығарумен жаттықтырыңыз:

12-сызба. Тыныс шығару



3-жаттығу. Төмендегі өлеңнің әр тармағын бір демде тыныс алу арқылы оқып шығыңыз.

Оқуға шақыру

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.
Балалар, бұл жол басы – даналыққа,
Келіндер, түсіп байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер, іздеп, тауып алалық та!

Ахмет Байтұрсынұлы

4-жаттығу. Төмендегі әсірелеуге негізделген фразаны бір деммен оқып көріңіз. Мысалы: *Мен Сізге ең гажайып, ең әдемі, ең ерекше, ең керемет, ең күтпеген, ең үлкен, ең сирек кездесетін, ең қарапайым, ең жеңіл, ең маңызды, ең лайықты нәрсе туралы хабарлағым келеді.*

5-жаттығу. Бір деммен жаңылтпашты оқып шығуға тырысыңыз.

Аласа ат
Алыс шаппас,
Алыс шапса,
Шалыс шаппас.
Шабысты ат
Шалыс шаппас,
Шалыс шапса,
Алыс шаппас.

6-жаттығу. Бір деммен М.Әлімбаевтың «Он саусақ» атты өлең жолдарын оқып көріңіз.

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды...
Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ...

1.11. ДЕМ МЕН ДАУЫСҚА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Күнделікті жасалатын жаттығулар дауысты машықтандырып жүрген студентке дауыс гигиенасына ғана емес, жеке басының гигиенасына да әсер етеді. Ол үшін таңертеңгі уақытта үнемі және тыңғылықты жаттығулар жасауға барынша көңіл бөлген жөн.

1. Ауызды жұмып тұрып, кезекпе-кезек мұрын арқылы отыз рет демді ішке тартып, тыныс алу керек.

Таңертең жуынған кезде тұзды жылы суға араластырып, сол сумен ауызды және мұрынды шаю қажет.

Кешке жатар алдында мына жаттығуларды жасаған дұрыс.

1. Көзді жұмып, қабақты түймей, бетті, маңдайды, жақты, самайды, ауызды, иек еттерін сылап-сипап бұлшық еттерді босату;

2. Басты оңнан солға одан кейін, керісінше, солдан оңға қисайтып, мойынды босатып тыныс алу қажет;

3. Желкенің және иықтардың мойынға жалғасар тұсын, сондай-ақ, бұғана, қолдарды, кеуде бұлшық еттерін босатып тыныс алу;

4. Іш құрылысы еттерін босатып тыныс алу.

Тамақ құрғаған кезде сілті минерал суымен немесе бір стакан жылы суға шай қасық ас содасын және 2-3 тамшы йод араластырып, ерітіндімен тамақты шайқап отыру керек.

1.12. ДИКЦИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Дикция – бұл сөздердің айқын, нақты айтылуы. Жақсы дикция барысында тілдің қозғалмалы органдары – ерін, тіл, астыңғы жақ белсенді қызмет атқарады. Дикцияның өзіне тән кемістіктері – сақаулық, тілін шайнап сөйлеушілік, маңқалық, ысылдап сөйлеу, сөздің аяғын жұтып қою.

Дикцияны жетілдіруге жаттығуларды орындау міндетті түрде орфоэпиялық нормаларды сақтаумен, яғни, дұрыс (нормативті) айтылыммен қатар жүзеге асырылуы қажет. Бұл нормаларды біз төменде еске саламыз.

1-жаттығу. Күніне бірнеше рет айнаның алдында шапшаң қимылмен астыңғы жақты төмен түсіріңіз. Бұл мәнерлеп оқу барысында ауыздың кең және еркін ашылуы үшін өте маңызды. Бұл жаттығу тістің арасынан сөйлеудің алдын алады.

2-жаттығу. Еріндеріңізді алға қарай сүйірлендіре отырып, солға, оңға, төмен, дөңгеленте айналдырып жаттығыңыз.

3-жаттығу. Бұл жаттығу көмейдің қозғалмалылығын дамытады. И және у дыбыстарын кезекпен баяу айтыңыз: и-у-и-у-и-у-и-у. 10 рет қайталаңыз.

4-жаттығу. Бұл жаттығу артикуляцияның айқындылығын дамытуға арналады. Тыңдармандарға қарсы бетпен тұрып, кез келген мәтінді баяу және анық оқыңыз. Барлығына түсінікті болуға тырысыңыз.

5-жаттығу.

а) Дауысты и-ә-о-у-е-і дыбыстарын жеке-жеке (орташа кідіріспен), бір демде айтып шығыңыз. Кідірістерде ауаны жұтпаңыз, тек бөліңіз.

ә) Дыбыстарды көрсетілген екпінге сәйкес бірыңғай айтыңыз. Дыбыстарды қосып, әрбір жолды бір деммен оқып шығыңыз.

и-ә-о-у-е-і
и-ә-о-у-е-і
и-ә-о-у-е-і
и-ә-о-у-е-і
и-ә-о-у-е-і
и-ә-о-у-е-і

2-МОДУЛЬ. ТІЛДІ ЖАТТЫҚТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢЫЛТПАШТАР

Жаңылтпаш – балалардың тілін жаттықтыру мақсатындағы халық ауыз әдебиетінің бір жанры. Жаңылтпаш бала тілінің жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, тілдің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауға баулиды. Сонымен бірге, есте сақтау қабілетін арттырып, шапшаңдыққа, қырағылыққа бейімдейді. Осыған орай, қазақ және ағылшын тілдеріндегі жаңылтпаштың топтамасы берілген.

2.1. Тілдегі қиын дыбыстарды анық айтуға арналған жаңылтпаштар

Сен сел емес,
Сел сен емес,
Мен сен емес,
Сен мен емес.

Шағай ағай
Жанат ағайға:
Келгенің жай ма? – десе,
Жанат ағай
Шағай ағайға:
«Анау жаңа ай ма?» – депті.

Шыңтемір шықпен шыланған шөпке
Шыңдалған шалғысын шық еткізді.

Сұр сұм,
Сұм сұр.
Бұл сұр – сұр қасқыр.
Құрсын бұл сұр – сұм сұр.

Сусар суда суамас,
Суаса, қырда жуамас.

Үш аша,
Үшкір ме ұшы аса?

Шақар,
Жапар,
Шадыр,
Садыр,
Сабыр-сабыр!

Мергеннің еңбегі – ермегі,
Ермегі – еңбегі.

Шорағай шоршып кетті,
Шорабай шошып кетті.
Шорағай қорқақ па,
Шорабай шорқақ па?!

Зура зурнада ойнайды,
Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,
Ділда да, Шура да зурнада ойнайды.

Талас па,
Борас па,
Құраш
Таласта тұрады,
Тұраш
Бораста тұрады.

Шығырдағы шынжыр шылдыр-шылдыр,
Шылдыр-шылдыр шығырдағы шынжыр.

Анау арал қай арал?
Қайыңды арал, талды арал,
Ішінде бұзаулы ала марал.

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,
Бір топ кемпір келеді шал аралас,
Тауға қайың бітеді тал аралас,
Бір топ сиыр келеді тана аралас.

Шуақтаған ботамды
Шуға апарып шудаладым.
Шудалаған шудасын
Суға салдым,
Судан алдым.

Суға малдым.

Бұл қайсы арал?

Қарғалы арал.

Қамыс басын қайырып,

Қарға ұялар.

Ай, ай, Айдарбай,

Иір мүйіз сиырды

Үйіңе айдай бар.

2.2. Буындарды айқын айтуға арналған жаңылтпаштар

Алмажан,

Жармадан

Көже ашымайды

Жалма-жан.

Піскен пісте,

Піс те,

Жерге

Түспе.

Алма ал,

Алма барда,

Алмұрт алар ма?!

Алма барда.

Ләңгі-сәңгі қалды,

Әбді шаңғы алды.

Омар, Жұман

Ұмар – жұмар алысады.

Үйме-жүйме

Ілгек - түйме тағы ұшады.

Абажа,

Кебеже, -

Деді әжесі, -

Екеуі екі дәреже:

Абажа кебежеден үлкендеу,

Кебеже абажадан кішілеу.

Мынау асау

Мұндай асау

Тумас-ау.

Шын асау да
Құрық түссе
Жуас-ау.

Дәу балық қармақты
Жұтар – жұтпас,
Бойына жалмақ та
Жұғар – жұқпас.
Жұтар – жұтпас,
Жұғар – жұқпас.

Бозда боз мінген атам,
Бозда боздап жүрген атам.

Көдеде бөдене,
Төбеде шөмеле.
Бөдене көдеде,
Шөмеле төбеде.

Соғады
Жел қайдан?
Жақыннан,
Шалғайдан,
Оңнан да,
Алдан да,
Соңнан да.

Жылқының көп ала-құласы,
Жалының көп сала-құлашы,
Қызық екен қара-құрасы.

Тұлпарды жапатармағайламағанда
Тұғырды жапатармағайлайды деп пе едің!

Олжаланыңқырағандағың да бар болсын,
Қалжаланыңқырағандағың да бар болсын.

Қаймолда!
Айналма індеті қай малда?

Ойла,
Қойда.

Шұғайбай
Шығайбайға:
- Су қайда, әй?- деді.

Шығайбай
Шұғайбайға:
- Шық, ойбай! - деді.

Шошайма
Бөрікті
Бошайға
Беріпті,
Қосайдар
Көріпті.

Шеше!
Неше кесе
Сынды кеше?

Қылыш құнды қынсыз да.
Қын қылышсыз құнсыз ба?

Маубас
Сарбас,
Сарбас
Маубас.
Жата-жата,
Жауыр
Жамбас.

Құжырадан
Құжынаған
Құмырсқа шықты.
Жұмысқа асықты.

Дейді маған шыпшық:
Терлегенше шып-шып,
Кел, далаға шық, шық!

Маңғаз қаз
Әр қаз маңғаз.

Жұлып ем дөң басында долананы,
Долананың домалағы
Дөңнен төмен домалады.

Кеше
Көше
Кесе
Өтті,

Неше
Шеше?

Балам бағар
Бала марал,
Ала марал
Қорада
Ағалар
Далаға
Ала барар.

Шапшаң
Шапсаң,
Бұрқырайды
Ақ шаң.

Атам томағаламаған бүркітті
Мен томағаламағанда, кім томағалайды?

Шымдай шытырмыш, ол шытырмышты
Мен шым-шытырмыштамай,
Кім шым-шытырмыштайды?

2.3. Ұқсас сөздердің орнын алмастырмауға арналған жаңылтпаштар

Ұшы үшкір, ұшқыр үш жебе алдым
Үшеуі де үшкір, ұшқыр деп алдым.

Шұңғыл шұңқыр,
Шұңқыр шұңғыл.

Қасқа Хасан
Тасқа қашан бедер салады?
Тасқа қашан, бедер салар
Қасқа Хасан емес, басқа Хасан.

Не мені сен серуендет,
Не мен сені серуендетем.

Іске тіл ілесе алады,
Тілге іс ілесе алмайды.

Іске тіл ілесе алады,
Тілге іс ілесе алмайды.

Солақайдың сол қолы – оң қолы,
Оңақайдың оң қолы – оң қолы.

Тас кенені тас кесекпен тарс ұрдым,
Тасқа таспен тас кенені жапсырдым.

Қар-қырау...
Қар-қылау...
Тазыға тақсырет –
Қар-қылауда қарғылау.

Сен соққандай,
Селсоқ қандай

Дән – дәулет,
Дәулет – дән,
Сән – сәулет,
Сәулет – сән.

Жол бар,
Жолда ор бар,
Өр бар,
Орға барма,
Өрге бар.

Шалшық – балшық,
Балшық – шалшық,
Балшықтан ал шық.

Линза алған жоқ Лизаны,
Лиза алды линзаны.
Лиза – әйбат бала!
Линза – әйнек қана.

Тас тостаған,
Тас тостаған ішінде
Тас тастаған.

Бос шатыр,
Бос жатыр.

Аран – алаң,
Аран – арал.
Араланған
Ала марал.

Аптап
Қақтап
Дененді аппақ
Күп-күрең етер
Қақтап
Аптап.

Қос көк лашын,
Үш көгаршын
Қатар ұшты.
Ұшса, ұшсын көгаршын,
Көк лашын.

Ағады
Су қайда?
Бұра да,
Бұрмай да,
Білғи да
Ылдиға.

Қар аппақ,
Дала аппақ,-
Бәрі аппақ...
Қарап бақ.
Тау дәу,
Дәу тау.

Батсақ,
Мақсат.
Жақсы ат
Жақсы-ақ!

Аласалау анау ала шананы ала салайын ба,
Арқасы бар анау қара шананы алайын ба?

Бұл аң деме.
Бұл мал –
Бұлан.
Бұл аң деме.
Бұлан –

Бұл – мал.

Алма базарда
Ала алма алар ма?
Ақ алма алар ма?
Әлде алары анар ма?

Шыршық суы шығыршықтанып,
Шиырлай шымыр ағады, шымырланады.

Өндірісте
Өндірте істер
Ол – бір іскер.

Шорағай шортаннан шошиды да шоршиды,
Шорағай шортансыз-ақ шоршиды да шошиды.

Мынау балқаймақ қай балқаймақ?
Бұл балқаймақ – май балқаймақ.

Есет ағам ет асатар,
Ет асатса бес асатар.

Қарамайлы қарағайды
Кесейін бе, кеспейін бе?
Қазықтағы қара тайды
Шешейін бе, шешпейін бе?

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.
Суға сақалын мала, сілке,
Суға сақалын мала, сілке.

Қырық құрықтық
Сырық қырықтық.

Торта қойдым,
Орта қойдым,
Орта қойдым,
Жорта қойдым.

Құла құланнан туған құла құлын,
Құнан құланнан туған құла құлынның
Құлағынан да келмейді.

Тұз – мұздай,
Мұз – тұздай.

Бұл, біл – піл,
Бұл – бір ірі піл.

Бар, май шайқа,
Байқа, жай шайқа.

Шаншар шаршап жатыр,
Қайсар жайша жатыр.

Талғат балға тап,
Он шақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.

Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?

2.4. Сөздердің мағынасын ажыратуға арналған жаңылтпаштар

Сауын бие ұстаған саба ыстайды,
Саба ыстаған сары қымызды
Бабына ұстайды.

Оқуда Ораз озар ма екен,
Ажар озар ма екен?

Ақшамда жаққаның
Көк шам ба?
Ақ шам ба?
Мейлі қайсысын жақсаң да?

Базарға барған Ажар ма, Назар ма?
Базарға барғанға наразы бар ма?

Өтеген,
Өткенде төтемен,
Ендігі жетер ең,
Себетгі
Тоқыр ең жөкеден.

– Жұмаш!

Көзінді жұм, аш! –
Деді Күләш.

Бұл қар,
Сұр қар,
Сұр қар,
Кір қар,
Үстінде аунама,
Үстінді былғар.

Бейсен!
Көнсең,
Мен, сен,
Екеуіміз,
Егейік
Женьшень.
Сен, мен,
Екеуіміз
Терейік
Женьшень.

Дос!
«Қой» деме,
Сөз тос.
Сөйлеме,
Бос сөз,
Досыңа,
Татымды
Сөз қос.

Кеуекке
Кебек көп септім:
Көжекке
Керек деп септім.

Майда да – лай,
Лай да – май.
Қосылған майға
Лай ма,
Лайға
Май ма?

Зура зурнада ойнайды,
Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,
Зара да, Зере де зурнада ойнайды.

Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай.

Ақ кептер,
Көк кептер,
Көп кептер.

Біреу:

- Кептерде

Көк көп, - дер

Біреу:

- Кептерде

Ақ көп, - дер.

Ұшпа – лақпа

Ұшқалаққа

Жете алар ма

Ұшқан ат та?

Ақ доп,

Соқ доп!

Уақыт Уақытты күтпейді,
Уақыт уақытты күтеді.

Бұлт-ау!

Соқтықпа

Бұл – тау.

Басшы ашшыға: «Есік ашшы», - десе

Ашшы басшыға:

«Тұздығы да ащы екен», - депті.

Пеш үстінде бес мысық,

Бес күзетші бес пысық.

Тышқан ұстап жемесе

Бола қоймас еш қызық.

Есет, Көшек

Екті көшет.

«Көшет көгін

Жепті есек», -

Десек Көшек,

Есет десті:

«Өсек, өсті көшет».

Арба базарға келді,
Дарбазадан әрмен базарға енді.

Асан бақша жақтан.
Ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан.
Басқарақ асқабақ әкелді.

Ою ою ойым бар-ды,
Ойналмастан ойын қалды.
Орындалмай ойымдағы
Ойылмады ою-дағы.
Орашалақ, олақпын ба,
Оя алмадым оюларды?

Ата мен әже, ана да,
Алма мен алмұрт тереді,
Ауырға Арман бала да,
Арбамен тасып береді.

Қоғанбай қомағай ма?
Жоқ, ағай
Қоғанбай қомағай емес,
Зор ағай.

Әбдіреде әбігер әтеш отыр.
Әбігер әтеш отырған
Әбдірені әжем ашып жатыр.

Әсем әсем билеймін деп әлек,
Қасен шешен сөйлеймін деп әлек.
Қашан Қасен шешен сөйлеп еді?
Қашан Әсем әсем билеп еді?
Әсем билегендерін де көргеміз жоқ,
Шешен сөйлегендерін де көргеміз жоқ.

Тау бар, тау бар.
Тауда бау бар.
Бауда ара бар,
Ара барда бау бар.
Жейсіңдер, балалар,
Қайда кетер бар бал?!

Жөке өсіп тұр жеке
Жеке өсіп тұр жөке.
Осы жеке өскен
Жөке ме екен?
Осы жеке өскен жөкені
Өсірген
Жекен бе екен,
Жөкен бе екен?!

Шымдай шытырмыш, ол шытырмышты
Мен шым-шытырмыштамай,
Кім шым-шытырмыштайды?

Қапыда ит қапты,
Қатты қапты,
Қапты қатты.

Ұшпа – лақпа
Ұшқалаққа
Жете алар ма
Ұшқан ат та?

Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі.

2.5. Ағылшын тіліне жаттығуға арналған жаңылтпаштар **Easy tongue twisters** **(жеңіл жаңылтпаштар)**

Ann and Andy's anniversary is in April.

Don't trouble trouble until trouble troubles you.

Blake's black bike's back brake bracket block broke

Bright blows the broom on the brook's bare brown banks.

Don't pamper damp scamp tramps that camp under ramp lamps.

Crush grapes, grapes crush, crush grapes.

Chester Cheetah chews a chunk of cheep cheddar cheese.

Funny feeble Fifi feared freaky freaks feeling flowers.

The sixth sick sheik's sixth sheep is sick.

I miss my Swiss Miss. My Swiss Miss misses me.

Coy knows pseudonoise codes.

Each Easter Eddie eats eighty Easter eggs.

Excited executioner exercising his excising powers excessively.

The batter with the butter is the batter that is better!

The soldier's shoulder surely hurts!

Give papa a cup of proper coffee in a copper coffee cup.

We surely shall see the sun shine soon

Red lorry, yellow lorry, red lorry, yellow lorry.

A box of biscuits, a batch of mixed biscuits.

You know you need unique New York.

Six thick thistle sticks.

A skunk sat on a stump and thunk the stump stunk.

Silly Sally swiftly shooed seven silly sheep.

Round the rough and rugged rock the ragged rascal rudely ran.

Two tiny timid toads trying to trot to Tarrytown.

Nine nimble noblemen nibbling nuts.

Quizzical quiz, kiss me quick.

Imagine an imaginary menagerie manager managing an imaginary menagerie.

Eve eating eagerly elegant Easter eggs.

**

These thousand tricky tongue twisters trip thrillingly off the tongue.

Which wristwatches are Swiss wristwatches?

If a dog chews shoes, whose shoes does he choose?

He threw three free throws.

I slit the sheet, the sheet I slit, and on the slitted sheet I sit.

If you notice this notice, you will notice that this notice is not worth noticing.

Nine nice night nurses nursing nicely.

I like New York, unique New York, I like unique New York.

Four fine fresh fish for you.

A proper cup of coffee from a proper copper coffee pot.

Three thin thinkers thinking thick thoughtful thoughts.

I thought, I thought of thinking of thanking you.

Eleven benevolent elephants.

Which witch is which?

Ingenious iguanas improvising an intricate impromptu on impossibly-impractical instruments.

**Medium level tongue twisters
(орташа деңгейлі жаңылтпаштар)**

A big black bug bit the big black bear,
but the big black bear bit the big black bug back!

One fly flies, two flies fly.
One girl cries, four girls cry.

One smart man, he felt smart.
Two smart men, they both felt smart.
Three smart men, they all felt smart.

But a bit of better butter
Is sure to make my batter better.

Swan swam over the sea.
Swim, swan, swim!
Swan swam back again.
Well swum, swan!

I saw Susie sitting in a shoe shine shop.
Where she sits she shines,
And where she shines she sits.

How much wood would a woodchuck
chuck if a woodchuck could chuck wood?

She saw Sharif's shoes on the sofa. But was she so sure those
were Sharif's shoes she saw?

I have got a date at a quarter to eight;
I'll see you at the gate, so don't be late.

If two witches would watch two watches,
which witch would watch which watch?

I scream, you scream,
we all scream for ice cream!

Knife and a fork, bottle and a cork,
that is the way you spell New York.

There's a sandwich on the sand
which was sent by a sane witch.

Amidst the mists and coldest frosts,
With stoutest wrists and loudest boasts,
He thrusts his fists against the posts,
And still insists he sees the ghosts.

Difficult tongue twisters (күрделі жаңылтпаштар)

She sells seashells on the seashore of Seychelles.
The shells she sells are seashells, I'm sure.
For if she sells seashells on the seashore,
Then I'm sure she sells seashore shells.

Peter Piper picked a peck of pickled peppers.
A peck of pickled peppers Peter Piper picked.

If Peter Piper picked a peck of pickled peppers,
Where's the peck of pickled peppers Peter Piper picked?

How many cookies could a good cook cook
If a good cook could cook cookies?
A good cook could cook as many cookies
As a good cook who could cook cookies.

A Tudor who tooted the flute, tried to tutor two tooters to toot.
Said the two to the tutor, "Is it harder to toot orto tutor two tooters to toot?"

Amidst the mists and coldest frosts,
With stoutest wrists and loudest boasts,
He thrusts his fists against the posts,
And still insists he sees the ghosts.

Three sweet switched Swiss witches
Watch three washed Swiss witch Swatch watch switches.
Which sweet switched Swiss witch watches
Which washed Swiss witch Swatch watch switch?

Theophilus Thadeus Thistledown,
The succesful thistle-sifter,
While sifting a sieve-full of unsifted thistles,
Thrust three thousand thistles through the thick of his thumb.

Betty bought some butter, but the butter Betty bought was bitter,
so Betty bought some better butter, and the better butter
Betty bought was better than the bitter butter Betty bought before!

Mary Mac's mother's making Mary Mac marry me.
My mother's making me marry Mary Mac.
Will I always be so Merry when Mary's taking care of me?
Will I always be so merry when I marry Mary Mac?

For they'll beat a tattoo at twenty to two
A rat-tat-tat-Tat-tat-tat-Tat-tat-tat-too
And the dragon will come when he hears the drum,
At a minute or two to two today
At a minute or two to two.

3-МОДУЛЬ. ӘРТҮРЛІ ЖАНРДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРДЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ

Бастауыш сынып оқушылары «Әдебиеттік оқу» сабағында классик ақын-жазушылардың балаларға арналған әртүрлі жанрдағы түрлі тақырыпта жазылған шығармаларын оқуға мүмкіндік алады.

Көркем шығарманың мазмұнын, ондағы өмір құбылыстарын біліп байыптай отырып, мәнерлеп оқуға дағдыланады. Мәнерлеп оқудың тәсілдерін игеріп, кешенді жаттығу жұмыстарын орындай отырып, өз бетінше жұмыс жасауға үйренеді. Осыған орай, төменде көркем шығарманың жанр түрлеріне қарай мәтін талдаудың әдіс-тәсілдерінің қолданылуы мен мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру және дамыту жолдары қарастырылған. Балалардың жас ерекшелігіне сай мәтін атауларына қатысты негізгі сөздер қазақ және ағылшын тілдерінде берілген.

3.1. ӨЛЕҢ СӨЗБЕН ЖАЗЫЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖОЛДАРЫ

Өлең – шағын көлемді поэзиялық шығарма. Өлең – оқушыларды мәнерлеп, түсініп оқуға төселдіретін көркем шығарманың түрі. Өлең сөзбен жазылған шығарма шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқастан тұратыны белгілі. Бастауыш сыныпта өлең оқытуда оқушының түсініп оқуына басты назар аударылады. Өлеңді түсініп оқуға жетелейтін тәсілдерді сабақ барысында тиімді қолдануға болады.

Мысалы, **Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңін (2-сынып оқулығы, 5-бет)** оқушының түсініп оқуы әрі өлеңдегі 5 асыл іс, 5 жаман әдетті айыра білуі үшін «Семантикалық карта» әдісі қолданылады. Бұл әдіс оқушының өз ойын жеткізе отырып, ой саралауына, сөз саптауына жетелейді.

10-кесте. «Бес асыл, бес дұшпан» семантикалық картасы

Ақынның жауабы		Оқушы жауабы	
Жақсы іс	Жаман іс	Жақсы іс	Жаман іс
✓	Талап	✗	Өсек
✓	Еңбек	✗	Өтірік
✓	Терең ой	✗	Мақтаншақ
✓	Қанағат	✗	Еріншек
✓	Рақым	✗	Бекер мал шашпақ

«РАФТ» әдісі арқылы түйіндеме жасау – шығарманы талдауда қорытынды жасаудың бір түрі. Шығарманы оқып болған соң, оқушы өздігінен ой қорытады.

Р – рөл /Абай/

А – аудитория /кейінгі ұрпақ/

Ф – форма /өсиет хат/

Т – тақырып /ғылымды, білімді үйренуге шақыру/

Жоғарыда берілген тапсырмалар арқылы өлеңнің мазмұнын ашу оқушының өлеңді түсіне отырып, мәнерлеп оқуына мүмкіндік туғызады.

Төменде өлеңді мәнерлеп оқуға жаттықтыру мақсатында шартты белгілер көрсетілген өлең жолдары берілген.

1-тапсырма. Шартты белгілерге сүйене отырып, өлеңді нақышына келтіре оқуға үйреніңіз.

↑

→

Ғылым таппай **II** мақтанба, **II**

↑

→

Орын таппай **II** баптанба, **II**

↑

→

Құмарланып **I** шаттанба, **II**

→ ←

Ойнап **I** босқа күлуге. **III**

,

←

Бес нәрседен II қашық бол, **II**

,

→

Бес нәрсеге II асық бол, **II**

→ ←

Адам болам **II** десеңіз. **III**

→ ←

Тілеуің, **I** өмірің алдыңда, **II**

↓

←

Оған **I** қайғы жесеңіз. **II**

Өсек, I өтірік, I мақтаншақ, II

Еріншек, I бекер мал шашпақ – II

Бес дұшпаның, II білсеңіз. III

Талап, I еңбек, I терең ой, II

Қанағат, I рақым, I ойлап қой – II

Бес асыл іс, II көнсеңіз. III

Ал, Жақан Смақовтың «Апаның тілін алса егер» атты өлеңін (2-сынып оқулығы, 12-бет) «Қарама-қарсы екі құбылысты салыстыра талдау» әдісі арқылы мағынасын түсініп, мәнін ашуға болады.

Әдетте, өмір құбылыстары қарама-қарсы сипатта туындайды. Мысалы, біздің есімізге адамгершілігі мол, асыл қасиетті бейне түссе, дәл сол уақытта оған қарама-қарсы, тек өздерінің ғана қамын ойлайтын адамдардың бейнесі де түсуі мүмкін. Бұл – өмірде жиі кездесетін құбылыс. Өйткені, әртүрлі бейнелерді салыстырғанда, тек ұқсастығын ғана емес, сонымен қатар, қарама-қайшылықты да еске аламыз.

11-кесте. Семантикалық карта

Сұрақ	Апаның тілін алмайтын бала	Апаның тілін алатын бала
Не істейді?	Мерзіммен тамақ ішпейді.	Уақытымен тамақ ішеді.
Не істейді?	Көп ойнайды.	Көп ойнамайды.
Не істейді?	Суға шомылмайды.	Суға күнде түседі.
Не істейді?	Сабақ оқымайды.	Сабағын жақсы оқиды.
Не істейді?	Әлсіз, күші болмайды.	Спортпен айналысады.
Не істейді?	Қолынан ештеңе келмейді.	Қолынан барлық іс келеді.
Не болады?	Апасының тілін алмайтын бала күн сайын солады.	Апасының тілін алатын бала жақсы бала болып өседі.

Өлең мағынасы түсіндірілгеннен кейін төмендегі жаттығу орындалады.

2-тапсырма. Өлеңді орфоэпиялық нормаға сәйкес оқыңыз. Асты сызылған сөздердің жазылуы мен дыбысталуындағы айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

Апаның тілін алс(а) егер...
 Мезгілсіз жүрүп **II** күм бойы, **II**
 Мерзіммен **I** тамағ ішпесе, **II**
Демалыш шоқ, **II** күнд(ө) ойын, **II**
 Мерзіммен **I** суға түспесе, **II**
 Қолында **I** мұндай баланың **II**
 Күш полмайды, **II** күш десе. **II**
 Қолынан **I** мұндай баланың **II**
 Іс келмейді, **II** іс десе. **III**
Күң-гүн сайын **II** солады, **II**
 Шынашақтай **I** болады...**III**

Тоқаш Бердияровтың «Сусын туралы жыр» атты өлеңінің мазмұнымен таныса отырып, өлең құрылысына талдау жасалады.

/Сусынға бай // халқымыз/
 /Қандай тәтті // бал қымыз!/
 /Шалап, қатық, // айран бар,
 /Ішіп алып //ойнандар!/
 /

12-кесте. Өлең құрылысы

Шумақ	Тармақ	Бунақ	Буын саны
1	4	2	7

Асқар Тоқмағамбетов «Сыбырлақ» өлеңі (2-сынып оқулығы, 79-бет)
3-тапсырма. Қойылған кідірістер арқылы өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Бір бала бар **II** сыбырлақ, **II**
 Аузы-мұрны **I** жыбырлап, **II**
 Әсте тыным **II** таппайды, **II**
 Құлағына **I** сыбырлап. **III**
 Өзі де **I** түк ұқпайды **II**
 Отырғанда **I** дыбырлап. **III**
 Тыңдатпайды **I** басқаға, **II**
 Шыға қалса **II** тақтаға... **III**

Несіпбек Айтөв «Оқулық» өлеңі (2-сынып оқулығы, 80-бет)

4-тапсырма. Тиісті шартты белгілерін қойып, өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Саған білім жемісін,
 Оқулығың береді.
 Талай адам сол үшін,
 Маңдай терін төгеді.
 Оқулықты құрметте,
 Кітап ұста, кірлетпе.
 Кішілерге табыс ет,
 Дақ түсірмей бір бетке.

3.2. МЫСАЛ АРҚЫЛЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Әдебиеттегі мысал жанры – ең қысқа, ықшам жанр. Мысал оқиғаны табан астынан, төтесінен туғызады, шұғыл қайырады. Негізгі әдісі – меңзеу. Мысалда аңдар, хайуанаттар, құстар, ағаштар, тастар адам дәстүрінше әрекет етеді. Мысал оқудың өзіне тән ерекшеліктері болады. Осыған орай, төмендегідей бес ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

➤ Мысал мәтінін талдаудың әдіс-тәсілдері арқылы түсініп оқу дағдысын қалыптастырып аламыз. Мәтінді түсініп оқыған оқушы мысалды бір дауыс сазымен оқи салуға болмайтынын ұғынады.

➤ Мысалды оқығанда дұрыс, еркін дем алуға жаттықтырамыз.

➤ Мысал кейіпкерінің іс-әрекетіне сәйкес дауыс тембрін (құбылуын) дұрыс қоя білуге жаттықтырамыз.

➤ Аудио, бейнематериалдар арқылы мысалды мәнерлеп оқу ұғымын қалыптастырамыз.

➤ Жаттықтыру әдісі арқылы мысал кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысы, мимикасы, сөйлеу мәнері, дауыс интонациясын жаттықтырамыз.

Мысалдарды талдау үлгісі

Абдрахман Асылбековтің «Түлкі мен тиін» мысалын (2-сынып оқулығы, 86-бет) оқыту барысында концептуалдық кесте толтыру арқылы кейіпкерлердің табиғи жаратылысы мен адами мінез-құлқына баға беріледі.

13-кесте. Концептуалдық кесте

Кейіпкерлер	Табиғи жаратылысы	Кейіпкердегі адами мінез	Кейіпкерге берілетін баға
Түлкі	Терісі қызғылт сары, құйрығы ұзын, көздерінен айлакерлік аңғарылады.	Қу, айлакер, өзімшіл, мақтаншақ	Бұл мысалда жаман әрекетімен жағымсыз кейіпкер
Тиін	Жоғарыға жақсы өрмелейтін және талдан талға оңай секіретін омыртқалы жануар	Ақылды, салмақты, байсалды	Бұл мысалда жақсы әрекетімен жағымды кейіпкер

Шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекетіне баға беру, осы арқылы образдардың мінез-құлқын анықтау көркем туындыны сахналауда әрі нақышына келтіріп мәнерлеп оқуда маңызы зор.

1-тапсырма. Шона Смаханұлының «Бұлбұл мен тоқылдақ» мысалын көрсетілген талаптарды сақтай отырып, рөлге бөліп оқыңыздар.

14-кесте. Мысалдың оқылу шарттары

Мысал	Оқылуы
Бұлбұл келіп, бұлқынды, Тоқылдақты жұлқыды:	<i>Автор сөзі оқылғанда асықпай, бірқалыпты қоңыр дауыспен оқылады.</i>
«Күндіз де тоқ-тоқ, Ойпырым-ай, өзін бір Жан екенсің жақ жоқ! Сенің тоқылыңнан Орман жаңғырығып, Орман жаңғырығып, Таңертең тұрамыз Басымыз мәңгіріп...»	<i>Істің байыбына бармай, сырт әдемілікте шалқыған бұлбұлдың сөзі паң, кербез, маңғаз дауыспен құбылтып оқылады.</i>
Сонда Тоқылдақ Күлді де сақылдап, Көрсетті оған бір құртты Тұмсығымен шоқып ап:	<i>Дауыстың құбылуы біршама тұрақты. Асықпай, бірқалыпты қоңыр дауыспен оқылады.</i>
«Бұлбұлмын дейсің, Дымды білмейсің, Кезің келді сыналар, Мен болмасам, мыналар Жоқ қылмай ма орманыңды?! Көрер ем Сонда әнге салғаныңды... Құрт жеген соң гүлінді, Жұрт неғылсын үніңді».	<i>Тоқылдақтың сөзі байсалды, салмақты, сабырлы оқылады.</i>

Бұлбұл мен Тоқылдақтың мінез-құлық ерекшелігін түсінген оқушы дауыс ырғағын дұрыс қоя біледі. Психологиялық кідірістер кейіпкердің көңіл-күйіне, іс-әрекетіне қарай жасалады. Ал, логикалық кідірістер әр ойдың аяқталғанын білдіреді. Тыныс белгілеріне орай грамматикалық кідірістер қойылады.

3.3. ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

♣ Ертегі мәтінін талдаудың әдіс-тәсілдері негізінде шығарма мазмұнын ұғынған оқушының мәтінді оқуда дауысты құбылтып, дауыс интонациясын сақтай отырып оқу дағдысы қалыптасады;

♣ Аудио, бейнематериалдарды тыңдау, көру арқылы ертегіні мәнерлеп оқу дағдылары жетілдіріледі;

♣ Мәтінді рөлдерге бөліп оқыту арқылы ертегі кейіпкерлерінің сөйлеу мәнеріне, дауыс ырғағына жаттығады;

♣ Ертегіні мұғалімнің мәнерлеп оқып беруі, рөлдерді сомдауда сахналық қойылымдардың көрсетілуі оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіреді.

Ертегіні мәнерлеп оқытуда негізгі ойды білдіретін сөз немесе сөз тіркестеріне логикалық екпін түсіріп, логикалық кідіріс қойып оқытуға дағдыландырамыз.

Ертегілерді саусақ театры, қуыршақ театры, көлеңке театрлары арқылы жеткізе отырып, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыруға болады.

Ертегі жанрын талдау әдіс-тәсілдері

«Қонжық пен көжек» ертегісін «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі арқылы оқыту барысында оқушы мәтіннен өзіне әсер еткен тұстарын жаза отырып, үзінді жайлы өз пікірін білдіреді. Оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады. Ойын еркін айтуға дағдыланады. Тіл байлығы молаяды. Өзіне деген сенімі артады. Кез келген тақырыпта өз ойын ашық айта алады.

15-кесте. Екі түрлі түсініктеме күнделігі

Шығарма	Әсер еткен тұсы	Үзінді жайлы өз пікірі
Қонжық пен көжек	1.Көжек енесіне қонжықтың мазақтағанын айтып шағымданғаны; 2.Өзің тиіспесең, сені ешкім мазақтамайтынын түсіндіруі.	Ешкімді мазақтап ренжітпе. Байқаусызда айтып қалсаң, кешірім сұрауға асығатын бол.

«Мысық пен тышқандар» ертегісін (2-сынып оқулығы, 66-бет) «Өзара тапсырма орындау» әдісі арқылы мазмұнына талдау жүргізуге болады. Оқушылар мәтінді түсініп оқиды. Мәтін мазмұны бойынша рет-ретімен сұрақ дайындайды. Оқушы сұраққа жауап бере отырып, мәтіннің мазмұнын толықтырып, мәтінге жуық әңгімелеп береді.

1-тапсырма. «Семантикалық кестені толтыру» әдісі арқылы кейіпкерлерді салыстыр.

16-кесте. Семантикалық кесте

Кейіпкерлер	Қандай?	Не істеді?	Не болды?	Түйін
Қара мысық	Қу, өтірікші	Алдап, қонаққа шақырды.	Жас тышқандарды қырып салды.	Үлкенді тыңдаған ұтылмайды.
Жас тышқандар	Сенгіш, аңқау	Мысыққа қонаққа барды.	Мысықтың қақпанына түсті.	
Кәрі тышқандар	Сақ, байқағыш	Мысыққа қонаққа бармады.	Кәрі мысықтар аман қалды.	

«Аңқау арыстан» ертегісі «Инсценировка құрастыру» әдісі арқылы меңгертілуі мүмкін. Бұл әдіс мәтінді шығармашылық жолмен түсінуге көмектеседі.

Ертегі мәтінінен инсценировка құрғызып, оқушылардың өздеріне ойнатқызуға болады.

1-көрініс

Түлкі: Арыстан аға, мен саған бір ем айтайын.

Арыстан: Айта ғой, ол қандай ем?

Түлкі: Есектің миын жесең, әп-сәтте жазыласың.

Арыстан: Ал, есекті қайдан табам?

Түлкі: Оны мен тауып әкелейін. Тек мен есекті алып келгенде, сен өлген болып жат.

2-көрініс

Түлкі: Есек қалқам, қалың қалай?

Есек: Күні бойы ауыр жұмыс атқарамын. Осыдан құтылудың амалын тауып берші!

Түлкі: Мен сені жері отты, суы мол, оңаша бір шабындыққа ертіп барайын. Сонда жүріп еркіңше сайранда.

3-көрініс

Түлкі: Ей, арыстан аға, есектің миын жемес бұрын өзің көлге барып, шомылып кел.

Арыстан: Әй, мынаның миы қайда?

Түлкі: Арыстан аға-ау, сонша аңқау ма едің? Бұл есекте ми болса, сенің алдына өзі келіп жайылар ма еді?

2-тапсырма. Төменде берілген ертегіге ой екпіні түскен сөз және сөз тіркестеріне логикалық екпін қойып оқыңыз.

Қонжық пен көжек (ертегі)

Бірде қоянның **көжегі** енесіне шағыныпты.

– Аюдың қонжығы мені **«бадырақ көз»** деп мазақтайды, – дейді жыламысырап.

– Одан басқа **не** деді? – дейді енесі.

– **«Қалқан құлақ, қыли көз!»** – дейді.

– Сен оған **не** деп едің?

– Мен бе, мен... – дейді **көжек** тұтығып, – ештеңе де айтқаным жоқ...

– Сен үндемей тұрғанда, өзі келіп **тиісті ме?**

– Оны көрген кезде мен: **«Қорбанбай!»** – деп едім...

– **Көрдің бе,** эне! – деп ескертеді енесі.

– Алдымен өзің тиісіпсің ғой. **Мазақтап,** ренжіткенсің.

Ол мазақтаса, **ыза** болып, **арыз** айтасың. Бұл – **ұят** емес пе?

Сонда көжектің басы салбырап, үнсіз қалыпты.

Автор сөзі асықпай, бірқалыпты қоңыр дауыспен, ал енесінің сөздері салмақты, сабырлы, бірқалыпты оқылады. Басынан аяғына дейін бір ғана дауыс ырғағымен жайбарақат оқылады. Ал, көжектің сөздері біреуді кінәлі қылу, реніш, шағым айту, өз қатесін елемеуге тырысу мәнінде оқылады. Енесі мен көжектің мінез-құлқын түсініп, көз алдына елестетіп оқыған оқушы дауыс ырғағын дұрыс қоя алады.

3.4. ӘНГІМЕНІ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әңгімені мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыруда дауыс ырғағы мен грамматикалық екпін қойып оқуға жаттықтырамыз.

1. Мәтінді оқу барысында тыныс белгілерінің қойылу ерекшеліктері түсіндіріліп, дұрыс оқуға жаттықтырылады. Хабарлы сөйлем соңына жақындағанда, кілт тоқтамай, сөйлем соңындағы сөз, сөз тіркесін баяу созыңқырап оқуға жаттықтырылады. Бұл оқушыға дұрыс, тереңірек тыныстап алуға, екінші сөйлемді толассыз жалғастырып кетуге мүмкіндік береді. Лепті сөйлем соңында леп белгісінен кейін әртүрлі көңіл-күйді ескере отырып, кідіріс жасату маңызды. Сұраулы сөйлемнің соңында дауыс сөйлемнің аяғына қарай біртіндеп күшейе түсіп тынатынын ескерген жөн.

2. Көп нүкте (...), бастауыштан кейін қойылатын сызықшаға (–), үтірге (,) байланысты қойылатын кідірістер кенет үзіліп қалған ойды анықтауға, сөйлем мәнін анықтауға, қаратпа, одағай, қыстырма сөздерді тиісті дауыс ырғағымен оқуға мүмкіндік беретінін жаттықтыру арқылы үйретеміз.

3. Оқу барысында сөйлемдегі сөздер арасына ешқандай тыныс белгілері қойылмаса да, сөз бен сөздің, сөз тіркестерінің арасына қысқа, орташа кідірістер жасала беретінін көрсетеміз.

Әңгіме мәтінін талдау әдіс-тәсілдері

Жүсіпбек Аймауытовтың «Кітап оқу» әңгімесі бойынша (2-сынып оқулығы, 8-бет) «Анықтайық» әдісі арқылы оқушылар абзацтарға жоспар құруға жаттығады.

1-тапсырма. Мәтін абзацтарына тірек болатын сөздерді анықта. Абзац бойынша қорытынды сөйлем жаз.

17-кесте. Мәтін талдау

Мәтін бөлімдері	Тірек сөздер	Абзац бойынша қорытынды сөйлем
1-ші абзац		
2-ші абзац		
3-ші абзац		

Дәулет Қасеновтың «Өкініш» әңгімесіндегі кейіпкердің әртүрлі іс-әрекеттері «Рафт» әдісі арқылы талданады әрі оқушы өздігінен ой қорытады.

Р – сапарға

А – оқушылардан

Ф – хат

Т – тақырып «Жылтырағанға қызықпа»

Аңсар, сен сағаттың әдемілігіне қызығып, өзіңе адал күшігіңнен айрылып қалдың. Сен оны оп-оңай сағатқа ауыстырып жібердің. Бұдан

күшігіңнің өзіне адалдығын бағалай білмегенің көрінеді. Кішкентай күшіктің қайтып келмегені дұрыс та шығар. Бұдан өзіне сабақ аларсың деп ойлаймын.

2-тапсырма. Төмендегі мәтінді қалыпты қарқында оқыңыз. (Қалыпты қарқынды қамтамасыз ету үшін ішіңізден қысқа кідірісте «бір», орташа кідірісте «бір, екі», ұзақ кідірісте «бір, екі, үш» деп санаңыз. Мәтінді үш рет оқи отырып, осы фразаларды есептейсіз, бірақ қарқын мен кідірісті сақтай отырып айтыңыз).

Бала **I** атасының бетіне **II** таңдана қарады.**III**

- Неге қарайсың? **III**

- Сізге **I** өзім оқып **II** бермеймін бе? **III**

- Оқуын **I** оқып бересің, **II** ал **I** сақтауын **I** өзім сақтаймын...**III**

- Ал, **I** менде тұрса қайтеді? **III**

- Бұл **I** – өте қасиетті кітап қой **II**, балам. **III** Сенде тұрса, **II** әркім ұстап, **II** кірлетіп, **I** тоздырып тастауы мүмкін. **III**

- Ой, **I** қызық екенсіз, **II** ата! **III** Бізге бүгін **II** осы кітап бойынша **II** сабақ басталды. **III** Ал, **I** сіз **I** «сақтап қоям» дейсіз...**III**

- Әрине, **I** оқуыңа болады. **III** Тек **I** ықтияттап, **I** кітапты **I** тоздырмай ұстау керектігін **II** айтып отырмын. **III**

ІІІ БӨЛІМ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

1-МОДУЛЬ. ЕРТЕГІНІ ТЕАТР ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗУ ТӘСІЛДЕРІ

Материалдық және рухани құндылықтар жасау арқылы жеке тұлғаның бойына шығармашылық қабілетін дамыту әрбір ұстаздың басты міндеті болып саналады. Әрбір ұстаз өз сабағында теориялық біліммен қатар практикалық жұмыстардың түрлерін жүйелі түрде жүргізіп отырса, кез келген баланың бойына мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыра отырып, шығармашылық қабілетін де дамыта алады.

Мәнерлеп оқуға машықтандыру арқылы шығармашылық тұлға қалыптастыруда ертегінің рөлі зор. Ертегі – фольклордың негізгі түрлерінің бірі. Ертегінің барлығына тән ерекшелік: бұлар бұрынғы өткенді қиялмен ұштастыра болжайды, сюжеті көркем әңгіме түрінде болып келеді. Ертегінің айрықша мәні, құндылығы оның халық тұрмысымен байланысты болуынан, ойлау, сөйлеу, баяндау өзгешелігінен, халық арманы мен мүддесін көрсетуінен айқын танылады. Ертегінің бүгінгі таңға дейінгі халықпен қатар жасасып келе жатқан өміршеңдігінің құпиясы да осында жатыр.

Осыған орай, ертегілер арқылы мәнерлеп оқуға жаттықтыру үшін саусақ театры, көлеңке театры, қуыршақ театры, сахналық қойылым арқылы жүйелі жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Сонымен қатар, ертегілерді бейнематериалдар арқылы көрсете отырып, оқиға желісін түбегейлі өзгертіп, сюжетін қайтадан өздеріне құрастыртып, нормалы дауыс ырғағына сай мәнерлеп оқытудың тиімді жолдарын да қарастыруға болады.

1.1. САУСАҚ ТЕАТРЫ



АДАМ МЕН АРЫСТАН

Автор: Бір аңшы болыпты. Өмір бойы аң аулап күн көріпті. Аң мен құсқа ау құрады екен. Бірде ауын құрып жүріп, қалың орман арасынан арыстанға кезігіп қалады.

Арыстан: Ей, адам, сен көптен бері кездеспей жүр едің. Құлақ сал сөзіме! Сенің істеп жүргеніңнің бәрі қиянат! Тіпті менің сыртымнан кіжінетін көрінесің. Ал, енді мықты болсаң, күшінді көрсетші!

(Арыстанның айбарынан сескенген адам оны дәріптей сөйлейді.)

Адам: О, айбарлы арыстан, сенен күшім артық деп мақтанбаймын! Ал, сен шынымен күшті болсаң, дәлелдеші...

Арыстан: Қандай дәлел керек саған?

(Адам қулығын асыра түскісі келіп, былай дейді.)

Адам: Анау жолда бір нәрсе жатыр. Соның астынан өтіп көрші.

Арыстан: Адам айлакер деуші еді, қулығыңды біліп тұрмын. Алдымен өзің өт, сонан кейін байқайын.

(Адам өзі құрып қойған аудың астынан жып етіп өте шықты. Сонан соң, арыстан келеді де, қарғып өту үшін бар пәрменімен секіреді. Сөйтіп, торға шырмалып қалады. Адам шырмалып жатқан арыстанның кеудесіне мініп былай дейді.)

Адам: Міне, менің күшім, енді көзің жетті ме?

Арыстан: Сендім, көрдім! Енді саған тиіспеймін.

Автор: Сөйтіп, айласын асырған адам арыстанды босатып жіберіпті. Арыстан адамның ерлігін орманға жайыпты. Ормандағы жыртқыш аңдардың бәрі адамның күшінен сескеніп жүретін болыпты.

ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

Автор: Орман шетінде домаланып бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Сол кезде кірпінің инелері қанжардай қадалып, қасқырдың тұмсығы мен тамағы қанға боялады.

(Өзінің озбырлығын, қомағайлығын сездіргісі келмеген қасқыр былай дейді.)

Қасқыр: Бетіңнен сүйейін деп едім. Сен-ақ түрпілеріңді тастамай жүреді екенсің өмірі.

(Кірпі түрпілерінің арасынан біздей тұмсығын шығарып тұрып, сықылықтап күліп жасауап қатады.)

Кірпі: Асықпа, қасеке, сенің азу тісің түгел түсіп біткен кезде мен де түрпілерімді тастаймын.

(Кірпі күлкісін тыя алмай кете береді, ал, қасқыр өзінің істегеніне ұялып қаша жөнеледі.)

ТҮЛКІДЕН ДЕ ӨТКЕН ҚУ ҚАЗ

Автор: Түлкі бір күні оттап жүрген бір қазды ұстап алып, алдыңғы екі аяғымен басып тұрып, мазақ қылып, біраз азаптағысы келеді.

Түлкі миығынан күліп: Ә, қаз, сенің қолыңа мен түссем, сен не қылар едің?

Қаз сәл ойланып тұрып: Не қылар едім? Белгілі емес пе, сені тісіммен тістеп тұрып, екі аяғымды кеудеме қойып, көзімді жұмып: «Ә, құдай, бергеніңе мың шүкір!» дер едім де, сені жеп қояр едім.

Түлкі: Мынауың дұрыс екен. Мен де сені өзің айтқандай қылып жейін.

(Қазды тістеп, өзі шоңқиып отырып, алдыңғы екі аяғын кеудесіне қойып, көзін жұмып былай дейді.)

Түлкі: Ә, құдай...

(Қаз қанатын қағып қалып, қаңқылдап ұшып кете беріпті.)

Автор: Түлкі осылай ә, құдай... – деген күйінде аузын аңқита ашып қала беріпті.

АЛТЫН МҮЙІЗДІ КИІК

Автор: Ертеде Бұлдырмерген деген атақты аңшы болыпты. Өзі мерген, қарулы, ақылды, ер жүрек адам екен. Бір күні ол аңға шығады. Орманды, тауды аралайды. Шаршаған соң бір ағаштың көлеңкесіне келіп демалады.

Бұлдырмерген қарсы алдында ағып жатқан бұлаққа қарап отырады. Сөйтсе, байқамапты, бұлақтың арғы жағасында, үлкен жартастың түбінде бір киік жайылып жүр екен. Шаңырақтай екі мүйізі күнге шағылысып, жарқырайды. Тіпті көз қаратпайды. Бұлдырмерген өз көзіне өзі сенбей, таңдана қарайды. Шын киік. Екі мүйізі қарағайдай, жарқыраған алтын екен. Мерген атып алмақ болып, мылтығын кезейді. Сол кезде алтын мүйізді киікке тіл бітіп:

Киік: Сабыр ет, мерген!

Автор: Аңшы оның жанына келеді. Ол аң аулап жүріп, бұрын-соңды мұндай кереметті көрмеген екен. Қатты таң қалады. Алтын мүйізді киік әпсәтте алтын мүйізді ақ сақалды шалға айналады. Үстіндегі киімі күмістей жарқырайды. Ал, екі алтын мүйізі сол қалпында қалады. Бұлдырмерген ештеңе демей таңырқай, таңдана қарайды.

Шал: Осы тауда Бұлдырмерген деген атақты аңшы батыр бар деп естіп, соны іздеп шығып едім. Оны білмейсің бе, балам?

Бұлдырмерген: Отағасы, ендеше, сол Бұлдырмерген мен боламын!

Шал: Олай болса, балам, сені іздеп шыққан шаруамды айтайын.

Бұлдырмерген: Айтыңыз!

Шал: Менің балам жер астындағы елдің ханы еді. Мен – туған әкесімін. Елімізге жақын жерде терең бір сай бар еді. Жиырма жыл болды, соны бір жеті басты айдаһар мекендеп алды. Жұма сайын бір ұл, бір қыз, он қой салық алғызып жейді. «Салымға көнбесең, бүкіл ел-жұртыңды қаласымен қоса жұтамын», – дейді. Оның үстіне сол сайдың маңына барған адам болсын, мал болсын, әйтеуір, тірі қайтпайды. Соған ешкімнің күші жетпейді. Оны тек Бұлдырмерген ғана жеңеді деген соң, халқымызға бір жақсылық бола ма деп, сені іздеп шығып едім!

Бұлдырмерген: Малға у жағып, айдаһар жатқан сайға жібермедіңіздер ме? Соны жұтса, уланып өлмес пе еді?

Шал: Оны да жасап көрдік, балам. Жауыз удан өлмеді. Жұртымызды жұтып тауысатын болды. Қолыңнан келсе, көпшілік үшін аянба, шырағым!

Бұлдырмерген: Жарайды!

Автор: Бұлдырмерген сауыт-сайманын сайлап, алтын мүйізді шалға ілеседі. Олар жердің үсті мен астын жалғастыратын үңгірден өтіп, қарттың еліне барады. Бұлдырмерген бойына бар күш-қуатын жинап, қолына жүз құлаш алмас семсер алады да айдаһар жатқан сайға келеді. Жотаға шықса, боран соғып тұр екен. Желдің қаттылығы сонша, таудың екі бетіндегі тасты ұшырып кетіп жатыр.

Бұлдырмерген қаһарланып, семсерді қолына қолденең ұстап, күшті леппен тартып жатқан айдаһарға қарай жүреді. Сұрапыл боран оны ұшырып отырып, айдаһардың аузына бір-ақ алып барады. Өткір семсер жауыз жыланның екі езуін тіліп, құйрығынан бір-ақ шығарады. Ортасынан қақ бөлінген айдаһар қимылдауға шамасы келмей, ақыры өледі. Алай-дүлей соққан боран да тына қалады. Боран айдаһардың лебі екен. Айдаһардан жапа шеккен жұрт шат-шадыман қуанышқа бөленеді. Бұлдырмергенді қоршап алып, қошеметтеп, еліне алып келеді. Ұлан-асыр той жасайды.

Алтын мүйізді шал: Балам, сен өзің жалғыз екенсің. Аң аулап қана тіршілік ететін көрінесің. Бізде мал да, дүние-байлық та мол. Сен енді осында қал да отау тігіп, түтін түтет.

Автор: Бұған мерген көнбейді.

Бұлдырмерген: Менің аш-арық ауылым, туыскандарым бар артымда. Оларды тастап, мен мұнда өз басымның қамын күйіттеп қала алмаймын.

Автор: Бұлдырмергеннің мұнда қалмасына көзі жеткен алтын мүйізді шал оған ханның қазынасынан көп алтын, асыл дүние сыйға тартып, еліне аттандырған екен. Осыдан соң Бұлдырмергеннің ауылы да әлденіп, күн көрісін жөндеген екен дейді.

ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ҚАНАҒАТЫ

Автор: Ертеде бір данышпан кісі болыпты. Ол кісі жан-жануарлардың, құрт-құмырсқаның тілін біледі екен. Бір күні әлгі данышпан жолаушылап келе жатыпты. Жарты жолға келгенде, ат шалдырып, демалып отырса, кішкентай бір құмырсқаның дән тасып жүргенін көреді. Оны жерден көтеріп алады да алақанына салып тұрып:

Данышпан адам: Қане, құмырсқа, айтшы, дәнді қайда алып барасың?

Құмырсқа: Илеуіме апарамын.

Данышпан адам: Оны қайтесің?

Құмырсқа: Кейінге сақтаймын.

Данышпан адам: Көп жинайсың ба?

Құмырсқа: Жаздай жұмыс істеп, жейтін азығымды жинаймын да қыстыгүні қаннен-қаперсіз тынығып жатамын.

Автор: Данышпан құмырсқаны шыр айналдырып қарай бастады.

Данышпан адам: Басың неге үлкен?

Құмырсқа: Аз сөйлеп, көп ойлаймын.

Данышпан адам: Белің неге қылдырықтай?

Құмырсқа: Қомағай емеспін.

Данышпан адам: Жылына қанша дән жейсің?

Құмырсқа: Бір дән жеймін.

Данышпан адам: Соған қанағат етесің бе?

Құмырсқа: Одан көп жей берсем, жер бетіндегі басқа құмырсқалар аш қалмай ма? Қанағат керек қой!

Автор: Құмырсқаның ақылына, қанағатына, көрегендігіне сүйсінген данышпан оны сынап көрмек болады. Қорапқа бір дән салады да,

құмырқаны соған қоса қамайды. Сонан соң су тимейтін бір жайлы жерге орналастырады.

Данышпан адам: Бір жылдан кейін келемін. Дәнің бар жейтін, қамсыз жата бер.

Автор: Осылайша құмырқаның азықты қалай үнемдейтінін білгісі келеді. Бір жыл өткен соң, данышпан әлгі құмырқаға қайта оралады. Өзі қойып кеткен жерден қорапты тауып алады. Құмырқаның өлі-тірісін білмек болып, қорапты ашады. Қараса, құмырқа тірі екен. Қасына қалдырған жалғыз дәннің жартысын ғана жепті.

Данышпан адам: Ей, құмырқа! Сен жылына бір дән жеймін деп едің ғой. Мына дәнді неге түгел жемей, жартысын қалдырғансың? Не себептен сонша үнемдедің?

Құмырқа: Айтқаның дұрыс, мен жылына бір дән жеймін, ол рас. Ал, сен болсаң мені қорапқа салып қамап кеттің. Сыртқа шыға алмаймын. Егер сен мені бұл қамаудан босатуды ұмытып кетсең, тағы да бір жыл қамауда жататын едім. Бір дәнді түгел жеп қойсам, аштан өлетін едім. Соны ойлап, қанағат еттім.

Автор: Данышпан құмырқаның шыдамдылығы мен тастай берік қанағатына қайран қалыпты. Оны қамап кеткенінің қиянат болғанын, азапқа салғанын енді түсінді.

Данышпан адам: Менің істегенім дұрыс болмапты, кешір!

Автор: Данышпан құмырқаны қамаудан босатып жіберген екен. Содан кейін данышпан қанағаттың қасиетін адам баласына үйретіпті.

Тапсырмалар:

1. Мәнерлеп оқу шеберінің орындауындағы ертегілерді тыңдау;
2. Дайындап келген ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын ұғыну;
3. Дайындаған саусақ театрымен жұмыс жасау;
4. Дауыс ырғағымен жүйелі жұмыс жасауға дағдылану.

ЕСКЕРТУ: Саусақ театры ашық түсті, эстетикалық талапқа сай болуы қажет.

1.2. ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ



ДОС БОЛАЙЫҚ БӘРІМІЗ

Қатысушылар:

Шөжектер

Көжек

Тауық – шөжектің мамасы

Саққұлақ – күшік

Ақтөс – Саққұлақтың әкесі

Марғау

Күшіктер

(Сахна безендірілген, сахнаға көңілді әуенмен тауық билеп шығады.)

Тауық:

Шөп-шөп, шөп-шөп,

Ақ шөжегім.

Шөп-шөп, шөп-шөп,

Бал шөжегім.

Жем берейін,

Шөп берейін,

Су берейін,

Жан шөжегім.

Аспан ашық,

Нұр шашып тұр.

Аула әсем,

Құймақ бердім.

Қарның тойды,

Міне добың,

Салшы ойын.

Үстің таза,

Шәпкең міне.

Өтінемін, тек кірлетпе, айналайын!

Шөжек: Апа!

Тауық: Не болды?

Шөжек: Апа, егер мен үстімді кірлетпесем майға қуырылған тәтті тары бересің бе?

Тауық: Тәтті тары? Қыт-қыт, қыт. Егер уәдеңде тұрып үстіңе кір жуытпасаң тәтті тары беруіме болады. Ал, мен кеттім, менің жұмысым бар, ҚЫТ-ҚЫТ....

Шөжектер: Біз шөжекпіз, шөжекпіз

Ән саламыз безеп тіл.

Би билейміз еш талмай.

Доп ойнаймыз шаршамай.

Саққұлақ: Сәлем, балапандар!

Шөжек: Сәлем, Саққұлақ!

Саққұлақ: Сен не, доп сатып алғансың ба?

(Допты тебеді, бас киімін жұлып алып, ағаштың басына іледі.)

Шөжек: Бер, бер деймін.

Саққұлақ: Бойың жетсе, аласың.

Шөжек: Саққұлақ, берші, сенің қолың кір, жаңа ғана маған анам кірлетпе деген.

Саққұлақ: Менің қолым кір ме? Мә, ендеше саған. *(қолын сүртеді)* Жақсылап секірсең аларсың, қанаттарың бар емес пе? Мүмкін, торғай болып ұшарсың. Салют! Музыка!

Шөжектер: Енді қайтеміз, анамыз ұрсатын болды ғой.

(Балапандар кетеді. Саққұлақ көңілді музыкамен би билейді.)

Би аяқталған соң, сахнадан кетеді. Сахнаға жылап көжек шығады.)

Көжек: Енді қайтемін? *(Күнделігіне қарап жылайды)*

Шөжектер: Сәлем, Көжек! Сәлем, неге амандаспайсың, неліктен жылап тұрсың?

(Көжек балапанға күнделігін көрсетеді.)

Шөжектер: Оһ, «екі», ана тілі мен математикадан?

Көжек: Аһа, оның үстіне Саққұлақ кәмпитімді тартып алды.

Шөжек: Жылама, жаңа бұзақы Саққұлақ бас киімімді талға қыстырып кетсе де, жылап отырған жоқпын ғой. Апайың қиын сұрақ қойдыма?

Көжек: Иә, сен оны бәрібір білмейсің.

Шөжек: Неге білмеймін?

Шөжек: Мектепке бармасам да, әпкелерім сабаққа дайындалған кезде мен де мұқият тындап отырамын. Сен әуелі сұрақтарыңды айтшы маған.

Көжек: Мен саған айттым ғой, сен бәрібір білмейсің деп.

Шөжек: Одан да сен айтсайшы, қойылған сұрақты ұмытып қалдым деп.

Көжек: Ұмытқам жоқ, ана тілден мақал-мәтелдер сұрады. Еңбек, білім, туған жер және дос жайлы.

Шөжек: Сен ешқандай мақал айта алмадың ба? Болды, енді жылама. Мен біраз мақал-мәтелдер білемін. Өне, анамыз да келе жатыр, одан да сұраймыз.

Тауық: Не болды?

Шөжек: Көжек бүгін екі алды.

Тауық: Қыт.., қыт.., қыт. Көжек сенің жағдайың мәз емес екен. Таңертеңнен кешке дейін асық ойнап, доп тепкеннен пайда жоқ. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей.»

Шөжек: Өне, айттым ғой. Анамыз көп мақал біледі.

Шөжек: Көжек жазып ал.

Ақтөс: Саққұлақ-ау, Саққұлақ!

Шөжек: Сәлеметсіз бе, Ақтөс ағай?

Ақтөс: Амансың ба, Шөжек! Көжекке не болған? Сен неге амандаспайсың?

Шөжек: Оның көңіл-күйі болмай тұр.

Шөжек: Бүгін ол екі алыпты.

Ақтөс: Көжек, бұның жарамайды. Енді, «екілерді» жою жолын ойластыру керек.

Шөжек: Еңбек, білім, отан, дос туралы мақалдар жазу керек екен.

Ақтөс: Тіршіліктің өзі еңбек, білім, отан, достықтан тұрады емес пе?

Тауық: Әрине, еңбексіз бола ма? Өз басым таңды елден бұрын қарсы алып, бүкіл ауланы оятудан бастаймын.

Ақтөс: Иә, бұл нағыз еңбек, өйткені, сенің еңбегіңнің арқасында бәріміз тіршілігімізді бастаймыз. Ерте тұрған жігіттің бір ырысы артық.

Шөжек: Көжек, сен жазып ал, тез.

Көжек: Отан, білім, дос туралы да айтыңыздаршы.

Тауық: Отан отбасынан басталады.

Ақтөс: Білімді мыңды жығар.

Шөжек: Білікті бірді жығар. Әне, Саққұлақ сияқты.

Тауық: Достық алтыннан да қымбат. Достарым, біздің үйге түскі асқа келіңіздер, мен барып дайындалайын.

(Сахнадан тауық шығып кетеді, осы кезде сахнаға мысықты қуып Саққұлақ шығады).

Марғау: Маған тиіспеші, мен саған не істедім?

Саққұлақ: Сенің сөмкенде не бар? Жаныңның барында, қазір бәрін жай мына жерге, әйтпесе, мұрныңды бет қыламын.

Марғау: Қазір маған анам ұрсады. Сөмкемде сенің нең бар?

Шөжек: Саққұлақ сен неге өзіңнен кішкентайларға тиісесің?

Шөжек: Біз, мысалы, бүгін таңертең тұрып, еңбек еттік, жұртты ояттық, ал сен болсаң, біреудің тамағына, сөмкесіне жабысып, таласып жүрсің. Әне, Көжек сабақты білмегені үшін екі алыпты.

Саққұлақ: Сенің таңатпай жұртты оятқаның еңбек пе?

Шөжек: Иә, сен сияқты бірді жыққанша, білімді болып, еңбек етіп, мыңды жыққан жақсы.

Ақтөс: Иә, Шөжек дұрыс айтады. Сен тәртібіңді жөндеуің керек, әйтпесе, сенімен ешкім дос болмайды. Міне, қазір бәріміз Тауықтың үйіне түскі асқа барамыз, ал сен қалай бармақсың?

Көжек: Иә, сен бұзақы мінезіңмен бізге жақындама.

Ақтөс: Сен қазір бәрінен кешірім сұра.

Саққұлақ: Мен ойнап тиістім ғой.

Шөжек: Ойнап тиіскенің сондай болса, сонда шындап тиіскенің қандай болмақ?

Саққұлақ: Кешіріңдерші мені, Шөжек, Көжек, Марғау, мен енді сендерді ешқашан ренжітпеймін.

Шөжек: Не істейміз, кешіреміз бе?

Марғау: Кешіріп, бәріміз дос болайық!

Шөжек: Жарайды, онда бәріміз адал дос болайық!

Көжек: Не жетеді нағыз досқа, асылға,

Қуансаң да, қайғырсаң да қасында.

Ұйықтамасаң ұйықтамайды ол-дағы

Қуанады сен қуансаң болғаны.

Шөжек: Ендеше, достығымыздың құрметіне ән шырқайық.

Бәрі: Шырқасақ, шырқайық.

*(Осы кезде И.Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз» әні орындалады.
Бәрі бірге би билейді.)*

Саққұлақ: Теңдесі жоқ, бір ғажайып,
Шіркін жасап, бір қалайық.

Тағы да бір шырқатайық,

Шөжек: Жоқ, би билеп дулатайық!

Бәрі: Дулатайық, дулатайық!

ИТ ПЕН МЫСЫҚ АДАМҒА ҚАЛАЙ ҮЙРЕНДІ?

Қатысқандар:

Шал

Кемпір

Мысық

Ит

Автор: Баяғы заманда бір кемпір мен шал болыпты. Балалары жоқ екен. Шал егін егіп, жинаған астығын қамбаға тығып қояды да, үнемдеп, шетінен базарға алып барып сатып, шай-тұзын айырады екен. Бір күні шал қамбадағы астығынан алып, базарға апарып сатпақ болады. Қамбаның есігін ашып қалса, тышқандардың өріп жүргенін көреді. Бірде-бір дәні бүтін астық қалмапты. Тышқандар жегенін жеп, жемегенін ортасынан қақ бөліп, шаша беріпті. Мұның зардабынан кемпір мен шал қатты қайғырады.

Шал: Кемпір-ау, қамбадағы бар астықты тышқан жеп қойыпты.

Кемпір: Осы астықпен күн көруші едік, енді қайтеміз?

*(Сол кезде бұлардың тұсынан өтіп бара жатқан мысық мұның естіп,
қастарына келеді.)*

Мысық: Неге сонша қайғырып тұрсындар?

Шал: Қайғырмай қайтейік? Алаяқ тышқандар қамбадағы астығымызды талан-таражға салыпты. Соның жазасың беретін біреу табылар ма екен бұл дүниеден?

Мысық: Сол айтқаныңды мен орындаймын. Қане, көрсетші, сұмырай ұры тышқандарды!

Шал: Ендеше, бері жүр.

(Шал мысыққа қамбаның есігін ашып береді.

Мысық құжынаған тышқандарды көреді.)

Мысық: Енді, есікті жауып қой да, кете бер.

(Үй-үйдің арасын шарлап, аштықтан ішегі шұрылдап, қарны қабысып жүрген мысық қалың тышқанмен айқаса кетеді. Әп-сәтте бес-алтауын ұстап, қылғып салады да, тойынып алады. Үйсіз-күйсіз айдалада қаңғып жүруші еді, енді су өтіп, жаңбыр тимейтін қамбада тұратын болады. Сөйтіп, біраз уақыттан кейін тышқандар бұл маңнан біржолата безіп, жоламай кетіпті. Соның салдарынан тамағы азая бастаған мысық кемпір мен шалға келіп былай дейді.)

Мысық: Қане, тағы қандай жұмыстарың бар?

(Кемпір мысықтың жылтылдаған жүнін сипалап, еркелетеді.

Тышқаннан құтылғандарына қуанады).

Шал: Не қалайсың, қане айт, тілегіңді орындауға әзірмін.

Мысық: Мен көп нәрсе сұрамаймын. Менің жалғыз-ақ тілегім бар. Тек үйлеріңнің бір бұрышынан орын берсеңдер болғаны.

(Кемпір мен шал мысықтың қалауын қабыл алып, үйлеріне кіргізеді. Мысыққа үй ішінде не істесе де ерік берінті. Қайда жатам десе де тыйым салмапты. Үшеуі тату-тәтті бірге тұратын болыпты. Мысыққа кемпір күніне бір тостаған сүт береді. Сүтке тойып алған мысық жылы үйде пырылдап ұйықтап жатады. Тамақ іздеп, ешқайда қаңғырмайды. Бір күні түн ішінде шалдың қорасына қасқыр түсіп, бір-екі қойын жеп, басқасын жаралап кетеді. Мұны көріп шал қатты қамығады.)

Шал: Осы қойдың сүтін қорек етуші едік. Енді, қалай күн көреміз? Бұл зұлымдардың зауалын беретін біреу табыла ма?

(Сол кезде мысық шалдың қасына келеді де, құйрығын бұлғаңдатып, еркелей сөйлейді.)

Мысық: Бар ондай батыр. Мен соны іздеп тауып, ертіп келейін.

(Мысық жалпақ даланы шарлап, итті іздейді. Бір кезде жер тіміскелеп, сүмеңдеп жүрген итті көреді. Қасына барады.)

Мысық: Мен сені іздеп келдім. Саған бір ақыл айтайын. Бүйтіп көрінген інді қазып, сүмеңдей тіміскеленіп жүргенше, адамның қорасын күзетсең, қарның тоқ болады. Жылы, жайлы жерде тұрасың.

(Аштықтан бұралып жүрген ит айтқанына көнеді.)

Ит: Баста, ендеше, сол адамның қорасына.

Мысық: Ал, кеттік онда.

(Шалдың үйіне келген соң, кемпір итке тамақ береді. Қарны тойған ит қораның аузына барып, күзетке тұрады. Түнімен көз ілмейді. Түн қараңғылығы сейіліп, бозарып таң атқан кезде бір қасқыр қой қораға ентелеп жетіп келеді. Аңдып жатқан ит шап беріп, алқымынан ала түседі. Қасқыр өлдім-талдым дегенде зорға құтылып, қаша жөнеледі. Иттің ерлігін көрген кемпір мен шал мәз болады.)

Шал: Сен де бір ер жүрек екенсің!

Кемпір: Кел, енді мен сені тамаққа тойдырайын.

Шал: Есік алдына саған үлкен үйшік салып беремін.

(Итті тамаққа тойдырады. Есік алдына үйшік салып береді.)

Автор: Сөйтіп, кемпір мен шал, мысық, ит – төртеуі біріне-бірі көмектесіп, қамсыз тұра береді. Мысық пен ит адам баласының қолына ең алғаш осылайша үйреніпті.

БАТПАН ҚҰЙРЫҚ

Қатысқандар:

Түлкі

Қасқыр

(Қарны ашқан қасқыр тамақ іздеп, арсалаңдап келе жатады. Сол кезде түлкі жолығады.)

Түлкі: Қасеке, жолың болсын! Қайда жортып барасың?

Қасқыр: Түкем, қарным ашты. Тамақ іздеп барамын.

Түлкі: Қасеке-ай, менің де қарным ашып келе жатыр еді, өзің кездестің, жолым болады екен. Бірге іздейік.

Қасқыр: Ал, түке, ендеше баста.

(Қасқыр мен түлкі жорта жөнелді. Бір мезгілде төңкеріліп жатқан қойдың тегендей құйрығына тап болады. Қуанғаннан қасқырдың екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап кетеді. Оң-оңай табыла қалған тамаққа таңырқап, түлкіден сұрайды.)

Қасқыр: Түке, түке, бұл неғылған батпан құйрық, тегіннен тегін айдалада жатқан құйрық?!

Түлкі: Апырмай, Қасеке-ай, бір алаңғасар базарға барған шығар. Арзан бағаға алған шығар. Қанжығасына бос байлап, содан түсіп қалған шығар.

Қасқыр: Әй, Түке, сонда да мен осыныңнан қауіптеніп тұрмын.

Түлкі: Қасеке, сен қауіптеніп, қорқатын болсаң, мен-ақ жей салайын.

(Түлкі құйрыққа ұмтылады.)

Қасқыр: Тоқта, тоқта!

(Қасқыр арс ете қалады. Түлкі жалт беріп, құйрығын бұлғаңдатып, шоңқиып отыра кетеді. Ашқарақ қасқыр былқылдақ құйрыққа ауызды салып кеп жібереді.)

Түлкі: Қасеке, мені де ескерсейші! Олжаға ортақ емеспіз бе?

(Түлкі өтірік мүләйімсиді. Қасқыр оған ала көзімен ажсырая қарап, тісін ақситады.)

Қасқыр: Был-жыр-рра-ма...

(Қойдың тегендей құйрығын төрт-ақ асап, толғап-толғап, қылғи салады. Қарны тойып, қарық болған қасқыр аузын кере қарыс ашып, ыңыранып, бір керіліп алады да, жорта жөнеледі. Түлкі іші біліп, миығынан күліп, қасқырдың соңынан келе жатты.)

Түлкі: Апырай, Қасеке-ай, әлгі май құйрықтан тым болмаса бір асым дәм де татырмадыңыз-ау, ә?

Қасқыр: Түке-ау, мұрныңа майдың иісі барғаны да жетпей ме!

(Қомағай көкжал қарқ-қарқ күлді. Біраздан кейін қасқырдың көзі алақтап, тілі салақтап, жанын қоярға жер таппай, дөңбекшиді де қалады.)

Түлкі: Е-е... құйрық жейтін батырмысың, жан бергелі жатырмысың?!

(Түлкі қу сықылақтай кеп күледі.)

Қасқыр: Емің бар ма, Түлкіжан-ау... Түкешім, аясаңшы ағанды. *(деуге қасқырдың тілі әрең келіпті.)*

(У барған ішке су барса, тез өлтіретінін түлкі білді.)

Түлкі: Удың емі су болады, қасеке. Су ішсең, жаның қалады, сәтін салса.

(Қасқыр бар қалған күшін жинап, суды тілімен жалап-жалап алады да, қалпақтай ұшып түседі.)

Түлкі: Міне, саған батпан құйрық, айдалада тегіннен-тегін жатқан құйрық!

(Түлкі содан өз жөнімен кете барады.)

Тапсырмалар:

1. Қуыршақ театрына қажетті жабдықтарды дайындау;
2. Әрқайсысы өз кейіпкерінің іс-әрекетін анықтап, сол образды сомдау;
3. Ертегінің сюжетіне байланысты әуендерді таңдай білу;
4. Әр кейіпкерге жеке талдау жасау.

ЕСКЕРТУ: Қуыршақтар ашық түсті әрі эстетикалық талапқа сай болуы шарт.

1.3. САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ



ТУҒАН КҮН

Қатысушылар:

Сайқымазақ

Қоян

Көжек

Аю

Қасқыр

Айдаһар

Түлкі

Тауық

Сайқымазақ: Сәлем, балалар! Көңіл-күйлерің қалай?

(Өз қимылдарымен балаларды күлдіреді.)

Балалар: Жақсы!

Сайқымазақ: Балалар, сендер ертегі көргілерің келе ме?

Балалар: Иә.

Сайқымазақ: Ол үшін біз ақылды бала болып, ертегіні тыныш отырып көруіміз керек. Келістік пе? Ақылды бала боламыз ба?

Балалар: Иә.

Сайқымазақ: Ендеше, бастадық!

(Сайқымазақ кетеді, ортаға қоянның анасы келеді)

Қоян: Ойбуй, бүгін көжегімнің туған күні еді, өзі қайда жүр екен? Көжегім-ау, көжегім, қайдасың сен?

(Анасы үстелге тәтті тағамдар әзірлеп жүреді, бір кезде секіріп ортаға көжегі шығады.)

Көжек: Анашым, не боп қалды? Мені неге шақырдыңыз?

Анасы: Көжегім, туған күніңмен! Бүгін сенің туған күнің емес пе? Әлде ұмытып кеттің бе? Сен достарыңды шақырдың ба?

Көжек: Анашым, көп рахмет! Мен ұмытқам жоқ. Достарымның бәрін шақырдым! Ешкімді ұмытқам жоқ!

Анасы: Ендеше, Көжегім, мен барып саған тәтті тағамдар әзірлейін, сен достарыңды қарсы ал! *(Анасы ас әзірлеуге кетеді.)*

Көжек: Мен кімді ұмытып кетуім мүмкін...*(ойланып)*. Аюды шақырдым, түлкіні шақырдым, қасқырды шақырдым, кім қалып қойды екен? *(Ойланып тұрғанда, есік қағылады, ақырын музыка ырғағымен ортаға аю келеді.)*

Көжек: Балалар, бұл кім келе жатқан?

Балалар: Аю.

Аю: Сәлем, Көжек!

Көжек: Сәлем, Аю!

Аю: Туған күніңмен, Көжек!

Көжек: Рақмет!

Аю: Мынау менің саған әкелген сыйлығым! Бір шелекте құлпынай, бір шелекте бал, бірақ, саған беруге қимай тұрғаным... жарайды, берейін, бүгін сенің туған күнің емес пе? Мынау саған... *(Аю өз сыйлығын ұсынады.)*

Көжек: Көп рахмет саған, аю! *(сыйлықтарын үстелге қояды)*. Кел, төрге шық! Қазір қалған достарым да келіп қалар.

Аю: О-о-о, неткен дастарқан!

Көжек: Аю, астан алып отыр! *(Есік қағылды, ортаға музыка ырғағымен аш сұр қасқыр келеді.)*

Көжек: Балалар, бұл кім келе жатқан?

Балалар: Қасқыр!

Қасқыр: Сәлем, Көжек! Туған күніңмен!

Көжек: Сәлем, Қасқыр. Қош келдің. Кел, төрге шық!

Қасқыр: Мынау менің саған әкелген аздаған сыйлығым! Қабыл ал!

Көжек: Рақмет, қасқыр! *(сыйлықты алып, үстелге қояды)*. Кел, төрге шық. Аю да келді. Қазір қалған достарым да келеді.

Қасқыр: Жарайды! Аю, сәлем! Қалың қалай?

Аю: Сәлем, қасқыр! Қалың қалай? *(Олар өз араларында сөйлеседі)*

Көжек: Достарым, астан алып отырындар! *(Ортаға Айдаһар кіреді.)*

Көжек: Балалар, мынау кім?

Балалар: Бұл – Айдаһар!

Айдаһар: Сәлем, достар! Мен адасып кеттім. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Балалар: Иә, әрине!

Аю: Достарым, мынау не істеп жүр? Қоян, сен оны шақырдың ба?

Айдаһар: Достар, маған көмектесіңдерші? Мен адасып кеттім. Анамнан айырылып қалдым! Ал, мұнда қандай мереке болып жатыр?

Аю: Бүгін – көжектің туған күні.

Қасқыр: Сені көжек туған күніне шақырмады ма?

Көжек: Жоқ, достар, мен Айдаһарды шақыруды ұмытып кетіппін. Мүмкін, қазір кешірім сұрап, шақырып көрейін.

Қасқыр: Иә, көжек, дастарқанға шақырайық. *(Айдаһар үстелге жақындайды.)*

Көжек: Айдаһар, кел төрге шық.

Айдаһар: Көжек! Мен бүгін сенің туған күнің деп естідім, бірақ, менің саған арнаған сыйлығым да жоқ, мен шақырылмаған қонақпын...

Көжек: Оқасы жоқ, Айдаһар! Сенің маған сыйлығың керек емес, керісінше, мен қатты қуанып тұрмын, менің енді тағы бір досым бар! Қандай тамаша! Кел, төрге шық! Біз сенің анадан тауып береміз. Отыр, менің достарыммен таныс. *(Осылай у-шу болып жатқанда ортаға Сайқымазақ ренжіп келеді.)*

Сайқымазақ: Балалар, мен Көжек және оның достарына қатты ренжідім! Олар мені туған күнге шақырған жоқ. Мен енді олармен дос емеспін! Енді, мен сендермен дос боламын. Менімен дос боласындар ма?

Балалар: Иә, әрине, боламыз!

Көжек: Ойбай, достар, біз Сайқымазақты туған күнге шақырамыз деп мүлдем ұмытып кетіппіз қой! Енді не істейміз? Сайқымазақ, кел, бізбен бірге отыр.

Сайқымазақ: Жоқ, мен енді сендермен дос емеспін, ойнамаймын да! Балалармен ойнаймын, көрдіңдер ме, менің қанша достарым бар екенін?! *(қолымен балаларды көрсетеді.)*

Аңдар: Енді не істейміз? *(абыр-сабыр болады)*

Сайқымазақ: Ендеше, балалар, сендермен бір ойын ойнап жіберейік! Ойынның аты – «**Ақ сандық – көк сандық**». Бәріміз шартын білеміз ғой. *(Ортаға екі бала келеді, ойын ойналады, бір-екі рет қайталанады.)* Көрдіңдер ме менің достарым қандай екенін?!

Қоян: Сайқымазақ, мені кешіріші. Мен енді олай жасамаймын. Кел, біздің ортаға. Балалар, бізді кешіресіңдер ме?

Сайқымазақ: Балалар, оларды кешіреміз бе?

Балалар: Иә, иә, иә!!!

Сайқымазақ: Ендеше, балалар, мен олармен бірге туған күн кешіне барайын. *(Сайқымазақ үстелге отырады, бір кезде бәрі шай ішіп отырғанда бір айқай естіледі. КУ-КА-РЕ-КУ!)*

Аңдар: Балалар, бұл ненің даусы болды екен?

Балалар: Бұл – Тауықтың дауысы! (Сол кезде ортаға қу түлкі келеді. Қолында құшақтаған тауығы бар).

Көжек: Ой, бұл кім болды екен? Ааа, бұл сен бе, түлкі? Қош келдің!

Түлкі: Сәлеметсіңдер ме, достарым! Сәлем, Қоян! Туған күніңмен, Қоян!

Көжек: Рақмет, түлкі.

Түлкі: Жарайды *(деп әндетіп былай дейді)*

Туған күніңмен, Көжек!

Туған күніңмен, Көжек!

Туған күніңмен, Көжек!

Көжек: Балалар, осындай ән бола ма? Маған ұнамады. Сендерге ше?

Балалар: Жооқ!

Көжек: Достарым, осындай ән бола ма?

Андар: Иә, бізге де ұнамады.

Көжек: Ендеше, сен бізге бір би билеп бер! Солай ма, балалар?

Балалар: Иә, солай жасасын!

(Көңілді бір музыка ойналады, түлкі би билейді.)

Түлкі: Достар, келіңдерші, оданда бәріміз билейікші! *(Аңдар бәрішығып, бірге көңілді музыкаға билейді. Бір кезде аю құлап түседі.)*

Аю: Достар, мен шаршадым. Біраз демалайықшы.

Андар: Жарайды, демалайық!

(Осы кезде көжектің анасы ас әкеледі.)

Анасы: Қош келдіңдер, балалар! Астан алып отырыңдар! *(Шай құйып береді.)*

Көжек: Достар, астан алып отырыңдар!

Түлкі: Осылай отыра береміз бе? Одан да ойын ойнамаймыз ба? *(қуланып)*

Аю: Тағы да не ойлағаның бар?

Түлкі: Ештеңе, жай ойнайық дегенім ғой.

Көжек: Ал, қандай ойын ойнайық! Ойыныңның аты бар ма өзі?

Түлкі: Ойын «**Кім жылдам?**» деп аталады.

(Ойын ойналып болған соң, бәрі үстелге отырады.)

Түлкі: Ойбуй, менің үйге кетуім керек. Тауық, сен кетпейсің бе?

Тауық: Жоооқ! Мен сенімен кетпеймін! Ку-ка-ре-ку!

Аю: Тиме тауыққа, ол менімен барады! *(ашуланып)*

Түлкі: Жарайды. Қасқыр, сен жүрмейсің бе?

Қасқыр: Сен қай жаққа барасың? Орманның ар жағындағы өзен жағасына барсаң, менде сонда барамын!

Түлкі: Иә, иә, мен сонда барамын. Кеттік ендеше, рақмет. Бәрі де өте дәмді болды.

(Түлкі мен қасқыр кетіп қалады.)

Көжек: Сау болыңдар, достарым!

Аю: Жүр, тауық, мен сені үйіңе апарып, анаңмен қауыштырайын. Тағы келерміз. Сау бол!

Көжек: Жарайды, сау болыңдар. Келгендеріңе көп рақмет!

(Сайқымазақ пен айдаһар кетеді.)

Анасы: Жарайды, көжегім. Енді, үйді жинастырайық.

Көжек: Анашым, мен біраз ойнап келейінші. Сосын жинаймын.

(Қоян допты алып жүгіріп шығып кетеді.)

Анасы: Әй, көжегім-ай! Жарайды, ойна. Тек алысқа кетпе.

(Анасы ыдыстарды жинап алады, көңілді музыка ойналады ортаға Сайқымазақ келеді.)

Сайқымазақ: Сонымен, балалар, ертегіміз ұнады ма?

Балалар: Ұнады.

Сайқымазақ: Ендеше, ертегіміз осымен аяқталды. Тыныш отырып, тыңдағандарыңызға көп рақмет! Ендеше, ертегі кейіпкерлерін ортаға шақырайық!

(Осы кезде балалар шапалақтайды, ортаға көңілді музыкамен кейіпкерлер шығады. Балалармен бірге бәрі билейді.)

ПАТШАНЫҢ ҮШ ҚЫЗЫ

Қатысқандар:

Патша

Әйелі

Үлкен қызы

Ортаншы қызы

Кіші қызы

Кісі

Бала

Аю

Автор: Бұрынғы өткен заманда бір патша болыпты. Оның үш қызы, әйелі болған екен. Патша қалаға кетпек болып, үш қызынан сұрапты:

Патша: Қыздарым, не алып келейін қаладан базарлыққа?

Үлкен қызы: Әке, маған маржан алып келші.

Патша (ортаншы қызынан): Қызым, саған не алып келейін.

Ортаншы қызы: Маған бір алтын жүзік алып келіңізші.

Патша ең кіші қызынан сұрапты: Қызым, саған не алып келейін?

Кіші қызы: Әке, маған бір жаңғақтың бұтағын алып келсеңіз жақсы болар еді.

(Патша арбасын қостырып, қалаға жүріп кетті. Қалаға барып, бір қанша жерге түсіп тұрса, бір кісі маржан алып, кетіп барады екен. Сол кісіні тоқтатып)

Патша: Әй, кісі, маржаныңды қаншадан сатасың?

Кісі: Әрқайсысын бес сомнан сатып жүрмін.

(Бес сомды беріп, маржанды қалтасына салып жатқанда, бір кісі алтын жүзік сатып жүр екен.)

Патша: Ей, балам, қаншаға сатасың?

Бала: Алты сом.

(Ақшасын беріп, жүзікті алып, арбасына мініп кетеді. Кетіп бара жатып бір бауды көріп, ең кіші қызының тілегін орындамақшы болады. Арбасынан түсіп, бауға кірсе, бау-бақша жайқалып тұр екен. Жаңғақтар да көп екен. Жаңғағына қараса, ерекше жарқырап тұр. Патша жақынырақ келіп, оның алтын жаңғақ екенін көреді.)

Патша таң қалып: Менің кіші қызым ақылды екен ғой.

(Жаңғақты сындырып алып, кетіп бара жатқанда, бір аю шығып былай дейді.)

Аю: Патша, менің бауымдағы жаңғақты неге аласыз?

Патша: Кенже қызым сұрап еді.

Аю: Мейлі, алып бар, бірақ, қызыңды үш күннен кейін алып кел.

Патша қорқып: Не үшін алып келемін?

Аю: Мен сенімен әзілдеспеймін, алып кел, болмаса өзім барып алып келемін.

Патша: Мақұл.

(Қыздарына алған нәрселерін таратып беріп, өзі қапа болып жүріпті.)

Әйелі: Неге қапа боласың?

(Патша аюдың айтқан сөзінің бәрін әйеліне айтып береді.)

Әйелі: Қой, қапа болма, қызым үшін өзім барамын.

(Қызы ата-анасының сөзін естіп қалып)

Қызы: Апа, сен барма, мен өзім барамын, бұл пәленің бәрі менен болған екен.

(Аюдың берген үш күні де өтіп кеткен екен. Сол кезде патша үйіне аю келеді.)

Аю: Кәне, қызың маған беретін...

Патша: Мынау...

Аю: Онда қызыңды киіндір. Уәдеңде тұр.

(Қыз киініп, үй-ішімен қоштасып, аюмен бірге арбаға мініп кетеді. Аю қызды алып бауға келеді.)

Аю: Кәне, түс. Менің соңымнан жүр.

(Сөйтіп, бір жердің астына түседі. Қыз артынан еріп жүреді. Бір есікті ашса, қап-қараңғы екен. Екінші есікті ашса, жап-жарық алтын сарай, жаңағы аю әдемі жігіт болып кетіпті.)

Жігіт қызға: Сен маған тұрмысқа шығасың ба?

(Қыз жаңағы аюдың әдемі жігіт болғанына таң-тамаша болып қарап қарады.)

Қыз: Жарайды, келісемін.

Автор: Жігіт қызға үйленіп, той қылып, қыздың әке-шешесін шақырады. Әкесі мен шешесі мәз болып қуанады. Сөйтіп, ұлан-асыр той жасады. Екеуі бақытты да баянды өмір сүріпті.

ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН

Қатысушылар:

Тышқан

Жын

Қоян

Арыстан

Түлкі

Аю

Қасқыр

Жылан
Ит
Маймыл

Тышқан: Ти-ти бұл не? А, бұл құмыра ғой. Естіген аңыздарым бойынша құмыраны ысқылағанда ішінен сиқырлы Джин шығады (ысқылайды). Джин қайда сонда? Өтірік болғаны ма? Жарайды онсыз да жұмыстарым көп.

Жын: (музыка) Мені кім оятты? Сендер ме, балалар? Не үшін ояттыңдар? Маған айтатын тілектерің барма? Әрине, балаларға керемет ертегіден басқа не керек болуы мүмкін. Қанекей, дайындалыңдар. Ақалай-мақалай, суф-суф.

(Қоян билеп шығады. Дабыл қағылады.)

Қоян: Ой-ой, бұндай дыбыс тек аң патшасы арыстан жиналыс ашқанда беріледі. Бұл не жиын болды екен? Тездетіп жиналыңдар.. Ехехехей, жиналыңдар!

Арыстан: Жиналыңдар, жиналыңдар!

(Аңдар жиналады. Тез музыка ойналады.)

Түлкі: *(кешігіп келеді)*. Бұл не жиын, бұл не той?

Аю: Қайда жүрсің? Сені күтіп тұрғанымызға көп болды.

Қасқыр: Барлықтарың жиналдығыңдар ма?

Жылан: Ыс-ыс-ыс-ыс, шынымен неге жиналып қалдық?

Арыстан: Тынышталыңдар. Сонау Африка елінен бізге маймыл қонаққа келе жатыр.

Тышқан: Ол қандай жануар? Мен оның атын бұрын естімеппін.

Түлкі: Көбің білмейсіңдер. Ал, мен олар жайлы көп естігенмін. Естуім бойынша олар бананмен қоректенеді.

Арыстан: Тыныш. Босқа сөз таластырғанша қонағымызды қалай қарсы аламыз, соны шешелік. Кімнің қандай ойы бар?

Қоян: Онда тұрған не қиындық бар ән айтып, би билейік.

Аю: Ал, мен өзімнің ең сүйікті балдан дәм тартамын.

Арыстан: Ендеше, барып дайындалыңдар.

Иіскеленіп ит келеді: *(өлең жолымен өзін таныстырады)* Мұнда бір бөтен иіс бар. Достарым, біздің орманға бөтен жануар келген секілді.

Арыстан: Иіс сезгіш досым-ау. Бұл – біздің қонағымыз маймыл. Ол сонау Африка елінен келе жатыр. Ол бізді таба алмай жүрген шығар, ал саған оны табу қиын емес. Бір көмегің болсын, бізге оны тауып ертіп алып кел.

Ит: Жарайды.

Түлкі: Біз дайынбыз, тек қонақ кешігіп жатыр.

(Музыка ойналады, маймыл билеп шығады)

Ит: Сәлем беріп сіздерге, маймыл келді бұл жерге.

Маймыл: Сәлем, достар! Сәлем, арыстан досым! Сендерге жеткенше ит мені орманмен таныстырды. Ормандарың керемет екен. Біздің орманға ұқсамайды.

Арыстан: Біздің орманмен танысыпсың, енді мұнда тұратын аңдармен де таныс.

(Аңдар өздерін таныстырады.)

Маймыл: Мен – маймылмын. Сонау Африка елінен келдім. Мен ағаштардан ағаштарға секіріп ойнаймын. Банан жегенді ұнатамын.

(Аңдарға банан береді)

Арыстан: Не тұрыс? Көптен күткен досымыз да келіп қалды. Ойын-сауық басталсын. Қане, маймыл досым, бізбен бірге көңіл көтер.

(«Ойыншықтар» әні орындалады.)

Ит: Тағы да ән салайық!

Аңдар: Салайық, салайық!

Түлкі: Бүгінгі күн бір ғажайып, тағы да бір шырқатайық!

Қоян: Жо-жо-жоқ, би билетіп дулатайық!

(Аңдар көңілді әуенмен би билейді.)

Маймыл: Сендер қонақжай екенсіңдер, маған қатты ұнап қалдыңдар. Аң патшасы арыстан ойын-сауық ұйымдастырғанына рақмет! Енді, мен кетейін.

Арыстан: Барлығымыз сені шығарып салайық.

(Барлық аңдар көңілді әуенмен шығарып салады.)

ТҰРСЫНХАННЫҢ ҮШ ҰЛЫ

Автор: Баяғы заманда Тұрсынхан деген кісінің үш баласы бар екен. Үшеуі де өнерпаз, шешендігімен «Тұрсынханның үш шешені» атаныпты. Тұрсынханның есігінің алдында екпе бәйтерегі бар екен. Сол бәйтеректің ішін ойып, ат басындай алтын тығып қояды. Оны өзінен басқа ешкім білмейді. Тұрсынхан өлер алдында балаларын шақырып алып:

Тұрсынхан: Балаларым, енді мен өлемін, сендерге айтатыным, есік алдындағы бәйтеректің түбіне ат басындай алтын тықтым. Сол алтынды қашан қолдарыңнан мал кеткенде, әбден ішерге тамақ, киерге киім, мінерге ат таба алмағандарыңда, бір қолдарың екеу болып көрінгенде алып, күндерінді көріндер!

Автор: Тұрсынхан жүз бір жасында қайтыс болыпты. Үш баласы бәйтеректің түбіндегі алтынды күнде қарап, бағып жүреді. Бір күні бәйтеректі келіп қараса, алтын жоқ. Біреу ұрлап кетіпті. Үшеуі кім алғанын білмейді. Әрі ойлап, бері ойлап, еліндегі ханға жүгініске барады үшеуі.

Ол хан сондай тапқыр, ақылды екен. Егер өзі білмесе, жұрттан асқан сұлу қызы сөз тауып, талай адамдарды даудан құтқарған екен. Ағайынды жігіттер ханға барып отырады. Сол уақытта үлкені екі інісіне сыбырлап:

Тұрсынханның үлкен ұлы: Бұл хан осы жердің бұрынғы ханын өлтіріп, орнына өзі хан болған екен. Жеті атасынан хан емес екен.

Тұрсынханның ортаншы ұлы: Апыр-ай, оны қайдан білдің?

Тұрсынханның үлкен ұлы: Білдім, жаңа біз сәлем бергенде, басын төмен салып, төмен қарап тұрып алды, атақты хан болса, жоғары қарап алар еді. Онысы өзіне жаман көрінеді. Сондықтан, сәлемді төмен қарап алды.

Автор: Хан үшеуіне ас бергізеді. Оны жеп болған соң, біраз отырып ағасы былай дейді:

Тұрсынханның үлкен ұлы: Осы ханның бізге берген палауында бір иіс бар, сірә, өлген адамның топырағына еккен зат па, жоқ болмаса, өлген адамның еті ме?

Тұрсынханның кіші ұлы: Ханның бізге берген еті иттің еті екен, бағана ет жегенде, иттің иісі шығып тұрды.

Автор: Бұл үшеуінің сөзін ханның құлы естиді.

Ханның құлы: Ойбай, қонақтарың осындай сөздер айтып отыр.

Автор: Хан ол сөздерді ести сала шешесін, күріш егушіні, қойшыны – үшеуін шақырады.

Хан: Мыналар мені жеті атасынан хан емес дейді, сол рас па?

Ханның шешесі: Ол рас еді. Сенің әкең Ораз деген кісі еді. Ол жақсы, батыр адам еді. Бір жылдары осы елдің ханына өштесіп жүреді де, көп жолаушы бара жатқанында жолда өлтіріп, орнына өзі хан болып, артынан оның орнына сен болғансың.

Күріш егуші: Ол күрішті анау тұрған көп бейітті айналдыра жыртып едік, моладағы адам сүйегінің шашылып жатқандары бар еді. Олардың айтқаны рас болса болар.

Қойшы: Ана жылдар қойлар арамза қоздап, енесі сүт бермеді, қозы өлетін болды, сонда қозыға ит емізіп едік.

Автор: Сол жерде хан не айтарын білмей сасып, қызына барады. Барысымен болған оқиғалардың бәрін айтады.

Ханның қызы: Әке, саспа, ол адамдарды маған жібер!

Автор: Содан кейін үшеуін хан қызының сарайына алып барады. Қыз қонақтарды күтеді.

Қыз: Әңгіме айтыңыздар!

Тұрсынханның үш ұлы: Сіз айтыңыз!

Қыз: Мен айтсам, айтайын. «Баяғыда бір ханның қызы бар еді, өзі асқан данышпан адам еді. Оны бір күні байдың баласы алады. Әлгі қыз бір күні сейілге шығады, қасында нөкерлері бар. Сейілде жүріп, бір кезде жеміс егісіне келеді. Танысып, ағаш аралап жүріп, қыз таңдаған жемісін алғызып жеп жүреді. Бір жерге келіп, қыз бағбанға:

– Ана бір жемісіңізді беріңіз, – дейді.

– Менің сұрағанымды берсең, әперейін, – дейді жемісші.

– Жарайды, айт сұрағаныңды, – дейді қыз.

– Әкең сені бір байдың ұлына берген еді, сол енді келеді. Ол келетін күннен бір күн бұрын маған келіп жолығып кетсең болады, – дейді жемісші.

– Жарайды, – деп, қыз жемісті алып кетеді.

Сол күні кешке жақын күйеу қалыңдық көруге келеді. Жеңгелері қызды күйеуге апарды. Қыз күйеуінің жанына барып отыра беріп:

– Ойбай! – деп, жамбасын бір салады.

Оған күйеу: Оның қалай, неменеге өкіндің, жамбасыңды ұрғаның не? – деп сұрайды.

Қыз: Бір жерге бір адам осы күні кел! – деп еді, мен соған бара алмай ұмытып кетіппін. Сол жаңа есіме түсіп отырғаны, сізден рұқсат болса, барамын да келемін, – депті.

Е, ондай болса, «уағдаға опа» деген барып кел! – деп, күйеу қалыңдығын жіберген екен. Қыз кетіп бара жатқанда, жолда үш ұры ұстап алады. Қыз барлық сырын айтқан соң, ұрылар да еш нәрсесіне тимей қызды қоя береді. Қыз сол бетімен жемісшіге барады. Жемісші келгеніне разы болып: Жарайды, рақмет сізге, еш қиянат қылмаймын. Үйіңізге барыңыз. Сізге кел деген себебім, күйеуіңізді сынайын деп едім, – деп қызды қоя береді.

– Міне, әңгіме айт десеңіздер, осылардың қайсысы жомарт, табыңыздар.

Автор: Үшеуі ойланып отырады.

Тұрсынханның үлкен ұлы: Бұның күйеуі – жомарт. Өзі қалыңдығына келіп отырып, менің біреуде жұмысым бар еді дегеніне жіберіп отырған күйеуінен жомарт ешкім жоқ.

Тұрсынханның ортаншы ұлы: Жоқ, олай емес, жеміс егуші – жомарт. Оның жемісі өзінің алдындағы малы, қыздың әпер дегенін әперіп, өзі «кел» дейді. Барған соң ешбір қастық істемей, қайта жіберді емес пе?!

Тұрсынханның кіші ұлы: Олай емес, ұрылар – жомарт. Олар ұрлықпен күн көріп жүріп, қыз жалынды деп, қоя жіберді ғой.

Автор: Сонда қыз орнынан тұрып келіп, ең кішісінің білегінен ұстап:

Қыз: Ұры ұрының сөзін қуаттайды, алтынды ұрлаған сен екенсің, тап!

Автор: Кішісі алтынды алғанын мойнына алып, қыз алтынды тапқызып, үшеуіне бірдей қақ бөліп берген екен.

Тапсырмалар:

1. Дайын ертегіні сахналау әрі дауыс ырғағымен жұмыс жасау;
2. Өз кейіпкерінің сыртқы бейнесін ашу және образын сомдау;
3. Сюжетіне өз ойларын қосу және түрлі әуендер мен дыбыстарды пайдалану;
4. Ертегінің тәлім-тәрбиесін ашу.

ЕСКЕРТУ: Әр кейіпкер өз образына сай киіну керек.

2-МОДУЛЬ. МУЛЬТИМЕДИА АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР

Әртүрлі тақырыптарға негізделген мультимедиалық жұмыстар – нормалы дауыс ырғағын сақтайтын, образға шынайы ене алатын, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыратын басты құрал. Мұндай жұмыстар жеке тұлғаның ішкі сырына, көңіл-күйіне, психологиясына терең үңіліп, жан сарайына енуіне жол ашады. Сонымен қатар, рухтандырады, шабыт сезіміне бөлейді, студенттің индивидтен тұлғалық деңгейге өсу, жетілу, қалыптасу кезеңіне зор көмекші болады.

2.1. ЕРТЕГІ МЕН АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

1. Ақ қаз
2. Кішкентай бақташы
3. Айша
4. Мади Батыр
5. Алдар Көсе
6. Толағай
7. Алып піл
8. Сиқырлы тас
9. Алтын сақа
10. Отырарды қорғау

МУЛЬТХИКАЯ

1. Үш аю
2. Аю мен қояндар
3. Достар қаласы
4. Қазақстан барысы
5. Болашақ тобы № 1
6. Болашақ тобы № 2
7. Білгіштер
8. Ғажайыпстанға саяхат № 1
9. Ғажайыпстанға саяхат № 2
10. Әли мен Айя

I. Мультимедиа арқылы дайындалған ертегілермен, мультхикаялармен жұмыс (топшамен)

Тапсырмалар:

1. Мультхикаяның қажетті сюжетін қиып алу, бір кейіпкерден бөліп алу. Ұзақтығы – 15-20 минут;
2. Кейіпкердің сөзін дәл сол күйінде жаттап алу (сол образдың даусын салғанда ауыз қимылына ілесу қажет екендігін басты назарда ұстаған жөн);
3. Мультхикаядағы әуендерді сол қалпында қалдыра отырып, әртүрлі дыбыстарды салу.

II. Мультимедиа арқылы дайындалған ертегілермен, мультхикаялармен жұмыс (жүппен)

- Тапсырмалар:** 1. 10-12 минут көлемінде мультхикая дайындау. 4-5 кейіпкер болуы керек;
2. Кейіпкердің сөзін дәл сол күйінде жаттап алу (сол образдың даусын салғанда ауыз қимылына ілесу қажет екендігін басты назарда ұстаған жөн);
 3. Мультхикаядағы әуендерді сол қалпында қалдыра отырып, әртүрлі дыбыстарды салу;
 4. Әр кейіпкерді өзіне тән дауыс ырғағы арқылы сөйлету.

III. Мультимедиа арқылы дайындалған ертегілермен, мультхикаялармен жұмыс (жеке)

Тапсырмалар:

1. 5-7 минут көлемінде мультхикая дайындау. 2-3 кейіпкер болуы керек. Барлық кейіпкерді бір студент қана сомдайды;
2. Кейіпкердің сөзін дәл сол күйінде жаттап алу (сол образдың даусын салғанда ауыз қимылына ілесу қажет екендігін басты назарда ұстаған жөн);
3. Мультхикаядағы әуендерді сол қалпында қалдыра отырып, әртүрлі дыбыстарды салу;
4. Әр кейіпкерді өзіне тән дауыс ырғағы арқылы сөйлету.

2.2. ШАҒЫН ӘҢГІМЕЛЕР СӘКЕН ЖҮНІСОВТІҢ «САҚАУ БӘТЕҢКЕ» ӘҢГІМЕСІ

Бөтен үйдің босағасына жаңа жеткен су жаңа бәтеңке жан-жағына тосырқай қарады. Өңшең ұсқынсыз, ескі-құсқы аяқ киімдер табалдырықтан төр үйге қарай шашылып жатыр. Табаны сөгіліп, тістері ырсиып салпы ауыз етік, бір жақ жамбасына қисайған құныс бәтеңке, қонышы бүктетіліп мыжырайған пима.

Қалай болса солай үйме-жүйме боп жатқан мұндай аяқ киімдерді бұрын көрмеген жаңа бәтеңке таң қалды.

Бір кезде оның тап алдында тұрған беті салтақ-салтақ, қисық өкше бір бәтеңке сөйлеп қоя берді.

– Әй, сен қайдан келдің, кімнің бәтеңкесісің?

– Мен бе? – деді жаңа бәтеңкенің бір сыңары, мен Болаттың бәтеңкесімін, көрші ауылдан келдім. Ал өзің ше?

– Мен, мен осы үйдегі Шолақ деген баланікімін, – деді бетін тыржитып. Ал, шыққан жерім – Алматы аяқ киім фабрикасы.

– Онда жерлес болдық қой, – деді жаңа бәтеңке.

– Жерлес қана емес, екеуміз де бір күнде фабрикадан шыққанбыз, құрдаспыз.

– Қойыңыз, – деді жаңа бәтеңке енді сыпайы сөзге көшіп.

– Сіз, әлпетіңізге қарағанда, менен кемінде екі-үш жас үлкен шығарсыз.

– Е-е, бауырым-ай, мазақтайсың ғой, – деді көне бәтеңке ренжіп, менің жер басып жүргеніме екі-ақ ай.

– Маған да солай.

– Сол екі айдың ішінде мен тартқан азапты көрсең, жаныңнан түңілер едің.

– О не азап соншама? – деді жаңа бәтеңке шын таңырқап.

– Егер тындасаң, айтайын, бәрібір қайда асығып барасың. Біздің Шолақ келген баланы, қашан үйдің астан-кестенін шығарып ойнамай жібермейді, – деді де күрсініп, бастан кешкен оқиғасын баяндай бастады: «Мені дүкеннен сатып әкелісімен, қолды-аяққа тұрмай осы үйдің ерке-шолжаңы Шолақ киіп алды да далаға шықты. Шығысымен, көршінің өзі секілді балаларына

айғайлап шақырып: «Міне, көрдіңдер ме. Көкем сатып әперді. Мұндай бәтеңке сендерде бар ма?!» – деп мақтанды. Балалар да оны құптады.

– Өзі құйып қойғандай шақ екен.

– Қандай әдемі?!

– Әй, өзі айнадай жарқырайды, бетіне сәуле түседі, – десіп жатыр.

Мен де күн сәулесіне шағылысып жымыңдап қоямын. Бірақ, қуанышым ұзаққа бармады.

– Өзінің былғарысы жақсы екен. Бұған су да өтпейтін шығар, – деп еді бір бала. «Әрине, өтпейді», – деді Шолақ, жүгірген бойы жолға жиналған жаңбыр қағына перді де кетті. Қойны-қонышым суға толып, қоймалжың батпақ көзіме тығылып, тұншығып бара жатырмен, Шолақтың кәперіне түк кірмейді.

– Су түгілі, дым білінген жоқ, – деп, қақты кешіп шалпылдатып жүр.

– Ой, бауырым-ай, сол күннен былай табаным сыздан, көзім балшықтан бір арылып көрген емес. Бір күні балалармен үйдің қасында ойнап жүрген Шолақ мені шешіп алды да, бұзау байлайтын қазықтың басына іліп қойды. Күздің бір жазға бергісіз шуақты күні. Ғұмыры күннің жүзін көрмеген ұлтаныма жылу тиген соң, тұла бойым бусанып, маужырап, қалғи бастап еді. Әлдебір нәрсе тап өкше тұсымнан зу етіп өте шықты. Көзімді сығырайтып аша бергенімше болған жоқ, оң жақ езуімнен бір нәрсе сарт ете түсті. Қазықтың басын шыр айналып, қонышыма зорға ілініп тұрып қалдым. Көзім қарауытып кетті. Одан арғысын шала-шарпы білемін, жұдырықтай-жұдырықтай тас тұмсығыма, табаныма, көзіме сарт-сұрт тиіп жатыр.

Сөйтсем, мені кептіруге ілмей, қарауыл қып атуға қойған екен. Қайтейн, өне бойымды тасқа жыртқызып, қаралап, қисайта-мисайта қонышымды басып қайта киіп алды. Шиқ-шиқ етіп, мұңымды шағып кете бардым.

Шолақ кейінгі кезде өгіздің тоқпан жілігінің басын тауып алды. Күнде мектепке жеткенше, одан үйге келгенше, әлгі жіліктің басын тепкілейді келіп. Тұмсығымнан тұмсық қалмады. Әуелі ақ жем болып жұқарып еді, енді тесілуге айналды. Е-е, айта берсем, көрген қорлық толып жатыр. Осындай тепкінің астында жүріп, қалай тозбассың. Екі ай маған екі жылдай болды ғой, – деп, көне бәтеңке көзінің жасын сығып-сығып алды. Жаңа бәтеңке аяп кетті.

– Осынша азапқа салғанда, тым құрыса, бір мезгіл кремдеп те қоймай ма? – деді қалай жұбатырын білмей.

– Бауырым, түсіне алмай қалдым. Крем дедің бе, ол не зат?

– Крем деген – май. Оны жақса, денең жадырап, өңің кіріп қалады, тез тозбауға жақсы.

– Ойбай! Бауырым, қайтейн-ай! Ондай майыңды жақпақ түгілі, тұмсығымызға бір иіскетпей қойды ғой.

Жаңа бәтеңке одан әрі ештеңе дей алмай, көне бәтеңкенің сыңарын іздей бастады.

– Әлгі сыңарың қайда кеткен, сыңарың?...

– Қайда кетті дейсің ол байғұс. Жатқан шығар осында,- деп, көне бәтеңке шашылып жатқан аяқ киімдерге қарады. Е, эне, жатыр ғой қисайып. Үйге келгенде ол екеуіміздің басымыз қосылып көрген емес. Шолақ босағадан өте бере, бауымызды да шешпестен екі жаққа лақтырады. Содан қашан қайтып келгенше, бір-бірімізді көру жоқ.

Жаңа бәтеңке оған жылы шырай білдіріп:

– Әй, аман ба, бауырым, – деп еді, ол үндеген жоқ.

Көне бәтеңке:

– Е, ғаріптің күні менен төмен, қайтесін, оны кінәлама, сақау ол, – деді.

– Сақауы қалай, оған не болды?

– Тілі жоқ, – деді көне бәтеңке.

– Тілі қайда кеткен?

– Анада әлгі Шолағымыз таспен ататын рогатке ме, немене сол рогаткеге былғары таба алмай, оның тілін суырып алып, соған салды.

Жаңа бәтеңкенің тұла бойы тітіркеніп кетті. Бір жағынан Шолақ сияқты ұқыпсыз, салақ баланың қолына түспегеніне қуанып, билей жөнелгісі де келді.

Тапсырмалар:

1. Әңгіме сюжетін мультимедиа арқылы дайындап, нақышына келтіріп оқу;
2. Кейіпкердің сөзін дәл сол күйінде жаттап алу;
3. Әртүрлі әуендер енгізу;
4. Өзіне тән дауыс ырғағы арқылы сөйлету.

2.3. СЮЖЕТІН ОЙДАН ҚҰРАСТЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН ЕРТЕГІЛЕР МЕН МУЛЬТФИКЦИЯЛАР

«АЛТЫН САҚА» ЕРТЕГІ ЕЛІНЕ САЯХАТ

Ғани: Сендердің сақаларыңа қорғасын құйылған. Менің сақам нашар болғандықтан ұтылып қалдым.

Фархат: Алшы, иә, менің сақама ешқандай асық шақ келмейді. Ал, сенің сақаң алтын болса да ұта алмайсың.

Ғани: Ұтам, егер менде шынымен де алтын сақа болса ғой, шіркін!

Арай: Балалар, таласпаңдар. Мен дәл қазір «Алтын сақа» ертегісін оқып отырмын. Ол өте қызықты екен.

Болат: Мәселе тек сақада емес, сен дәл көздеп ата алмайсың, міне былай. Мен қазір барып алып келейін.

Ғани: Болат, шықсаңшы енді ойнамай. Болат, сен ертегі еліне бара алмайсың ғой!

Арай: Ау... Болат...

Фархат: Мен қазір...

Ғани: Енді, Фархат та жоқ, екеуі әдейі шықпай тығылып отыр.

Арай: Болат, Фархат, біз үйге қайтамыз.

Ғани: Е... кеттік не болса да бірге көрерміз. Біз өзі қайдан шықтық?

Арай: Білмеймін, бәйтерек те жоқ, қарға да жоқ.

Фархат: Ештеңе де жоқ.

Ғани: Енді не істейміз? Болат, не болды саған?

Болат: Сақам осы жерде жоғалып қалды, таппай отырмын.

Ғани: Анда қараңдар, бір әжей талдың түбін кетпенмен қазып жатыр.

Фархат: Жүріңдер, көмектесейік, сол кісіден жөн сұрармыз.

Арай: Тоқтаңдар, біз «Алтын сақа» ертегісіне тап болған сияқтымыз. Ал, ана әжей деп тұрған жалмауыз кемпір болуы керек. Ол тісін кетпен етіп бәйтеректің түбін қазады. Анау – соның дәл өзі.

Фархат: Ал, не үшін қазып жатыр? Түбінде қазына бар ма?

Арай: Жоқ, талдың басында бала отырған болуы керек. Алтын сақаның иесі.

Ғани: Онда кеттік, кемпірге емес балаға көмектесейік. Мүмкін кейін алтын сақасын маған сыйға тартар.

Болат: Жоқ, ол сақа менікі болады. Себебі, менің сақам жоғалды. Біз осында сол сақа үшін келдік.

Арай: Балалар, таласпай тұра тұрыңдаршы. Біз бұл жерден өзіміз қалай аман шығатынымызды ойлайық.

Ғани: Мен таптым, қане, бері келіңдер.

Жалмауыз кемпір: Әй, жалмауыз, жаным-ай, шыда енді, біраз қазсаң, мына бәйтерек құлайды. Әй бала, саған көмекке келеді деп әуре болма! Сенің қарлығашың келмейтін болыпты. Оны Айдаһар құйрығымен қосып жұтып қойыпты.

Бала: Қалайша келмейді, қарлығаш менің төбеттеріме сәлем айтып барады емес пе?! Ал, төбеттерім сені талап тастайды. Ал, мен мұрат-мақсатыма жетемін.

Жалмауыз кемпір: Сен әлі ештеңе білмейді екенсің, бала. Қазір ертегі елінде көп өзгерістер болып жатыр ғой. Сенің төбеттеріңе ешкім хабар бермейді. Енді мен мақсатыма жетемін. Сені жеп...

Фархат: Амансыз ба, апатай!

Жалмауыз кемпір: Кім? Кім апатай? Мен бе апатай? Мен? Ааа, иә... иә апатаймын, балақай. Сен қайдан тап болдың мұнда? Жалғыз өзің жүрсің бе?

Фархат: Иә, апатай, аң аулап жүріп адасып кеттім. Содан сізді көріп жол сұрайын деп едім.

Бала: Әй, бала, қаш ол жерден, ол сені жеп қояды.

Жалмауыз кемпір: Сен оны тыңдама, балақай, ол – бұзық бала. Менің сақамды ұрлап алып, тал басына шығып кеткенін қара. Әй, түс қане, қайтар менің алтын сақамды. Әйтпесе...

Бала: Әйтпесе не? Жеп қоясың ба? Жалмауыз.

Жалмауыз кемпір: Айттым ғой, тәртіпсіз бұзық бала деп. Қазір көрсетемін мен саған.

Фархат: Апатай, әкеліңіз кетпеніңізді. Мен сізге көмектесейін.

Жалмауыз кемпір: Қажеті жоқ, айналайын. Жаңа ғана екі түлкі алдап кеткен.

Фархат: Екі түлкі? Олар қайда кетті екен? Оларды менің төбеттерім іздеп жүр ғой.

Жалмауыз кемпір: Қай? Қайдағы төбет?

Фархат: Менің қасқыр алатын төрт төбетімді айтамын. Олар анау бұтаның түбінде көлеңкеде жатыр. Шақырсам, жетіп келеді. Бөрібасар, Арлан.

Жалмауыз кемпір: Ойбай, қоя тұр иттеріңді шақырмай, мені қауып алар.

Бала: Мен оларды көріп тұрмын. Сұмдық дәу иттер ғой мыналар. Менің төбеттерім бұлардың қасында жай күшіктер сияқты қой.

Жалмауыз кемпір: Айналайын аңшы бала, мен ол түлкілердің қайда кеткенін айтайын. Бірақ, сен иттеріңді шақырмай қоя тұр. Мен ана қырдың басына жетіп алайын. Содан соң шақыра қой, жарай ма?

Фархат: Ал, ана бұзық бала ше?

Жалмауыз кемпір: Біз әлі сенімен кездесеміз. Ертегі әлі біткен жоқ.

Фархат: Түсе бер енді, балақай. Ал, танысып қояйық,, менің атым – Фархат. Ал, мынау – менің достарым Болат, Ғани, Арай.

Бала: Мен бұзық бала емеспін. Ал, ертегіде есімім айтылмайды жай ғана бала дейді.

Арай: Сен бұзық бала емессің, қызық бала екенсің. Біз сені Сақабай десек қарсы емессің бе?

Бала: Десеңдер дей қойыңдар, мен сендерге алғысымды білдіріп, үйіме қонаққа шақырсам деймін. Әкем де қуанып қалар еді.

Болат: Біз де әлі уақыт бар. Барсақ, барайық. Қарным да ашып кетті.

Әкесі: Жарайсыңдар, балалар! Жалмауызды алдап менің баламды аман алып қалыпсыңдар. Сендерге айтар алғысым шексіз. Енді не тілектерің бар, айта отырыңдар.

Болат: Мен сақамды жоғалтып алған едім. Содан соң бізді күн батқанша тесік тасқа жеткізіп салсаңыздар.

Әкесі: Мен, әрине, баламның алтын сақасын бере алмаймын. Бірақ, мына сақаларды сендерге сыйға тартайын.

Ғани: Енді, мен ешкімнен ұтылмаймын.

Әкесі: Ал, қызым, саған мына сақинаны сыйға тартайын. Бұл – ғажайып сақина. Бастарыңа қауіп төнгенде сендерді қиыншылықтан құтқарады. Ол үшін сақинаны сәл ғана оңға бұрсаң болғаны. Сақинаның көмегін бір-ақ рет пайдалана аласыңдар.

Арай: Рақмет Сізге. Сіз бұл сақинаны неге өз балаңызға бермегенсіз, сонда жалмауыздан оңай құтылар еді.

Бала: Әкем бұл сақинаны бергенде мен алмағанмын. Себебі, ол қыздардың сақинасы ғой.

Әкесі: Иә, бұл сақина болмаса, біздің ертегіміз қызықсыз болар еді. Солай емес пе?!

Бала: Әке, рұқсат етсеңіз, балаларды тесік тасқа мен жеткізіп салайын.

Әкесі: Бара ғой, балам. Ал, балалар, қош сау болып тұрыңдар!

Балалар: Сау болыңыз! Сау болыңыз!

Бала: Мен енді қайтайын, кешіксем, әкем уайымдап қалар.

Ғани: Алтын сақанды көруге бола ма?

Бала: Әрине, міне, көре ғой.

Ғани: Керемет! Рақмет саған, Сақабай!

Бала: Көріскенше күн жақсы болсын!

Арай: Жүріңдер тезірек, күн батуға таяп қалды.

Бала: Сау болыңдар, достар.

БОЛАШАҚ ТОБЫ

1-қыз: Ля-ля-ля, бүгін қандай керемет күн!

2-қыз: Сәлем, Арай!

1-қыз: Сәлем! Не істеп отырсың?

2-қыз: Мен мына жерде ұлу қарап отырмын. Қарашы, өзі сондай сүйкімді, арқасында көтерген үйі де бар екен.

1-ұл: Сәлем, қыздар, не істеп отырсыңдар?

1-қыз: Сәлем, Әли. Біз ұлу қарап отырмыз. Өзі сондай әдемі.

2-қыз: Иә, қызық. Үстінде көтерген үйі де бар екен. Қарашы?

2-ұл: Бұған неге таң қалып отырсыңдар? Біздің де өзіміздің үйіміз бар ғой.

1-ұл: Иә, «өз үйім, өлең төсегім» деген бар.

2-қыз: Иә, маған да қызық. Неге үйін көтеріп жүреді екен?

1-қыз: Балалар, балалар, бізге дабыл соғылды. Жүріңдер, тез көріп қайтайық.

Өзге ғаламшарлық: Сәлем, достар!

Балалар: Сәлем!

Өзге ғаламшарлық: Сендерге тапсырма бар, кім соны орындайды?

1-ұл: Бұл мұражай ғой. Мен мұнда болғанмын.

Өзге ғаламшарлық: Иә, бұл жерде сиқырлы тас жасырылған. Сол тасты табу керек.

1-қыз: Мен барайыншы? Мен бұл тапсырманы орындағым келіп тұр.

2-ұл: Иә, иә, сен бар! Біз саған көмектесеміз.

Өзге ғаламшарлық: Сенің қасыңда досың Марс болады. Жолдарың болсын!

1-қыз: Балалар, біз белгіленген орынға келіп қойдық.

2-ұл: О-о-о, бұлар барып қойыпты.

2-қыз: Қасында Марс та бар.

Өзге ғаламшарлық: Сендерге тапсырма. Киіз үй неден жасалған? Жауабын айтыңдар.

2-қыз: Киіз үй неден жасалған болуы мүмкін. Мүмкін, ол бетоннан жасалған болу керек.

1-ұл: Жоқ, ол бетоннан жасалмайды. Бетон өте ауыр, бізге тез жиналып, тез құралатын зат керек.

2-қыз: Иә, мүмкін ол кірпіштен жасалған шығар. Қалай ойлайсыңдар?

2-ұл: Жоқ, ол кірпіштен жасалмайды. Кірпіш жеңіл болса да, жиналуы қиын.

1-қыз: Мүмкін, ол киізден жасалған шығар. Иә, иә ол тез құрылады, әрі тез жиналады,

2-ұл: Дұрыс айтасың. Киізден жасалуы әбден мүмкін.

1-қыз: Жауап дұрыс, балалар!

Өзге ғаламшарлық: Жауаптарың қабылданды. Киіз үй киізден жасалған. Киіз қыста суықтан, жазда жаңбырдан және ыстықтан қорғайды. Дұрыс.

1-ұл: Бәрекелді!

1-қыз: Балалар, бірінші тас табылды. Бірақ, біреу ғана.

Өзге ғаламшарлық: Себебі, келесі тағы тапсырмалар бар. Тапсырма орындауларың керек.

1-қыз: Кеттік, Марс. *(ән айтады)*

Өзге ғаламшарлық: Бәрекелді, келесі тапсырма.

1-ұл: Қандай тапсырма?

Өзге ғаламшарлық: Киіз үйге жарық қалай және қай жерден түседі. Сол жерді атап беріңдер?

1-қыз: Қайдан түсуі мүмкін, балалар? Кәне, бірге ойланайық.

1-ұл: Ой, ол терезеден түседі ғой.

2-қыз: Мен атам үйінде болғанмын, терезеден түспейді.

2-ұл: О, онда ол балконнан түседі.

1-ұл: Жоқ, балконнан түсуі мүмкін емес. Балкон болмайды ғой.

1-қыз: Иә, ендеше мен...

Өзге ғаламшарлық: Иә, сендерге жеңілдік берейін онда. Киіз үйге жарық төбесінен түседі.

1-қыз: Иә, ол шаңырақ қой.

2-ұл: Балалар, дұрыс, жарық шаңырақтан түседі.

Өзге ғаламшарлық: Иә, жауаптарың қабылданды. Елтаңбаның ортасында да шаңырақ бар.

1-қыз: Балалар, мен екінші сиқырлы тасты алдым, бәрекелді балалар! Жүр, Марс!

(ән айтады)

Өзге ғаламшарлық: Ең соңғы тапсырма қалды. Киіз үйдің ортасында не орналасуы мүмкін?

1-қыз: Не орналасуы мүмкін, балалар? Кәне, ойланайық!

2-ұл: Оның ортасында баспалдақ орналасады.

1-ұл: Жоқ, ол бір қабатты ғой.

2-қыз: Балалар, ол бір ғана киіз үй ғой.

1-ұл: Оның ортасында ошақ орналасуы мүмкін ғой, балалар, ойланайық!

2-қыз: Балалар, мен атамнан сұрап көрейін. Бәрін біледі.

Ата: Сәлем, балақайлар!

2-қыз: Сәлем, ата!

1-ұл: Сәлеметсіз бе!

2-қыз: Киіз үйдің ортасында не орналасуы мүмкін?

Ата: Киіз үйдің ортасында не орналасқанын мен сендерге айтып берейін. Оның ортасында ошақ орналасқан. Ол ас әзірлеуге және үйді жылытуға көмектеседі.

2-қыз: Рақмет, ата!

Өзге ғаламшарлық: Жауап қабылданды! Міне, сендерге сиқырлы тастың үшінші бөлшегі.

1-қыз: Алақай, біз тапсырманы дұрыс орындадық!

ДОСТЫҚ

Торай: Шынымен де оқымайсың ба? Одан да оқып жүрсеңші?

Аю: Қойшы сен де оқу, оқу демей, қарыным ашып тұрғанда. О... ара... менде шелекте бар, жақсы болды. Бері келші, менің бір ойым бар.

Торай: Сен не істемекшісің?

Аю: Мен тұрғанда еш қорықпа, мен қарын тойдыратын бар әдісті қолданамын. Маған сенесің бе?

Торай: Әрине, әрине, тамақ дейсің бе?

Аю: Дайын бол! Ой...мен әдейі істемедім.

Торай: Ой, не істедің? Түсірші мені тез!

Аю: Қазір, қазір мен саған көмектесемін. Ой... алыстап кеттің. Ой, не істесем екен? Ойлан, ойлан. А, иә, есіме түсті, қазір мен сені құтқарам, досым!

Торай: Иә, болшы тез!

Аю: Бұл жіңішкеме ме не? Не болса да көрейін. Айттым ғой саған көмектесем деп! Ой, қаштық.

Қоян: Керемет көлік, әрине, бұны мен жасадым ғой. Ой, не болып кетті. Алшы мынаны, неге басыңа киіп алғансың? Қойшы өз орнына. Жүріңдер, жүріңдер, мектепке барасындар. Міне, бұл – біздің мектепке баратын жол.

Аю: Өтінемін, жіберіңізші.

Торай: Тыныш, саған оқу керек, оқысаң ғана жақсы қонжық боласың.

Аю: Ой, ...оқу десе қарным ашады «тамақ» ... дегенде бәрі жақсы болады. Солай ғой қарным...Ой.. сен бұны көрдің бе?

Кенгуру: Ол нені?

Аю: А, жоқ, ештеңені...

Қоян: Оқы, оқы және де оқыңдар, солай ғой, үкі аға?

Кішкентай кенгуру: Анашым, менің де оқығым келеді.

Кенгуру: Әрине, оқысың, тек олардан үйренбе!

Торай: Жүр, жүр. Аю, оқуға барайық. Кеттік, бәріміз оқимыз!

Аю: Неге оқу, оқу, оқу... Неге бәрі мені тастап кете барды? Ой... дұрыстап бір түс те көре алмадым-ау. О... бал, бұл маған арналған. А... бұл неге қараңғы болып кетті. Ал, керек болса.

Қоян: Аю, аю!

Кенгуру: Ана жақтың бәрін іздеп келдім, жоқ.

Үкі: Болды, қойыңдар, оқымайтын бала оқымайды...

Бәрі: Ойбай...

Қоян: Бұл не дыбыс... Біттік...

Доңыз: О, жоқ. Менің осылай өлгім келмейді...

Қоян: Неге қорқамыз осындай ақылды ағамыз тұрғанда.

Үкі: Ақылдан не пайда осындай мейірімді анамыз тұрғанда.

Кенгуру: Жо-жо-жоқ, мен бара алмаймын, балаға кім қарайды?

Кішкентай кенгуру: Бәлкім, мен барармын.

Доңыз: Болсаңдаршы тез, өлеміз бе осылай?

Қоян: Қане, ақылдасайық. Бұл не?

Аю: Әй, достарым, маған көмектесіңдерші.

Торай: Әй, сенсің бе? Сен мұнда не істеп жүрсің?

Аю: Келе жатып, балды көріп қарным ашып кетті.

Кенгуру: Ой, байғұс бала-ай.

Кішкентай кенгуру: Бәлкім, оны бұл жерден шығарармыз.

Есек: Ой, ой, ой жол берсеңдерші. Қоян, олай істеме деймін, бекершілік.

Қоян: Не болып кетті? Айттым ғой сендерге мұқият болыңдар деп! Үстінде қалып, бізді құтқаратын жанның түрін қара!

Торай: Ой, ой, мен қорқам... мен сендермен бірге болам.

Қоян: Жо-жоқ, олай істеме! Сен бізді құтқару керексің!

Торай: Не?

Қоян: Ал, енді ойлан.

Торай: Нені? А... қазір мен ана жаққа барып келейін.

Қоян: Егер шықсаң сен, сөзсіз оқуға баратын шығарсың, иә?

Торай: Міне, таптым.

Аю: Сен менің гүлді жақсы көретінімді білдің бе?

Торай: Әрине, достым.

Қоян: Әй, мынау не істеп тұр, бізді шығару үшін ұзын нәрсе керек, ұзын!

Торай: А, жарайды, кешір, күте тұрыңдар. О... міне...

Қоян: Құдайым-ау! Осындай уақытта кітап оқы деп тұрсың ба бізге?

Торай: Иә, оқып, оқып шығатын әдісті өздерің тауып аларсыңдар.

Аю: Маған бұл кітапты оқы деп тұр-ау...

Қоян: О, жоқ, аю барлық сөздерді өзіңе тигізе бермеші.

Торай: Ал, мына жіпке қалай қарайсыңдар?

Үкі: Міне, керемет! Жарайсың, құтқардың бізді.

Аю: Жақсы болды, мен мектепке барамын.

Тапсырмалар:

1. Сюжетін ойдан құрастырып, мультимедиа арқылы материалдарды дайындап, нақышына келтіріп оқуы тиіс.

2. 6-8 минут көлемінде мультхикая дайындау. 2-3 кейіпкер болуы керек. Барлық кейіпкерді бір студент қана сомдайды;

3. Кейіпкерлердің сөзін түбегейлі өзгертіп айту, образдың даусын салғанда ауыз қимылына ілесуді баса назарда аударған жөн;

4. Мультхикаядағы әуендерді сол қалпында қалдырып, әртүрлі дыбыстарды салу қажет;

5. Әр кейіпкерді өзіне тән дауыс ырғағы арқылы сөйлету керек.

2.4. СЮЖЕТТІ СУРЕТПЕН ЖҰМЫС

Сюжетті суреттермен жұмыс жасау сөйлеу техникасын қалыптастырып, рухани құндылықты арттыра түседі. Сюжетті суреттерге жан бітіру арқылы жүргізілетін практикалық жұмыс түрлерінің маңыздылығы зор. Сюжетті суреттің көлемі теледидар көлеміндей болуы шарт және мәнерлеп сөйлеу тәсілдерін толық сақтауы қажет. Сол суретке ойдан әңгіме құрастыру керек. Бұл шығармашылық жұмыстың басты талабы – сюжетті сурет арқылы көрерменіне теледидар көріп отырғандай күй кештіру. Осы арқылы сөйлеу мәдениеті, сөз саптауы, логикасы да жақсы дамиды.

Тапсырмалар:

1. Теледидар формасындағы сюжетті суреттер әкелу. Суреттегі кейіпкер саны 3-4-тен аспау керек;

2. Сурет желісі бойынша әңгіме құрау;

3. Әңгіменің тәрбиелік маңыздылығына баса назар аудару;

4. Әрбір образға ат қойып, оны балаларға таныстырып, талапқа сай сомдау;

5. Әр кейіпкерді сөйлету арқылы суретке жан бітіру;
6. Қосымша дыбыс, әуендер пайдалану;
7. Басты мақсат – балаларды теледидар көріп отырғандай сезіндіру.

ТАБИҒАТ АЯСЫНДА



АЛТЫН КҮЗ



ДУКЕНДЕ



МЕКТЕПТЕ



ӘЗ НАУРЫЗ



ДОСТЫҚ



ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану заманында әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру – кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті – ұстаздардың қолында. Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру ұстаздардың біліміне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Осыған орай, оқулықтар мен оқу құралдарын жаңарту мәселесі туындап отыр.

Осы мақсатта «Мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту» атты оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 кәсіптік модулінің «13) Балалар әдебиетін меңгеру, бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем шығармаларды мәнерлеп оқу тәсілдерін қолдану» оқыту нәтижесінің төмендегі бағалау критерийлеріне сәйкес әзірленді:

- 1) Бастауыш сынып бағдарламасы бойынша көркем шығармаларды мәнерлеп оқу;
- 2) Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу материалдарын таңдау және сұрыптау;
- 3) Түрлі жанрдағы шығармаларды мәнерлеп оқудың техникасын қолдану;
- 4) Халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша сахналық қойылымды ұйымдастыру;
- 5) Шағын мәтіндерді мәнерлеп оқу тәсілдерін қолдану;
- 6) Әдебиеттік оқу сабақтарында көркем шығармалардың оқу мәдениеті мен оқу-тәрбие негіздерін қалыптастыру;
- 7) Балалар әдебиетінің жанрлық негіздерін анықтау;
- 8) Оқу материалына сәйкес шығарма авторының шығармашылық ғұмырнамасын, шығарма мазмұнын, тақырыбын, идеясын, көркемдік ерекшеліктерін ашу.

Теориялық білім негізі кез келген оқу құралының негізгі ақпараттық мәліметін құрайды. Сол себепті оқу құралының алғашқы бөлімінде мәнерлеп оқудың теориясы мен техникасын меңгерте отырып, әртүрлі жанрдағы шығармаларды нақышына келтіріп оқуды жаттықтыруға арналған теориялық білімнің толық ақпараты қамтылған.

Мәнерлеп оқуға жаттықтыру үшін теориялық біліммен қатар түрлі кешенді жаттығулар мен тілдік, еріндік жаттығулар жиынтығы берілген. Сонымен қатар, ер балалар мен қыз балалардың тыныс мүшелерінің кейбір ерекшеліктеріне байланысты жаттығулар бөлектеніп әрі ерекшеленіп қарастырылған. Бұл жаттығу жұмыстары – мәнерлеп оқу дағдыларын дамытатын негізгі құрал болып табылады.

Мәнерлеп оқуға даярлық кезеңде жаңылтпаштың да рөлі зор. Жаңылтпаш кез келген жанрды оқығанда тілінің жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, тілдің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауға

мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге, дыбыстарды анық айтуға, есте сақтау қабілетін арттыруға зор үлесін қосады. Осыған орай, оқу құралында қазақ және ағылшын тілдеріндегі жаңылтпаштардың топтамасы берілген.

Жаңартылған білім беру мазмұны мектеп оқушыларын заман талабына сай жеке тұлға ретінде қалыптастыратыны сөзсіз. Сондықтан, қазіргі таңда жалпы білім беретін мектеп оқулықтары модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленуде. Осыған орай, оқу құралының 2-бөлімінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес «Әдебиеттік оқу» кітабы бойынша түрлі жанрдағы шығармалар арқылы мәнерлеп оқу қабілетін дамытуға арналған әртүрлі практикалық жұмыстар енгізілген.

Материалдық және рухани құндылықтар жасау арқылы жеке тұлғаның бойына шығармашылық қабілетін дамыту әрбір ұстаздың басты міндеті болып саналады. Осыған орай, аталған оқу құралының 3-бөлімінде мәнерлеп оқуға машықтандыру арқылы шығармашылық тұлға қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылған.

Ақпараттандыру заманында мультимедиалық жұмыстар басты рөл атқарады. Сол себепті, бұл оқу құралына мультимедиа арқылы ұйымдастырылатын шығармашылық жұмыстардың түрлері де енгізілген.

Қытай философының «Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс-әрекетке қатыстырсаң үйренемін» деген даналығы білім алушының білімге ықыласын аттыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді практикада жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді.

Сондықтан, бүгін білім берудің сапалы болуы үшін, біріншіден, ұстаздың жан-жақты академиялық білімінің болуы, екіншіден, мұғалімнің өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігі мен шығармашылық қабілеті, балаға деген кіршіксіз адамгершілік қасиеттері болуы шарт.

Сапалы білім негізі – жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен ұтымды технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру. Бұл – оқушының рухани байлығын дамытатын шығармашылықпен шындалған білім.

Оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған, сондай-ақ, осы бағыт бойынша мамандар даярлайтын педагогикалық қызметкерлерге және көркем туындыларды мәнерлеп оқуға қызығушылық танытатын оқырмандарға да пайдалы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұрмағанбетова А. Сөз құдіреті. – Алматы, 1971.
2. Найденов Б. Выразительное чтение. – М., 1972.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973.
4. Дмитриев Е. Выразительное чтение. – М., 1975.
5. Горбушина Л. Выразительное чтение и рассказывание. – М., 1975.
6. Нұрмағанбетова А. Мәнерлеп оқу мәселелері. – Алматы, 1976.
7. Коллектив авторов. Методика выразительного чтения. – М., 1977.
8. Өлімбаев М., Баянбаев Қ. Балалар поэзиясының антологиясы. – Алматы, 1977.
9. Нұрмағанбетова А. Қазақ тіліндегі сөйлемдердің оқыту мәселесі. – Алматы, 1979.
10. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1979.
11. Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу. – Алматы, 1982.
12. Исабаев А. Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері. – Алматы, 1982.
13. Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу мен әңгімелеуге арналған методикалық нұсқау. – Алматы, 1983.
14. Желдербаева С. Мәнерлеп оқу. – Алматы, 1992.
15. Диваев Ә.Тарту. – Алматы, 1992.
16. Қазақ ертегілері. – Алматы, 2009.
17. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000.
18. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
19. Тұранқұлова Д. Сахна тілі. – Алматы, 2011.
20. Баянбаев Қ. 100 жаңылтпаш-өлең – Астана, 2017.
21. Қабатай Б. Әдебиеттік оқу / 2-сынып, 1-бөлім/ – Алматы: Атамұра, 2017.
22. Қабатай Б. Әдебиеттік оқу / 2-сынып, 2-бөлім/ – Алматы: Атамұра, 2017.
23. Қабатай Б., Зейнетоллина Ү., Қалиева В. Әдебиеттік оқу / 3-сынып, 1-бөлім/ – Алматы: Атамұра, 2018.
24. Қабатай Б., Зейнетоллина Ү., Қалиева В. Әдебиеттік оқу / 3-сынып, 2-бөлім/ – Алматы: Атамұра, 2018.
25. homeenglish.ru сайты
26. bilim – all.kz сайты

АХАТ Н.А., СЕРКЕШБАЕВА Г.Н.,
БЕЙСЕМБИНА А.Е., КАЗБЕКОВА Н.С.

МӨНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Басуға 10.12.2018 ж. қол қойылды
Пішімі 60*84 1/8
Цифрлық баспа
Шартты басп.т. 18,7. Таралымы 32 экз.

«Профи Полиграф» компаниясында басылған